

Жұмажан НҰРТАЙҰЛЫ

ҚАРАШОРДЫҢ КӨСЕМІ



Жұмажан НҰРТАЙҰЛЫ

**ҚАРАШОРДЫҢ
КӨСЕМІ**


Қызыл Ақпарат
Алматы
2009

ББК 84 Қаз 7-5
Н 12

НҮРТАЙҮЛЫ Ж.
Н 12 ҚАРАШОРДЫҢ КӨСЕМІ. Әпсана-аңыз
кітабы. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – 163 бет.

ISBN 9965-458-94-20

«Қарашордың көсемі» атты бұл шағын жинаққа хан Абылайдың алғашқы батырларының бірі, көріпкел әулие, дуалы ауыз би, ел арасында Бната атанған Қарашор елінің көсемі Сеңкібай би Оразғұлұлы (1709-1786) туралы аңыздар мен ісі Қарашор елінің марқасқалары туралы жинақталған әпсана-аңыздар енгізілді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ББК 84 Қаз 7-5

Н $\frac{4505520201}{425 (05) 09}$

ISBN 9965-458-94-20

© «ҚазАқпарат», 2009

Текіден текті туады,
Тектілік тұқым қуады.
Тегі бекзат болғандар,
Өмірдің мәнін ұғады.
Тұғырында ғұмырдың,
Үнемі биік тұрады.

Тәуелсіздік таңы атып, қазақ елі өз алдына қайта шаңырақ көтеріп, ел еңсесін көтергелі де біраз жыл болды. Өлген тірілді, өшкен жанды деген осы емес пе. Ұмыт бола бастаған салт-дәстүріміз қайта жаңғырып, жаңаша өң алып, түрлене өзгеріп, халқына қайта оралды. Бір кездері сайын даланы билеген бабалардың аттары аталып, келешек ұрпаққа жету үшін игі істер жасалып жатыр.

Ұмыт бола бастаған, ел санасында қалған аңыз-әпсаналар қағаз бетіне көшіп, бабалардың мазарлары жаңғырып, аттары атала бастады. Тәуелсіздік таңы атты, бірақ әлі күні шыққан жоқ.

Кейінгі жиырмамыншы ғасыр қазақ халқына үлкен ауыртпашылықтар әкелді. Сонау ертедегі Мүдде қағаннан бастап өз салтымен, өмір заңымен өмір сүріп келе жатқан адал халықтың ортасына орыс килікті. Кешегі туыс, бүгінде жау болып, ара ағайын орнына орысқа жүгінді. Ашаршылық, төңкеріс,

тәркілеу, соғыс, діннен, ділден, тілден айырылу. Орыс тілін білмесең нан тауып жеу қиынға айналды. Қазақ халқының бетіне шыққан қаймағын, ел бастайтын серкелерін жазалап, қуғынға ұшыратты...

Бәрі де өткен күндер, бірақ қазақ халқының тарихында мәңгі өшпес із қалдырған күндер. Өткеніңді білмей жаңаша өмір сүру мүмкін емес. Жаңа дегеніміз – жетілген ескі депті бір білгіш. Дұрысы сол болар.

Кешегі өткен бабалар заманы. Елді-жерді сырттан келер жаудан қорғау. Біздің заман сол сайын даланы билеген бабалардың бізге қалдырған аманатын орындау. Қанын-терін төгіп қорғаған жерін жатқа тапталмай, ғасырлар бойы қалыптастырған салт-дәстүрін, ұстанған дінін, сөйлеп кетсе тасты ерітер тілін бұзбай келер ұрпаққа жеткізу.

Жетпіс жыл Кеңес Одағының тар шеңберінде орысқа айнала жаздап аман қалдық. Ендігі жерде сырт дүниеден келіп жатқан жастардың, жастардың ғана емес-ау, үлкендердің де санасын улап жатқан, қазақ халқының қанына жат әдеттер мен сырты жылтырақ дүниелерден сақтандыру. Рухани ашыққан бауырларымызды өз діндеріне тартып жүрген адасушылар мен ислам дінінің атын жамылушы топтармен арадағы майдан. Майдан болғанда да мылтықсыз

майдан. Көзге көрінбейтін, іштен жегідей жейтін, абайламасаң апанға құлатар, бауыр мен бауыр арасын ашар алапат майдан. Аруақ жоқ, бейіт басына барма дегеннің өзі өткенінді ұмыт, ескінді қадірлеме, ата-ананды сыйлама деген сөз емес пе? Әке-шешенді тірі кезінде сыйла, өлгеннен кейін ұмыт. Ол енді аруақ дегені ме? Санасы уланған сенімі жоқ, ой-арманы басқа өз бауырыңмен күресуден ауыр не бар? Тілі мақау, құлағы бітеу, ақшадан басқа арманы жоқ, ойсыз ұрпаққа қатты айтып өткізе алмай, жай айтып жеткізе алмай бармақ тістеген заман. Кешегі өткен Кеңгірбай би, бір кесе шай ішкен адамға он бес қамшы дүре салдырған екен. Шай ішкен адам ақ ішпейді. Сүт тағамдарын пайдаланбаса ұрпағым азады деп. Неткен көрегендік десеңізші, шай түгілі сарғайған судың бәрін іштік-ау. Ойы ғана емес бойы да өспеген, қит етсе ауырып қалатын, атқа мініп емес-ау жаяу жүре алмайтын, майтабан ұрпақ болдық.

Өтпелі өліара кезеңде қазақ болып қала аламыз ба, жоқ әлде, күн сайын дамып келе жатқан замана көшіне ереміз деп, батыстың әлекей-шүлекейіне еліктеп атымыз қазақ, өзіміз мазақ боламыз ба.

Қазақта бейуақытта жатпа деген ырым бар. Бейуақыт деп беймезгіл уақытты,

яғни күн батып бара жатқан мезгілді айтады. Қазақ сенімінде ақ пен қараның, өлі мен тірінің, жақсылық пен жамандықтың, қараңғы мен жарықтың айқасқан уағы. Бұл мезгілде ауру адамнан басқа адамдар түрегеп жүру керек деп ұғады. Жас баланың тұсауын ала жіппен кесіп, сыртқа шықса есігін ала жіппен байлай салып, жамандық пен жақсылықтың адам аттамас шекарасын, ұрпақ санасына бесігінде ұқтырған ел едік.

Біздің өмір сүріп отырған мезгіл де бейуақыт. Осы бір өтпелі кезеңнен қалай өтеміз, қалай қазақ өз болмысын сақтап қалады, осыны ойлаған жөн.

Биыл жазда Абылай ханның тоғыз батырының бірі Оразғұлұлы Сеңкібай бидің туғанына 300 жыл толады.

Халық аузында әулие баба, батыр баба, би баба деп сақталған Биата жөнінде бүгінде не жазуға болар?!

Көзі тірі кезінде шарапатты әулие атанған баба дүниеден өткен соң, тіпті аңызға айналған. Кешегі бүгінге ертегі, аңыз бар да дерек жоқ. Өткеніңді ұмыту келешекке құр қол бару. Айтыла-айтыла үзігі қалған, естінің есінде, құйманың құлағында қалған әңгімелерді, қолда бар деректерді аңызбен салыстыра отырып іріктеп, елеп, екшелеп

келер ұрпаққа калдыру, бабалардың атын жаңғырту саналы азаматқа аманат. Аңызды айтсаң адам сенбес, әлде өтірік, әлде шын. Қалай айтсаң да аңыз түбінде ақиқат бар. Біреу түсінер, біреу түсінбес. Алайда ғасырлар тезінен өтсе де, ұмытылмай есте сақталуында бір мән бар. Сол, сірә, аңыздың тәрбиелік мәні болар.

Арғы тегіміз Арғын бабаның қай заманда өмір сүргенін тап басып айту қиын болар. Ұрпақ жадында сақталған ең үлкен бабамыз Қодан тайшы. /Тайшы – ақын, жырау, жыршы деген мағынада/.

Оның ұлы Дайырқожа бабам Жалайыр Әбілқайыр ханның тұсында Арғын тайпасының бас биі болыпты.

Бірде сейілдеп, аң қағып жүріп, бес қаруы бойында Қарақыпшақ Қобыланды батырдың қолынан қаза табады. Ежелден келе жатқан ел билеушілердің аяр саясатының кесірінен, Қобыланды батыр өз бауыры Ақжол биді (Дайырқожаны) қарусыз аң қағып жүргенде өлтірді. Бірақ аяр ханның бұл саясаты іске аспады. Ақылға тоқтаған Арғын бибатырлары кек қуып, өз бауырына қарсы қол көтермеді. Мұны шебер пайдалана білген Өріс хан балалары Керей мен Жәнібек Арғын ата балаларын Өзбек хан ұлысынан, яғни Жалайыр Әбілхайыр ханнан бөліп

әкетеді.

Сонымен шамамен 1456 жылы Мойынқұм өңірінде Қозыбасы деген жерде Керей мен Жәнібек Арғын ата балаларымен Қазақ хадығының туын тікті.

Дайырқожа бабамның елі сүйіп қойған аты Ақжол би. Бүгінде бүкіл Арғын ата балаларының ұраны – Ақжол.

Ақжол биден Қарақожа батыр.

Ілияс Есенберлиннің «Алтын орда» кітабында Мәскеу қаласын шапқан Тоқтамыс ханның батырлары Едіге, Кен Жанбай батырлармен бірге Қарақожа бабамның аты да аталады.

Қарақожадан – Мейрам сопы бабам.

Мейрамның бәйбішесінен – Қуандық, Сүйіндік.

Екінші әйелінен – Бегендік, Шегендік.

Үшінші әйелі, ұлы анамыз Қарқабаттан – Болатқожа.

Қарқабат анамыз бабамыздың табанына сыз өтпесін деп қалың көде төсеп, дәрет құмғанын қойнына алып, жылытып жатады екен. Суға түскен сайын Мейрам бабам риза болып «көсегең көгерсін» деп алғысын айтады. Алғыс түбі – ақ май демекші, ұрпағы жаман болған жоқ, атын ұранға қосты. Бұл күнде жер басып жүрген Болатқожа баба ұрпақтарының ұраны – Қарқабат!

«Бұл Қаракесектен пайғамбар тумады демесең, басқаның бәрі бар» деп Абылай айтыпты деген сөз бар. Болатқожаның лақап аты – Қаракесек. Бұлай аталу себебін ағаларынан шым кесекпен қорғанып, содан Қаракесек атаған деседі. Аңыз бойынша анамыз Кіші жүз қызы. Менің ойымша Қарқабат анамыз Кіші жүздің бір бұтағы Қаракесектен шығып, одан туған баланы нағашы жұртының атымен Қаракесек атауы қисынды болар.

Болатқожадан – Ақша, Түйте, Үкей деген үш бала.

Түйтеден – Майқы, Танас. Үкей бабадан тұхым қалмаса керек.

Майқыдан – Айтуған, Сарым.

Танас бабаның қандай адам болғаны жөнінде дерек жоқ. Сары бабаны батыр болған деп айтады.

Танастан – Тымырысқа, Сары. Ел арасында Сарыдан тараған ұрпақты Қара деп, Тымырысқадан тараған ұрпақты Шор деп атайды.

Тымырысқадан – Бөтей, Қырғызбай, Жансүйер.

Аңыз айтады

Бөтейдің төрт ұлы бар еді. Бірде Бөтей ауылына келген қонақтар самалдап отырып, балалардың ойынына көңіл аударса керек. Ойынды басқарып жүрген Бөтейдің үлкен ұлы Дәулет інілерімен бірге күрессе жеңіп, жарысса озып көзге түседі. Мұны бақылап отырған ақсақалдардың бірі «мына төртеуі нағыз шора гой» депті. Осы сөзге байланысты Бөтейдің төрт баласы Дәулетшор, Ақсақшор, Қалыңшор, Бәтшор аталған. Бұған Бөтеймен бірге туған қыз Құндыздыдан туған Бөкеншінің ұрпағы қосылып, Қызшор аталады.

Аңыз айтады

Құндызды шабыншылық кезінде қалмақ қолына түседі. Алма-кезек шабуылда қазақтар жеңіп, Құндыздыны Қарауыл жігіттері босатып алыпты. Содан Қарауыл батыры Бөкенбайға тиіп, Бөкенші деген бір ұл табады. Бөкенші он төрт-он бес жасқа келгенде шешесі Құндызды қайтыс болыпты. Бөкенбай жорықта, өгей шешенің тепкісіне шыдамаған, Бөкенші әуелден шешесінен ұққаны бойынша нағашы жұртын іздеп табады. Сол кезде бір ауыр

жүт болып, Бөкенші нағашысының бар жылқысын оңтүстікке айдап, қыстан аман алып шығыпты. Осы еңбегі үшін Есенаман деген лақап ат берілген. Кейіннен Бөкейдің жалғыз қызы Кенжебикеге қосылып енші алады. Мекені Кент төңірегі.

Ұрпағы – Қызшор аталады.

Қырғызбай мен Жансүйер Шормен бірге туысады.

Аңыз айтады

Өткен ғасырда Қарқаралы өңіріндегі атақты Қоянды жәрмеңкесіне сауда жасауға алыс-жақын елдерден де келіп жатады екен. Бір жылы жәрмеңкенің төбе биі болып Шор Кенже би тағайындалыпты. Кіші жүз елінен жәрмеңкеге мал алуға келген адайлар біраз тайынша сатып алса керек. Күннің ыстығында байлауға шыдамаған тайыншалар босап кетіп, оны өз иелері ұстап алса керек. Дау қуған адайлар төбе би Кенжекеңе келсе, сатып алған малға ие болу керек деп қанына тартады. Ашуланған адайлықтар «танысаң Адайыңмын, танымасаң Құдайыңмын» деп доқ көрсетсе керек. Бұған шыдамаған Кенжекең «олай болса, біз Қарашормыз, сенің сыйыңған Құдайыңнан да зормыз»

деп көптігін көрсетіп, есе бермепті. Айтса айтқандай, Қарашор елі өскен ата. Батыры да, байы да, бағланы да бар.

Сары бабамнан – Түмен, Қожас, Асабай деген үш ұл туады. Түмен ертерек өліп, Асан деген баласы іште қалыпты.

Түменнің әйелін Қожас баба жеңгелей алып, одан туған бала Асан Қожас баласы болып есептеліп кеткен. Түменде басқа бала жоқ екен.

Бабам Қожас өз заманында қазіргіше айтсақ қоғам қайраткері болған адам. Ел басқарып, құрметке бөленген батыр, байыпты кісі болған деседі. Ауылымызда жүзге жетіп, 1994 жылы қайтыс болған ұрпағы Спаш – Спатыл ақсақал бабамыз сері болған деп те айтатын.

Аңыз айтады

Орта жүзде бір үлкен жиын болып, оған Қожас бабам да шақырылыпты.

Алты қанат ақ үйін, сойыс мал, сауын бие алып, жолға шығарда, інісі Асабайды шақырып алып «сен де менің артымнан бір үй, соятын мал алып келерсің» деп асығыс аттанып кетіпті. Қожас межелі жерге жетіп, үй тіктіріп бие байлатып, жайғасқан кезде, інісі Асабай

бір серігімен жетіп келеді. Әкелген үй, сойыс мал да жоқ сыбай-сылтаң жеткен інісіне «мұның қалай, неге бос келдің» десе «жылқы жүдеп қалады ғой, босқа шығындалғанша осы үйге өзім де сиямын ғой деп ойладым» дейді. Сонда Қожас бабам қатты қынжылып «әй, жаманқарам-ай, жамандығыңды осындай тар жерде білгіздің-ау» деп ауылға қайта кісі жіберіп, керегін алғызыпты. Осыдан былай Асабай бабам Жаманқара атанып кеткен. Кейінде Асабай ұрпағын ел Жаманқара атаған соң, Қожастан тараған ұрпақты Жақсықара деп кетіпті.

Сонымен Сары бабамнан тараған ұрпақ Қара аталып, өз ішінде Жақсықара, Жаманқара болып екіге бөлінді.

Аңыз айтады

Үлкен бабамыз Қожас батыр исі қазаққа үлгі айтқан Тобықты руының атақты абызы Әнет бабамен сыйлас, қатарлас болыпты.

Мына бір аңызды тыңдап көрелік. Жасы тоқсаннан асқан қарт Қожас батыр бүгінгі таңды да ұйқысыз атырды. Іргедегі, ежелгі ата жау жоңғар тайпалары ел шетіне тиіпті. Бала жасынан атысып үйренген сырапдал жау болса да, бұл жолғы қалмақ

жорығынан секем алып қалды. Әншейінде бытырап отырған қалмақ руларының басын қосқан Суан Раптан жер қайысқан қалың қол жиып, қазақ еліне ерте көктемнен шабуылға шықты. Жайлауға көшуге малдың төлдеп бітуін тосып, бейқам отырған қазақ рулары тұтқиылдан соққан ауыр соққыға төтеп бере алмады. Ел шетінде отырған Арғынның жеті Момын балалары алғашқы соққыға төтеп бере алмай, мал-жанға қарамай жөңкіле қашты. Әсіресе, кеше үш жүзге үлгі болған дана абыз Әнет бабаның тоқсаннан асқан шағында көшке ілесе алмай қалғаны мұндағы елге қатты батты. Үзеңгілес серігі талай қиын күндерді бірге өткізген қимас досына қол ұшын бере алмағаны қарт батырдың қабырғасын қайыстырды.

Күні кешегідей есінде, Түркістан шаһарында өткен хан кеңесінен еліне қайтқан Әнет баба Талас бойында отырған Қожас батырдың ауылына соғып еді. Көптен көріспеген екі дос ағыла ақтарыла сырласқан.

Өткен күндер, балауса жас шақтарын күле отырып еске алысқан. Енді бір мезетте әңгіме ауаны ел жайы, келешек ұрпаққа ауысып, ойға батысты. Біз заманымызда жерімізді жауға бастырмадық, ел еңсесін

түсірмедік, келер ұрпақ біздей болар ма екен деген ой екі батырға маза бермеді.

Күзге салым Қожас батыр, жас күніндегі әдетімен, жанына біраз сал-серілерді ертіп, Әнет бабаның ауылына барған. Әнет баба жолаушылап кетсе керек, екі-үш күн тосқан батыр ауылына қайтады. Ауылына келген Әнетке ауылдастары Қожас серінің келгенін және оның күйеу болмақ ойы барын айтады. Әнет баба ойлана келе «ә, бұл Қожас менен тұқым алғысы келген екен, шақырындар» деп батырға өзінің кенже қызы Тоқта сұлуды қосып еді. Сол досының қызынан Бекбас, Құлбас есімді егіз ұл көрді. Егіздің сыңары Құлбас өзіне тартып өжет болып өсті. Ақыры сол өжеттігі түбіне жетіп, жастай қыршынынан қиылды. Артында тұқым да қалмады. Ал, Бекбасынан көрген бес ұлдың үлкені Мойнақ бұл күні ел аузына іліккен би атанды. Ендігі бір үміт күтері қарашаңырақта отырған Оразгұлдың тұңғышы – Сеңкібай. Бұл күнде отау иесі болар жасқа жетіп, оң-солын танып қалған шөбересінен жасындағы өзін көргендей. Кешегі Әнет бабаның аңсаған келешегіне жеткізер ұланым осы болар деп үміт етеді.

Бұл күндері Арғын тайпасының бас биі болған Қаздауысты Қазыбек би бабаның

ұйғарымымен қалың Қаракесек ежелгі атақоныс Сарыарқаға қоныс аударуға шешім қабылдады. Ол кезде аралары жеті атаға жетпеген Майқы –Танас балалары асығыс түрде Шу өзені бойына түп көтеріле көшті. Үдіре көшкен ел алды-артына қарамастан Саумал көл бойына жеткенде бірақ тоқтапты. Берексіз, бірліксіз үрейлене қашқан Арғын тайпасының алды осы Саумал көлге жетіп жығылған екен. Бұл тарихи кезең туралы Шақшақ Жәнібек батыр «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деген осы болады, мұны ұмытуға болмас депті. Ес жиып етегін жинаған Арғын тайпасының жеті Момынға қараған Тобықты, Қанжығалы, Бәсентін рулары ежелгі мекен қасиетті Сарыарқаға қарай жылжи бастады. Бес Мейрамның баласы, әсіресе Қаракесек рулары осы Шу өңірін мекендеп қала берді.

Тобылғы гүлдеген кезде 97 жасқа қараған шағында кенже немересі Оразғұлдың қолында отырған Қожас батыр дүние салды. Жасынан әнші, сері атанған Қожас батырдың артында бес баласынан тараған ұрпағы бұл кезде әлденеше ауыл болып еді. Алакөл өңіріне топталған жоңғар әскеріне қарсы қазақ қолын топтастырып жатқан

Бөгенбай батыр, әкесі Ақша батырдың досы Қожас батырдың жаназасына арнайы келді. Ана бір жылы жаз айында осы ауылда еру болып еді.

Ауыл тұсынан өтіп бара жатқан Бөгенбай батырдың жасағын көрген жас Сеңкібай ауылда үлкендері болмаса да ту бие сойып, батырға ерулік берген.

Аталары өліп, қайғырған елге батырдың келуі бір серпіліс берді. Жоңғар тайпасының алғашқы соққысынан ел есін жия, қаруын қайта қолға алып бас көтере бастаған. Жау әскерінің жан түршігерлік аюандылығы қазақ ұландарының намысын қоздырып, батырлардың жанына топтаса бастады. Бұл кезде жасы алпыстан асып, шау тартқан Мойнақ би батырдың жасағына қосар үлесін айтып, Тілеуберлі Бөргөз батыр бастаған екі жүз сарбаз шығарды. Батырдың жасағына өзінің үлкен ұлы Сеңкібайды қосқан Оразгүл бай бес жүз атты тарту етті. Бөгенбай батыр жас Сеңкібайдың түр-тұлғасына, жүріс-тұрысына риза болып, өз жанына алады. Қазақтың Шәш, Түркістан, Сайрам сияқты ірі орталықтарын басып алған Суан Раптан інісі Шона Дабаны қырық мың қолмен Алакөл маңына аттандырған еді. Тарихи жазбаларда Алакөл шайқасы атанған бұл

соғыс қазақ қолының жеңісімен аяқталған. Бұл соғыс шамамен алғанда 1726 жылы болған. Сол кезде Бөгенбай батыр 45 жаста болса, Сеңкібай батыр 17 жаста екен. 1728 жылдары Бұланты, Бөленгі өзені бойында өткен шайқаста қазақ қолы бұрынғыдан әлдеқайда көп болды. Арттағы елден көмекке жас сарбаздар қосар атпен келіп қосылып жатты. Сондай бір топпен Сеңкібайдың інілері Ақкісі, Найза, Желтау, Шойлар көмекке келіп жетті. Осындай соғыстардың бірінде қалмақ батырымен жекпе-жек шайқаста жеңіске жетіп, Сеңкібай батыр атанды.

Бабамыз 1740 жылы Орынбор қаласына Ресей патшалығына барған елшілікте, 1760 жылдары Қытай елімен екі ортадағы бітімгершілікте Әділ сұлтанмен бірге болды деседі. Бұл мәселені тарихшыларға қалдырдық. Менің мақсатым, баба туралы аңыздарды жинақтап бір жүйеге салу еді.

Аңыз айтады

Бірде түн ортасында Абылайхан ордасына тосыннан қалмақ сыпайлары шабуыл жасайды. Аттандаған дауыстан оянған Абылай әскер басыларын шұғыл жиып алып, тапсырма береді. Сеңкібай

батырға «сен жасағыңмен ордаға ие бол, қауіпсіз жерге орналастыр. Мен Баян батырменбірге боламын» деп аттанып кетеді. Айсыз қараңғы түнде жау қоршауынан қалай құтыларын білмей қысылған Сеңкібай батырдың құлағына шаңқылдаған қыран дауысы естіледі. Анықтап караса қараңғы түнде ағараңдаған құсты көреді. Сөйтіп құс көрсеткен жоба бойынша жүріп отырып жасағы мен хан ордасын аман-есен жау қоршауынан алып шығады. Ертеңінде ордада болған ақсақалдар Абылай ханға Сеңкібай батырдың ерлігін, оның құс көрсеткен жолмен өздерін қалай алып шыққанын әңгімелеп береді. Жас батырдың киесі қыран екенін сезген хан, Сеңкібайды шақырып алып, «сенің өзің айсыз қараңғыда жол табатын Арқаның қыраны екенсің, саған ақиық сұңқар деген ат лайық болар» депті. Ордада отырған Төле, Қазыбек билер «Ылайым солай болсын. Әумин» деп бата беріпті.

Аңыз айтады

Қаздауысты Қазыбек би бастаған қалың Қаракесек ұрпақтары ежелгі ата қоныс Сарыарқаға бет алған соң Майқы-Танас балалары да жиылып, теріліп қамдана

бастайды. Майкыдан тараған Айтуған,
Күнтуған балалары, қазіргіше айтсақ
Әлтеке-Сарым балалары орталарынан
Әлтеке руынан шыққан атақты батыр
Достың немересі Қожаназарұлы Жидебай
батырды басшылыққа сайлайды. Танастан
тараған Тымырысқа, Сары балалары
қазіргіше Қара-Шор балалары көсемдікке
Қожас батырдың шөбересі Оразғұлұлы
Сеңкібай батырды таңдайды. Бұл жөнінде
ескі жырлардың бірінде былай айтады:

Би Сеңкібай кешегі,
Ерекше ер деседі.
Тіл біткеннің шешені,
Жауға бермес есені.
Аруақты, көшелі,
Қара-Шордың көсемі.

Жиын-тойда, ас бергенде ақсақалдар;
Әуелі Аллаһ оңдасын,
Қызыр болсын жолдасым,
Періштелер жар болып.
Алаш бабам қолдасын,
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Қарашорда Сеңкібай,
Әлтекеде Жидебай,
Сарымдағы Шабанбай,
Шұбыртпалы Ағыбай,
Қараменде, Кеңгірбай,

Көтерші бабалар бағымды-ай, —
деп бата қайырады екен.

Өткен ғасырда Тобықты Жабай ақын,
Арқаның аяулыларын жоқтауға қосып
жырлағанда Биатам туралы былай деп
кеткен:

Әрісі Арғын, берісі Қарашорда,
Кімді апарып теңерміз Сеңкібайға.
Біреуді шарапатты, біреуді ала қылып,
Жаратқан бір Құдайға бар ма шара?!

Шәкәрім қажының жазуына қарағанда
Арғын балалары қасиетті Сарыарқа
төсіне атақты Ақсақ Темір заманынан
бері тек жайлауға шыққанда болмаса
қысқа қалмаған екен. Енді сол ежелгі
ата-мекенге түпкілікті қоныс аударуға
шешім қабылдаған Қарашор балалары
өз арасында шұғыл кеңес шақырды.
Кеңеске шақырылған ол кезде аралары
немере-шөбереден аспаған ата балалары
орталарынан сайлаған көсемдері Сеңкібай
бидің айтқанына дақ тұрып, сәуір туа мал
аяқтанысымен қозғалуға келіседі. Кеңеске
қатысқан Мойнақ би, Оразгүл бай, Бөтей
бай, Жансүйер бай, Тілеуберлі батыр,
Дүйсенбай би, Шекшек би, Қырғызбай
батыр, тағы басқа үлкендердің шешімімен
көштің жүру тәртібі белгіленеді. Көшкен
елді қорғауға Тоғалақұлы Матақ батыр,

Асабай балалары Есен батыр, Жайлау батыр белгіленді. Сарыарқаға ауған ел емес, көшкен ел болып барайық, төресіз, қожасыз ел болмас деп бір-бір ұрпағын ала кетейік деп шешеді. Ерте көктемнен Сеңкібай би жанына Шекшекұлы Нұралы батырды ертіп, Қаратау өңіріне аттан-ды. Сол жолы Нұралы баба төре ұрпағы он төрт жастағы Бөкей сұлтанды алып, Сеңкібай би қожа ұрпағынан Мән қожа деген баланы ертіп келеді. Сәуір туа Қарашор балаларының соңғы көші қасиетті Сарыарқаға бет алады. Ахмет Байтұрсыновтың «Ақжол» кітабында жазуы бойынша «Қарқаралы тауын айнала отырған Қарашор Сыр бойынан ауып келе жатқанда Бетпақ даласында Қарада Киікбай би туыпты». Аханның есептеуі бойынша Қарашор Арқаға 1748 жылы келген. Сол жылы Бетпақта болса Қарқаралыға 1748-1750 жылдары келген болып шығады.

Аңыз айтады

Ожаң бабаның бұл кезде қартайған шағы. Шаршап жеткен көш Қарқаралы өңіріне іліккен соң тоқырап, орныға бастайды. Тұрақты қоныс, жайлы мекен іздеген Сеңкібай батыр бастаған жас

жігіттер жер шолуға Қараөткел жаққа қарай аттанады. Ол жақта біраз уақыт бөгеліп қайтып көш қалған жерге жақындағанда, бір адам жолығып, жөн сұрайды. Бұлардың жағдайын естіген соң «Ожаң жерде де, көкте де емес» деп әкелерінің қайтыс болғанын естіртеді. Айтқанындай Ожаң қайтыс болып, түпкілікті қонысы белгісіз болған соң «аманат» деп жерлескен екен. Ақылдаса келе ешқайда көшпей бабамыз жатқан жерді айнала қоныстанады. Сеңкең бағанағы естірткен адамды таптырып алып тапқырлығы үшін омай-сияпат жасапты. Сонымен Оразғұл бабам 1750 жылдары екінші шешемізден туған үш ұлдың кенжесі Тайсарының қолында дүние салған. Оразғұл бабаның қарашаңырағы, яғни үлкен үй осы Тайсарыда. Ұрпағы қазіргі уақытта Қызыларай жерінде. Оразғұл бабаның бейіті Қарқаралы тауының теріскей бетінде, қазіргі Бейбітшілік ауылы мен Токтар ауылының ортасында. Ахмет Байтұрсынов айтқандай Қарашор балалары Қарқаралы тауын айнала қоныс тебеді. Қазіргіше айтсақ Қарқаралы тауының теріскей жағы Бекбас балаларының мекені Қызылтау, Жамантас, Наршөкен тауы Талды өзенінің бойынан Қызыларай тауларына дейін

созылған. Қарашордың көсемі болған атақты Сеңкібай бидің өзі де осы Талды өзенінің Нұраға құяр сағасына жерленген. Қарқаралы тауының күншығыс жағын Жансүйер атаның балалары, қазіргіше Әлтөбет руы мекендеген. Қарқаралының оңтүстігін Жарас балалары, шығыс бөлігін Шоратаның балалары қоныс қылды. Дәлірек айтсақ, Қусақ өзенінің бойы, Бесшоқы тауы Шор атаның балалары Ер, Тоғалақ, Шашты руларына тиесілі. Ал Шекшек атаның балалары Қарқаралының күнгей бетін, Кент тауын Қырғызбай балаларымен бірге жайлайды. Ел Сыр бойынан Арқаға ауған кезде Адай, Асан, Жауман, Тақабай ауылдары Қарақұм төңірегінде қалып қойыпты. Осы заманға дейін сол Сырдария, Қарақұм төңірегінде қалып қойған Қожас батырдың ұрпақтары – Қаралар бар деседі.

Аңыз айтады

Бір күні Адайдың бәйібшесі «біздің елден бөлінгенімізге көп болды, қалайда елді іздеу керек» депті. Содан елді іздеуге Асан, Жауман, Тақабайлар кетеді. Өздері бұл кезде Қаракеңгір өзеніне келіп қоныстанған екен. Аталмыш үшеуі бастаған

топ елді тауып Бесоба, Жамантастан жер алып қоныстанған екен. Қалған елге хабар беруге олар келсе қонысымыз тарылады деп үндемей жата береді. Арада төрт-бес жыл өткен соң сұңғыла бәйбіше Сәдігүл мен Сарманды шақырып алып «маған көптен топырақ бұйырсын десеңдер елге көшіндер» деп елге қарай жылжиды. Содан Сарысу өзені бойында отырған Өлтеке-Сарымға жетеді. Шешесінің ақылымен Сәдігүл Жидебай батырға барып амандасып, барлық жағдаймен танысады. Жидебай батыр жақсылап қарсы алып «сендердің іздеусіз қалғандарың Сеңкібайдың қартайғандығы ғой. Енді қашық емес, сендерге ешкім тимес, сырттан келер жау жоқ» деп жол болсын айтады. Сол күні түнде Жидебайдың сөзін естімеген Сарым жігіттері бөтен ел деп шабады. Сарман мен баласы Қоғабай батыр түні бойы соғысып түгелге жуық сойылға жығады. Мұны естіген Жидебай батыр «бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде, өлгендерің болса апарып қоя салыңдар. Бұлар өз туысымыз» дейді. Сонымен елге жетіп,

Қараның ақсақалдары Сеңкібай би бастап келіп сәлем беріп, құтты болсын айтады. Келгендердің ішінде Тақабай

да болады. Сонда бәйбіше Такабайға қарап «басқаларға не дейін, сенің хабарсыз кеткенің қалай. Мені қалай ұмыттың, сен жетім қалғанда ақ сүтімді беріп өсіріп едім. Жақсы көргендіктен ит көйлегіңді әлі сақтап жүрмін» деп қойнынан суырып алып көрсетіпті. Такабай үндемей төмен қарайды. Сондықтан болар тұқымы өспеді деседі айтушылар. Бұл сөздің мәнісі Такабай Сеңгірбайбаласы яғни Жаманқараға жатады. Такабай емшекте жетім қалып, Адайдың бәйбішесі асырап ержеткізген екен. Кейінгі келген елге Сеңкібай бабам Қаражал, Байқасқа өзендерінің бойынан жер кесіп береді. Кейіннен Мыңғыш атамыздың кезінде ол жерлер мал жайылымына тарлық қылып, Аршалы, Шөладыр, Дегелең жаққа көшеді. Бұл жерді Алшынбай биге сегіз жүз тұсақ беріп сатып алған. Бұл жерге келген соң Шор Қанқожа биге сексен бесті беріп Қаражал, Тілеке, Майдан, Ақбиік, Кенекқара деген жерлерді сатып алып, қоныс кеңейтеді. 1931 жылғы атақты «Боқты» көтерілісін ұйымдастырушылар осы Мыңғыш атамыздың ұрпақтары. Басқалардай емес малға сатып алған жерді босқа неге берсін?!

Ожаң балалары алғашында әкелері

жатқан жерді жайласа керек. Баба жатқан жерден оңтүстікке қарай Ақкісі шоқысы бар, бауырында қыстауы болған екен. Қазіргі кезде Кеңестас деп аталса керек. Ақкісі батырдың бейіті Милыбұлақта деседі. Мұны айтушы Найзаұрпағы Мұхамедия ақсақал, кезінде ағасы алштың көсемдерінің бірі Әлімхан Әбеуұлының соңынан ерген інілерінің бірі. Әлекең солай деп еді дейді. Ожаң бейіті мен Ақкісі қыстауы арасында Шой қыстауы бар. Биатамның-Сеңкібай бидің мазарының ту сыртында Наршөкен тауы. Ақкісі, Шой Ожаңның балалары болса, Наршөкен Ожаңның үшінші баласы Найзаның үлкені. Яғни менің бесінші атам. Сол таудың бауырында жас жігіт кезінде соғыста қайтыс болған. Кейбір әңгімеде Наршөкен баба Биатамның жанына жерленген деп те айтады. Бірақ бұл дәлелденбеген. Анығы Би бабаның жанында үш адам жерленген.

Қасиетті Сарыарқа жерінен, Түркістанға апарып жерленген Арканың аяулылары аз емес. Қаздауысты Қазыбек баба, Жарылған батыр, Байдәулет баба тағы басқа адамдар Құлқожа Ахмет Яссауи мазарына апарып жерленген. Бұл үшін Яссауидің мүриттеріне жүз

жылқы беріп рұқсат алады екен. Сеңкібай бидің әкесі Оразғұлға он сегіз мың жылқы біткен. Сонда да Түркістанға бармай өз елінде, өз жерінде қалған. Мұның себебі еліме, жеріме қорған болып жатпайын, мен жатсам ешкім дауласпас, ұрпағыма белгі болсын дегені шығар. Аруақты Жидебай батыр, Жалаңтөс батыр, Дербісәлі батыр, Қараменде би аталар әрқайсысы өз жерінің шетіне жерленіп, ұрпақтарына қорған болып, ана дүниеден көз қырын салып жатыр. Алла тағалам ұлы бабалардың ұрпақтарына бірлік беріп, қазақ елінің ынтымағы арта берсін деп тілейік.

Осы арада мына бір әңгімені айта кетсем артық болмас. Қазіргі Ожаң балаларының басым көпшілігі мекендеп отырған Көзжаман-Кешубай өңірін төлеңгіт рулары мекендесе керек. Дән-Бұлан, Қойтан жарығы, Ақтайлақ шоқысы деген жер аттары төлеңгіт аттары. Бір себептермен көпшілік төлеңгіттер Шұбартауға ауса, Ақтайлақ би бастаған біраз ел осы арада қалып қойыпты. Ар жақта отырған қалың Шор елі аз атаға күн көрсетпесе керек. Содан Ақтайлақ би Биатама «мынау елді де, жерді де сен биле» депті. Бұл кезде бір шеті Қызыларайда жатқан Ожаң

балаларының біразы осылай қарай жылжып
қоныстанады. Ақтайлақ билі
Ақтайлақ өзенінің бойындағы сарай жылжып
бауырында, ескі арнада.

Аңыз айтады

Ел арасында Сеңкібай би жерді көп
алып қойды деген дау туады. Әуелден
қазақ арасында жесір мен жер дауынан
үлкен дау жоқ. Аңыз бұл дауға Үйсін
Төле би де қатысты деседі. Жиналған
жақсы+жайсаңның алдында Сеңкібай би
«осы даудың билігін өзім айтам» депті.
Бұған көнбей шуласқан елді Төле би «айт-
сын, әділ шешім болып қисынын тап-
са, мақұлдармыз» деп тоқтатыпты. Сонда
Сеңкібай би « атым оза шауып жығылған
жерге дейін аламын » депті. Бұған би-
лер де келіскен екен. Сонымен Ақкісі
қыстауынан жіберген бір аты Қызыларайдан
әрі асар кезеңге жетіп жығылыпты. Ат-
шабар балаға «айда, өлсе құнын өзім
төлеймін » десе керек. Сөйтіп Оразгүл
ұрпағының жерінің бір шеті болып, ол
жер «Атжеткен» аталған екен.

Аңыз айтады

Бекбастың үшінші әйелінен Оразгүл бабам жалғыз туады. Бәйібшеден туған Мойнақ пен екінші әйелден туған төрт ұл тоқалдан туған балаға әлімжеттік қылып маза бермесе керек. Бір күні қой бағып жүріп далада ұйықтап қалады. Түсінде ақсақалды қария «Балам мұнайма, жалғызбын десең тілеуінді берейін, өрісің толсын көгенімді берейін, атыңды шығарар өренімді берейін, қолына алмас беренімді берейін» деп бата беріпті. Ояна сала Оразгүл қойын алдына салып, жылап ауылына келеді. Ағаларымның әрекеті ме деп шешесіне шағым қылады. Түсін жақсылыққа жорыған шешесі атасы Қожас батырды шақырып, ақсақалдардың батасын алады. Өзі де әлденеден үміттеніп жүрген Қожас батыр бұған қатты қуанып, Үйсін Әлібек бидің Шырынбике деген немере қызын айттырып, немересі Оразгүлға алып беріпті.

Шырынбикеден – Сеңкібай, Ақкісі, Найза, Желтау, Қылыш, Балта, Ақжол, Жолдыбай деген сегіз ұл туады. Шөбересі Сеңкібайдан зор үміт күткен батыр жасынан өзі тәрбиелеп, садақ тартуға, найзаласуға,

жекпе-жекке машықтандырады

Атақты ағамыз Әлімхан Ермековтың есенгеуі бойынша Сеңкібай би бабам (ақтабан шұбырынды басталғанда 12-13 жастағы бала болса керек. 77 жасында дүниеден өткен. Сол есентеумен 1709 жылы дүниеге келіп, 1786 жылы дүниеден кайтқан деп алынған. Туған жері аңыз-деректерге сенсек Талас өңірі. Қайтқан өңірі Сарыарканың төрі Нұра мен Талды өзенінің құйылысы. Мазары Талды өзенінің оң қабағындағы қырат үстінде. Оң жағыма кісі қоймаңдар, Жидебайды көріп жатармын деген екен. Бірақ баба өсиетін тыңдамаған ауыл есерлері кездейсоқ бір адамдарды жерлеген екен. Кезінде жұпшыны ғана салынған ел қатарлы бейіт болса, қирде басына көтерілген зәулім мазары асқақтап тұр. Үшар басына дейінгі биіктігі 13 құлаш. Мұндай биіктіктен қырағы көзбен қараған екі алып бірін-бірі күрсе көргендей.

Аңыз айтады

Оқиға ел Сыр бойында жүргенде болса керек. Жауын ойсырата жеңген қазақ батырлары еру болып дамылдап жатады. Жастары қатар Сеңкібай батыр, Жидебай

батыр, Қараменде батыр үшеуі жатқан шатырға келіп бір батыр «Е, Арғынның батырлары, бүгін не ерлік қылдыңдар. Мен өзім қалмақтың батырын өлтіріп, атын олжа қылдым» деп мақтанса керек. Сонда Жидекең «сенің олжаң ат емес, бие болар» десе, Қарекең «бие болғанда да, ішінде қара қасқа құлыны бар» депті. Бұған сенбеген батырға Сеңкең «өлтірген батырың еркек емес, әйел адам. Онда да қалмақ емес, қазақ қызы, қойнында шешесінің жазған хаты бар» деген екен. Бәске-бәс жиналып қалған көпшілік барып көрсе шынын да бие. Сол жерде бауыздап ішін жарып көрсе қара қасқа құлыны бар дейді. Майдан даласына барып қараса, еркекше кнінген қазақ қызы, қойнынан хаты да шығыпты. Сөйтіп орынсыз мақтан есер батырды шығынға батырып, ат-шапан айыбын тартыпты.

Оразғұл бабам момын шаруа баққан адам болыпты. 18 қос/бір қос мың жылқы/ яғни 18000 жылқы бітіпті. Ауыл аймағына қадірлі, сыйлы әрі Бекбас бабаның қара шаңырағына ие болған Оразғұлды ел Ожаң дейді екен. Қолы ашық мырза, жоқ-жітікке қолында барын аямаған мейірбан жан болыпты.

Аңыз айтады

Бір жылы ерте көктемнен бір тамбаған жаңбырға қоса апталап соққан аңызак жел анана ылғалды ала кетінті. Егін аз, негіінен мал сүбесіне караған Арғын ата балалары жылдағы әдетінен тыс ерте қимылдап, күз болмай Сырдария мен Талас бойына көшті. Қарашаның аяғын ала жапалақтап жауған қар үш таулік бойы тоқтамай жауып тына қалды. Арғын ала соққан аңызакқа жібсіген соқта қарды, терісіне ауысқан суық жел қатырып салады. Тірсегін қиған қиыршық мүшан тұяқты мал өрістен қалады. Он сеггі мың жылқысы бар Оразгүл баба балаларын шақырып алып, қалайда малды аман алып қаламыз деп ақылдасады. Содан басшысы Сеңкібай болып қалың жылқыны теңіз бойына карай беттетеді. Ығып келе жатқан қалың жылқы бір қорыққа келіп тұра қалынты. Жылқы малының жайлағаған жерін аузымен бір, тұяғымен екі жерін ойлаған жергілікті жер иелері малдың алдынан шығып жөн сұрасады. Қалың жылқының Қаракесек Қара Оразгүлдың малы екенін естіген ауыл ақсақалы «Оразгүлдықі болса жатсын» деп

өздерін ерулікке шақырады. Сәуір келіп, жаңа туған құлындар аяқтанып, қайтуға жиналғанда ақсақал тағы келіп ауылына қонаққа шақырыпты. Дәм үстінде жиналған көпшілікке өзінің басынан өткен уақиғасын айтады. Менің әкем өз Тәукенің оң тізесінен орын алған Сасықбай би еді. Кешегі аумалы-төкпелі заманда еліміз шабыншылыққа ұшырап, құба қалмақ қолына пенде болдым. Сол жерден қазақ сарбаздары құтқарып алып еді. Қазақ арасында еліме жете алмай жүргенімде кіріптаршылыққа ұшырап, бір байшікешке серкеш берешек болып қалдым. Берер түгім жоқ болған соң, байшікеш құлдыққа алмақ болып биге кестіруге алып келе жатқанда, сендердің әкелерің Оразгүл бай үстіндегі түйе жүнінен тоқылған шекпенін шешіп беріп, басымды азат қылып еді. Мендей бишара адамға көмек көрсетіп, «жолың болып, дегеніңе жет» деп ақ батасын берді. Жаңбырмен жер, батамен ер көгерер демекші, Ожаң батасы оңынан келіп, елімді тауып осындай күйге жеттім. Қазақтар сыйлаған адамына мал емес, жан берген, мына кенже қызым Оразгүлдың аяғында жатса кем болмас. Жасау-жабдығын дайындап отырмын депті. Сонда Сеңкең «қалыңсыз қыз болмас, онсыз

сны бөлмас» деп жылқыдан атақты кок алшның үйірін бөліп алып, болашақ кіші шешесінің әкесінің алдына салады. Сол қарақалпақ қызынан Ожаң бабам бір ұл көреді. Атын нағашысының атымен Сасықбай қойыпты.

Ел арасында Сасықбай ұрпағын Қарақалпақ деп кеткен. Сол сияқты Сеңкең ұрпағынан да қалмақ атанған балалары бар. Жалпы бабам сегіз әйел алыпты оның үшеуі қалмақ қызы. Сол бір заманда бабалар қан тазалығына үлкен мән берген. Жоңғар тайпалары табиғатпен біте қайнасып өскен, жабайылау халық.

Қазақ арасында қан тазалығын сақтау үшін жеті атаға дейін қыз алып, қыз беріспеген. Абылай ханның өзі де қалмақ қызы Хочаны алып, одан Қасым туғды. Қасымнан алты алашқа әйгілі Көпесары мен Наурызбай туған.

Аңыз айтады

Сеңкібай батырдың өзінен кейінгі тетелес інісі Аккісі батыр әлденеге келіспей қалып ағасы Сеңкібаймен дұрдараз болып жүрсе керек. Әксекең бір күні үйінде байыз тауын отыра алмай, «әлгі

шіркін бірдемеге ұрынды-ау»деп атына мініп бір төбеге шығады. Айнала караса жарыса шапқан үш аттыны көреді. Сөйтсе Сеңкең алдындағы қалмақтың жайсаңын өкшелей қуып, артына қарамаса керек. Артынан келіп қалған жау батырды әні шаншам міні шаншам деп жетіп қалыпты. Ақкісі батыр «әй, малғұн» деп ақырып қалып, жалт қараған қалмақты садақпен тартып қалады. Әлуетті қолдан шыққан оқ өндірішekten кіріп, желкесінен шыққан екен. Сонда ғана артына қараған Сеңкең «жарайсың, пұшығым» деп інісімен татуласады. Содан екеуі келе жатса шабыншылыққа ұшыраған қалмақ ауылына кез болады. Жұртты қарап келе жатып төңкерілген тайказан астынан бәденді келген буаз келіншекті тауып алыпты. Әншейінде қолға түскен қыздардың өзіне ұнағанын «сыралғы» деп өзіне ала береді екен. Бұл жолғы олжаны інісіне беріпті. Үйіне келген соң ойланып, інісі Ақкісінікіне келіп, үй сыртынан «пұшығым, шығып жолық» дейді. Әксекең сыртқа шықса «мына екі ақтайлақты ал да, қатынды қайтар» депті. Бұл тайлақтар өзінің жақсы көретін малдары екен. Содан әйелді алып келіп, үш күн боз биенің сүтіне шомылдырып, қырық күннен

кейін некелеп алған екен. Сол туған баланы бұл кейін билікке таласпсын деп бұл Бөлек дейді. Бірақ бөлек деп бөлсеңдер көрде тиыш жатпаспын деген екен.

Сеңкеңнің үшінші әйелі де қалмақ қыты. Бұл анамыздың беті қызыл шырайлы, әдемі жан болған. Одан туған бес баланың – Қасқа, Көкілбай, Түрікбай, Әуез, Нияз ұрпақтарын ел «Қызыл Қалмақ» деп атайды.

Бұл атау қалжыңнан туған, бұлар бабамның өз кіндігінен.

Аңыз айтады

Сеңкібай батыр аң аулап жүріп, бір арқардың ешкісін атып алады. Қас қарайып кеткен соң, ешкіні тасқа жасырып, өзі жақын ауылға келіп қонады.

Ертеңінде қараса, біреу арқардың ішек-қарын, өкпе-бауырын ақтарып алып кетіпті. Сұрастырса, қонған үйдің қойшысы екен. Соның айыбына құныкер қылып, қойшының бәденді келген жалғыз қарындасы бар екен, соны әйелдікке алады. Бұл шешемізден Дәруіш туады.

Аңыз айтады

Сеңкібай батыр өзінің соңынан ерген інілерін соғыс өнеріне өзі баулып тәрбиелеген. Атасы Қожас батырдан үйренген сайыс түрлерін кішілеріне үйретіп, машықтандырады.

Бірде тетелес інісі Ақкісі батыр екеуі жасақтарымен келе жатып, түнгі жылқы күзетінен кейін дамылдап жатқан Найза мен Желтауды байқап қалады. Бұл екі інісін сынап көрмек болып тұтқиылдан атой салыпты. Тосыннан тап болған жаудың атойын естіген Найза тетелес інісі Желтауды тезірек атқа мінгізіп:

– Сен елге хабар бер. Мен жауды бөгей тұрайын, – деп келіп қалған жауына қарсы қарап тұра қалыпты.

Мұнысы ойда жоқта тап болған жаудан ел хабардар болсын және әлі үйленбеген бауыры аман қалсын дегені екен. Інісінің қысылтаяңда тапқан ақылына, бауырмалдығына риза болған Сеңкібай Найзаның бұл амалын басқа інілеріне үлгі қылыпты. Жалпы Оразғұлдың балаларынан Ақкісі, Найза, Желтау, Шой, немере-

лері Сарыбай, Шабан палуан, Наршөкен, тағы басқалары да жау түсірген батыр болған. Алдыңғы ағалары шарапатты өулне, қол бастаған батыр, сөз бастаған би болған соң, алдына шықпай, соңынан ерген. Балта есепші, емсек. Ақжол бабамыз аты шыққан күйші болған деседі.

Аңыз айтады

Бірде Сеңкібай бабам бастаған бір топ аңшылар түлкі қаға шығыпты. Түске дейін алған тоғыз түлкіні де жасы үлкен Сеңкеңнің қанжығасына байласа керек. Түстен кейін алған түлкіні Сеңкеңнен жасы кіші басқа адамға байламақ болғанда Сеңкең «түске дейін үлкен болған Сеңкібай түстен кейін кішірейін қалмас, әкеліңдер бері» деп тағы да өз қанжығасына байлатыпты.

Аңыз айтады

Сеңкібай би бабам бәйбішеден – Итөн, Саңырақ, Күшікбай, Сарыбай, Қарабай деген бес бала көрген. Күшікбай мен екінші әйелден туған

Шабан еншілес, осы күні Күшікбай – Шабан деп қосарланып айтылады. Сеңкеңнің қарашаңырағы осы бесеудің кенжесі Қарабайға тиесілі екен. Қарекен үйіндегі шешеміз алаңғасарлау адам болса керек, «мына үйді атпен тіге ме, түйемен тіге ме?» депті. Содан шаңырақ Қарабайға бұйырмай, басқа балаларына сен ал деп атап айтпаған екен. Биатамның ғасырлар бойы сақталып келе жатқан тор көзді сауыты, Сарыбайдың Шондыбайының ұрпағы Зәкішұлы Хакім ағаның шаңырағында сақтаулы. Биатамның тері сіңген тақиясы Ұрынқай ұрпағында.

Аңыз айтады

Биатамның бір баласы біреудің атастырылып қойған қызымен әуейі болыпты. Кейіннен келін болып түскен жеріне де бара берсе керек. Содан келіннің түскен елінің бір адамы келіп, Сеңкеңе «бұрын сыйлап шыдап келіп едік, енді мына көшке ерген төбетіңе не бол» дейді. Бұған қатты намыстанған Сеңкең «алып келіндер, атамын» деп мылтығын оқтап қойыпты. Мұны естіген баланың шешесі бір тоқтаса Аккісіге

токтар деп қайнысына айтады. Әксекең есіктен кіре «сауға батыр, сауға» депті. Інісінің текке келмегенін сезген Сеңкең, баласының атын атап, басқасын қидым десіді. Әксекең «тілегімді бермесең кетпеймін» деп аяғын созып отыра кетіпті. Сеңкең біраз отырып, «әй, пұшығым -ай, назаң қатты еді, бердім тілегімді. Мылтық оқтап қойып едім, серті кетпесін, апын келіндер, тымағын атып, сертімнен шығайын» депті. Айтқанындай екі адам қолтықтап алып келгенде, тымағын атып түсіріпті. Артынан қолын теріс жайып, «ауыз тайға, аузың майға жетпесін, қос үйің қоса қонба» деп бата беріпті. Ата қарғысы оқ деген емес пе, сол баланың тұқымы жөнді өспеді деседі.

Аңыз айтады

Сеңкібай бабаның атын ұрпақтарынан өшкім себепсіз атамайды. Тіпті тірі кезінде атамаған. Бірде қатар тігілген үйдің тұсынан өте бере өзінің атын атаған әйелдің дауысын естиді.

Мұны келіндерінің бірі екен деп ойлаған баба «Атым ойынға айналды ма» деп іштей кейиді. Сол сәтте үйдегі әйел дауысы «Япыр-ау, әкем атын айтуға

тілім келмей қалғаны қалай» дейді. Сөйтсе өз қыздарының бірінің тілі күрмеле бастаған екен. Баба Жаратқан неден кешірім сұрап, қайтып алған екен. Содан бері бабам ұрпақтары аса қажеттігі тумаса бабаның атын атамай Биатам деп қана атайды.

Аңыз айтады

Оразғұлдың үлкені Мойнақ би билігіне қоса батыр адам болыпты. Сүйегі аса ірі адам болса керек. Бір тоқтының терісі басына елтірілікке жетпеген деп аңыз қылысады.

Бірде тайыншаның тұтас қолды қабырғасын мүжіп жеп отырса, жалғыз ұлы Қарамырза артынан келіп сүйеніп тұрыпты. Бәйібшесі «апыр-ау, Қарамендежанға да қалдырсаңшы» десе керек. Сонда Мойнекең «қабырғалы қолдан дәмәткен қатын мен бала мәрт десеңші» деген екен. Және бір ерекшелігі қандай асығыс болса да артына ас қалдырмаған. Бірде жорықта жүріп, жау келіп қалды дегенде, қайнап тұрған құртты бақырашымен ала салып, басына төңкере ішіп алыпты. Атқа міне лекітіп жіберсе керек, аттың жалы жидіп түсіпті.

Аңыз айтады

Мойнақ бидің баласы Қарамырза жуас, момын болып өседі. Баласының өз жолын қумасын білген Мойнекең Қожас баба қайтыс болған соң, інісі Оразгұлдың үлкен Сеңкібайды бауырына тартады. Ожаң баба жуас момын кісі болған. Мойнекең «Сеңкібайдай бала саған емес, маған лайық» деп қайда барса қасынан тастамай әділдікке, тура билік айтуға тәрбиелейді.

Мойнақ би өз заманында айтулы билердің бірі болған, еліне қадірлі, алдынан дау кетпеген, дуалы ауыз адам еді деседі. Бірде ел арасында дау туып, төбе билікке ара шайын Мойнақ биді шақырыпты. Сырқаттаныпқырап жүрген Би Сеңкібайды шықырып алып, осы дауға сен бар деп біраз сөз үйретеді. Атасының ақылын алғыны дейін тыңдаған бала Сеңкібай «дау» деп рұқсат сұрайды. «Жақсы ата, осы сөздеріңді реті келсе айтайын ба, жоқ әлде атам айтып еді деп бопсалай берейін бе» депті. Мойнекең жаратылысынан түсі сұмқ, қатал адам екен. Бұған дейін бөтіне ешкім келмесе керек. Сол суық пішінін өміртпестен «бар, бара бер енді,

бок шіркін» деп төмен қараған беті үнсіз қалады. Сеңкібай иіліп тағым етіп, шыға жөнеледі. Сол дауда өз бетімен билік айтыпты деседі.

Аңыз айтады

Жапсар елде бір ас беріліп, Мойнақ би бастаған үлкендер жолаушы шығып кеткен кезде, ауылға жортуылға кетіп бара жатқан Қанжығалы Бөгенбай келеді. Батырдан бата алмақ болған Сеңкібай жастығына қарамай ту бие сойып, Бөгенбайды ерулікке шақырады. Қонақасыға риза болған батыр «не тілегің бар» дегенде Сеңкібай бабам «шаршы топта оң тізеңізден орын берсеңіз болады» депті. Батыр «бердім тілегінді, жақсыға жақын бол, атаңдай батыр бол, тілің шешен болсын, ісің көсем болсын» деп ақ батасын беріпті. Кейіннен Мойнекең естіп «мұны Қарамырза істеуі керек еді, алдымнан шықты» деп ашуланыпты. Кейінде бір ұлы дүбір жиын болып, оған Бөгенбай батыр да келіпті деп естіген жас Сеңкібай да барыпты. Ақордада жақсы-жайсаң ақсақалдардың ортасында отырған батыр, сәлем бере Сеңкібай кіріп келгенде «Ә, Сеңкібай би, келдің бе, отыр оң жағыма

« деп арып береді. Отырған ақсақалдарға «бұл Қожақ батырдың шөбересі, жас арыстан Сеңкібай би» деп таныстырады. Сеңкібайды сынамақ болған үлкендер аңғаме болып отырған даудың мәңжілһын түсіндіріп, «осының бітімін сен айт» деген Бабамның кара қылды қак жарар ала өңігіне билер де, Бөгенбай да рина болып ұсталарын беріпті. Осы билігі түсуу кесер болып, сол жиһыннан бастап атағы шығып жас Сеңкібай би Сеңкібай атанған екен деп аңғы қылысады.

Аңыз айтады

Қуандық Қаракесек арасында бір дау болып жүтінуге Мойнақ биге келіпті. **Бала** Сеңкібай атасына келген адамдарды **ырттан** қарғы алып, олардың әңгімелерін **өетін**, өшіне тоһшалайды екен. Қуандық **Адамның** жала жауып келгенін сезген **Сеңкібай** дауласушылар үйге кірмес бұрын, **өтасына** барыпты. Төрте ақсақалдармен **отырған** Мойнекеңді «Жақсы ата» деп **қаратып** алып, оң қолып кеудесіне қойып **шығып** кетеді. Сонда Мойнақ би «мына **шірәін**, қарына тартпағанның қары сынар **деп** көтті той Сира, аға баласының ісінде **Өір** шикілік болды» деп өз шешімін

айтқан екен.

Аңыз айтады

Бірде бір ұры білместікпен Биатам ауылының жылқысын қуып кетіпті. Соңынан қуғыншы шығып, сасқан ұры «я, Сеңкібай, құтқара гөр» деп бір тай атапты. Қуғыншы да «Биатам» деп қуса керек. Сол екі арада қалың кара тұман түсіп, қашқан қолға түспей құтылып, қуған аман-есен жылқысын тауып алған екен. Кейіннен бұл жайында естіген ел Сеңкеңнен «алдымен қайсысын колдадыңыз» деп сұраса, «қашканды» депті. «Себебі ол бірінші болып мені аузына алды ғой» деп жейдесін түріп көрсетіпті. Сөйтсе арқасына тайдың тұяғының таңбасы түсіп қалыпты.

Аңыз айтады

Қара Сеңкібай би, Әлтеке Жидебай батыр, Тобықты Қараменде би үшеуі қатарлас, сыйлас екен. Бірде дөң басында қалжыңдасып отырған үш би, өнер жарыстырмақшы болыпты. Жидекен қойынын ашып қалса бір «қызыл түлкі» тұра қашыпты. Қарекең қолын сілтеп қалып өз

киесі «бүркітін» жібереді. Бүркіт аспанға шырқан шыға түлкіге шүйлігеді. Түлкі де ақсия қарап, жауымен айкасқа дайындалады. Ойыннан от шығып сасқан екі би «Сеңке, Сеңке» деп Биатама қараса керек. Бабам қойнынан ашып жіберсе, айналаны қалың «қара тұман» басып бүркіт пен түлкі өз истерін табады. Жидекен мен Қарекен жасы үлкен Сеңкеден кешірім сұрап, өкпін оқтай қалжыңдаспауға уәде берген екен.

Әрбір аруақты, қасиетті бабаның өз аямажаны яғни қорғап жүрер киесі болады. Жидебай батырдың киесі – түлкі. Аңыз бойынша Қабанбай батыр емделген. Жарылған батырдың киесі – бүркіт. Ағыбай батырда – шымшық. Сана биде – қарлығаш. Нұралы батырда – қасқыр. Бегімысық әулиде – мысық. Қарименде биде – бүркіт, тағы сол сияқты. Қасиетті адам бір ғана киemen шектеліп қалмас.

Менің білуімше аңыз бойынша мұндай кие Биатамда жетеу. Басты киесі – қара тұман, бүркіті, түнде көрінетін – ақ құсы, күндіз жол бастайтын – ішкіне қоңыр құсы, кейде суық, кейде жылы жел болып, түнде жылқы болып көрінетін, жауын-шашындатып дауыл

соқтыратыны бар. Бұл менің әулие бабам басында жүз отыз жеті күн отырғанда байқағаным. Біреулерге ерте көрінер, бірақ әулие басында отырған, аруақ сыйлаған адам өзі түсінер.

Аңыз айтады

Бірде жортуылдап келе жатып Сеңкібай батыр бастаған жасақ Далба тауының етегінен бір бала тауып алады. Баланы бұл қалмақ баласы, түбі жау болар деп Сеңкең жейдесінен найзаға іліп, көтеріп алғанда, інісі Шой ара түсіпті. Басқа жарымай жүр едім, менің екі ұлыма серік болсын деп қолқалап алады. Содан тауып алған жерінің атымен Далбатау деп атап, бала Ожаң баласы есебінде кеткен. Тұхым тегі белгісіз. Осы Далба төңірегінде кешегі Қаздауысты Қазбек би бабамызды сөреге ұстаған жер маңында, «Сеңкібай даласы» деген жазық бар.

Аңыз айтады

Мойнақ ауылының ұрылары Алтайдан жылқы ұрлап, мойындамаса керек. Оған алтайлықтар «пәлен үйге Сеңкібай кіріп шықса, біз сенейік » деп Биатамды

күманәустайды. Дауга түсетін Мойнекең
нөмересті Кейкі болған жайтты Сеңкеңе
айтпай, нәрсені үйдің бір малын жеп қайтайық
деп ағалымын үйге алып келеді. Сонан
алтайлықтарға хабарлайды, Сеңкең келіп
күманнан өтті, біз ақпыз деп. Дау осымен
басылады. Кейінде бір бас қосқан жерде
Сеңкібайбидің атағын, аруағын мадақтаған
өңгімелер айтылғанда, Алшынның ұрлық-
қарлыққа жақын жүретін Мұрат деген жігіті
өзін айтып отырғандарың, ұры Сеңкібай
мын» деген. Өңгіме көтеріле келе Сеңкеңе
жетеді. Оған қатты қапаланған Биатам Кей-
кіні қарғайды. Бір жұма өтпей Кейкі өліпті
деседі.

Биатам басындағы бақытты күндерім

2006 жылдың 11-ші шілдесі мен
қараша айының 27-сі аралығында
рухани Сеңкібай бидің – Биатаның мазары
жайтадан жаңарып салынып бітті. Сол мазар
қалай салынып, қалай бітті? Кімдер салды
және кімдер қатысты? Осыны айта кету
мойынымда қарыз еді. Баба мазарын
өзүлуге ақшалай көмек берген ұрпақтары
аз емес. Кім қанша берді, мәселе онда
емес, әркім өз қарызынан құтылды. «Келдің
дүниеге кетпек керек, бар ақылың жеткенше

өмір гүлін екпек керек» деп Би бабаның өзі айтқандай әркім ақылының жеткен жеріне дейін әрекет қылар. Кімнің қазанына ас түссе де, бір Алланың, ата-баба аруағының қолдауымен болар. Сонымен Биатам мазары қалай салынып еді.

2005 жылдың 30-шы мамыры күні бір топ кісілермен құрбандық шалып, баба басына түнедік. Түн ортасы ауғанша барған адамдармен бабам туралы аңыз әңгімелерді айтып отырыстық. Күні бойғы жүрістен шаршағандары жата бастаған соң, мен де жатпақ болып едім, болмады. Әлденеге елегзіп, бейіт басына барғым келіп тарта берді. Айдың өліарасы, түн қараңғы әрі жарықтан шыққанда көзге түртсе көргісіз түнек. Жүрегім өрікпи соғып, санап басып карауытып көрінген қорымға таяп бардым. Алдыңғы жақтан жылқының пысқырыңғаны, ауыздықтың, әлде үзеңгінің сылдыры естілгендей болды. Қазақ қашанда жылқы малын киелі санаған, өзімнің жалғыз емесімді сезіп, жылқыны ес тұтып, баба мазарының бас жағына келіп отырдым. Ішімнен күбірлеп білген дұғаларымды қайталап оқып, біраз отырдым. Ешқандай жылқы көрінбеді.

Бәрін кейін білдім ғой. Бабамның аруағы кейде жылқы болып келетінін сол кезде ойламадым да. Бойым үйреніп, денедегі діріл басылған соң, көлігіме барып, төсеніш алып келіп, бабамның аяқ жағына жатып ойға шомдым. Өткен заманда сайын даланы жатқа таптатпай, қанын, терін төгіп, күндіз-түні жортуылда болған батырлар шеруі, өздерінен бұрынғы өткен ата-бабалардың ғасырлар бойы өмір елегінен өткізіп, бізге дейін жеткізген салт-санасын қорғап, сөз саптаған билер легі, ұрпақ санасына жырларымен жатталған жыраулар көші көз алдымнан өтіп жатты. Қиял шіркін канат қағып, осы мен жатқан жерге талай әулие, батырдың табаны тигенін, сол қасиетті топырақты қалай қастерлей алсам деген ой келді. Бабамның өзінен кейінгі бауырлары, үзенгілес серіктері, кейінгі толқын інілері баба басына соқпай кетпек емес. Мүмкін әне бір жерде аруақты Жидебай батыр, оның жанында үш жүзге үлгі болған Қараменде би мен Тоқырауынның қанатты қарасы Сана би тұрған болар. Әріректе Байғозы мен Жарылғап батыр, салмақты да сабырлы Шабанбай би

көрінер. Қазақтың хан Кенесі Ағыбай мен Наурызбайды ерте келіп бабама тағзым еткен шығар. Қалай десек те бұл жерде талай асылдың табан ізі қалған. Ойды ой жетелеп, таң қылаң бере қалғып кетіппін. Қайда екені белгісіз миуалы бау ішінде жүр екенмін. Әр нәрсеге тамсана қарап келе жатып, алқақотан отырған бір топ ақ киінген аталарды көрдім. Қолымды кеудеме қойып сәлем бергенімде бәрі де бас изеді. Аталардың түсі сабырлы, әлдене ой үстінде. Ортада отырған от көзді, денелі ақсақал маған қарап «балам, мыңдаған ұрпағымның ішінен таңдау саған түсті, бір жыл алты айда басыма мазар көтер. Ұрпағымды Алланың ақ жолына баста, Биатаңның аманаты осы» деп үн қатты. Барлық аталар «Аллаң жар болсын» деп бет сипады. Одан әрі жауын жауған сияқты, ояна келсем көз жасыма булығып жатыр екенмін. Қуана дауыстап түс көргенімді, түсімде Биатамның аян бергенін айтып, көңілім шарықтады. Сол күні кешке дейін аяғым жерге тимей, өз өзімнен көтеріле жеңіл басып жүрдім.

Кешкілік ел орнына отыра менің де

сабам орнына түсті. Ойға салсам исі қазақ кие тұтқан әулие түгілі, жай адамға бейіт салар шамам жоқ екен. Қалтада көк тиын жоқ, құр кеуде кімге керек. Әкім болып ел билеген, немесе қалтасы қалың, жуан қонышты ұрпақтары тұрғанда бабам неге мені таңдады екен. Сөзін өткізер деді ме екен. Бидің айтқанын құл да айтар, тек аузының дуасы жоқ демекші, менің сөзімді кім тыңдар. Баба сауығына ие болып отырған ұрпағы марқұм Зәкішұлы Хакім ағама бардым. Кезінде азуы алты қарыс кеңес өкіметінің тар ноктасына басы симаған асау ағамның бұл кезде қартайған шағы. Қолда күш жоқ, ағайын талқысына салайық деп бастаманы мақұлдаса да, қайрандап шығарып салды. Төлеутай ағамнан да солай қайттым. Жартасқа бардым, күнде айқай салдым одан да шықты жаңғырық деп ұлы Абай айтқандай менде де жоқ, елде де жоқ болып шықты. Кімге барсамда, басында мазары бар сенікі не сандалыс, киелі аруаққа соқтықпай жайыңа жүр деген сөз. Мойынымда бабамның аманаты барын қалай айтып, кімге ұқтырам. Өң мен түстің арасында не боларымды біле алмай жүргенімде, жиен ағам Қазыбек

, көршілес отырған қажы ағам Несіпбай ақсақал, Амантай, Кеңесбай ағаларым, жаныма медеу болып, асыл сөздерімен бойыма қуат құятын.

Жаз шыға не болса да киелі Түркістан, әулиелі Қаратауды аралап әулиелердің басынан өтейін деп, оңтүстік өңірге аттанып кеттім. Ол жақта болғанымда аманат алған қандай, оны орындамаса не боларын көзіммен көріп, көңілге ой түйіп қайттым. Келе, маңымда жүрген, сөзім өтер азаматтарға қолқа салып, бабам мазарын табиғи таспен салмақ болып көмек сұрадым. Бабамның аруағын, өзімнің жеке басымды сыйлаған адамдар алпыс мыңдай ақша жинап берді. Сол ақшаға тек жанар май алып жеткізіп беруге келіскен соң, екі Камаз көлігін тіркемесімен алып жолға шықтық. Бұл алғашқы қадамға Егіндібұлақ ауданынан бауырым Манарбек, інісі Жандос, Оразбек, Нұрлан мен Асқар, Нұрдәулет деген азаматтар сауап үшін атсалысып еді. Мақсат, Оразғұл бабам ұрпақтары мекендеп отырған жерден тас алып келіп, мазарды тастан соқпақшымын, әрі алғашқы тасы ұрпақтарынан болсын деген ой еді. Сол күні Биатам басына жетіп

кой сойып, құрбандық шалып жаратқан жалғыз Аллаға құлшылық қылып, бабаның қолдауын сұрадық. Келер күні түн ортасында Аққораға жетіп қонып шықтық. Менің ізгі ниетімді қолдаған баба ұрпақтары жездем Сатыпалды, Марат ағам, Мақан құрдасым, Амантай, Дағат, Ерлан, Мейрам, Мереке, Марат, Күнғали, Серікбол, Дәурен, тағы басқа жасы кіші бауырларым екі сөзге келмей төрт көлік тасты тиіп берді. Мақан құрдасымның әйелі Бақыт, жеңгелерім Гүлжан мен Күлішжан дайындаған тамақты ішіп алып Қарағандыға қарай жолға шықтық. Жолшыбай Сайран құрдасым бабасына арнап бір қойды салып берді. Сонымен ертеңіне түске таяу баба басына жеттік. Әрлі-берлі көтергенмен қалап салынған ауыр тасты, көлік өз бетімен көтерер болмады. Күн шаңқай түсте тасты қолмен түсіріп жатқанда тағы бір кереметтің куәсі болдық. Күн қақ төбеде тұрса да айналаны қалың тұман басып, тас түсіріп болғанша қоршап тұрды. Бабамның қолдағаны болар.

Тас әкеліп түсірген соң Қарқаралыға барған сапарымда Бағдат ағам Балқаш қаласындағы Махмұт бауырыма жолығуымды өтінді. Мен Оразгүл

бабамның үшінші баласы Найзаның үлкені Наршөкеннен, Махмұт кенже баласы Жиенбайдан тарайды. Бұрын аралас-құраласымыз болмаса да сырттай естуім бар. Қолы ашық, алдына барғанға көмегін аямайды деп ақтоғайлықтар ризашылығын білдіріп отырады. Қараның баласына деген ықыласы тіпті ерекше деген соң, Биатамның мазарына бір көмек жасар деп Балқаш қаласына бардым. Махмұт Қытай асып кеткен екен. Інім Нұрланға жолығып, жағдайды айтып қайтып кеттім. Содан хабарласып отырып тағы екі рет барғанымда, біресе Англияға, біресе Алматыға кетіп жолыға алмадым. Жұмыс басты адам оңайшылықпен қолға түспеді.

Қасиетті Құран Кәрімде Алла тағалам «мен пендеме тек ниетін қалдырдым, басқаның бәрі менен» деген екен. Жоқтан бар жасаймын, болмасты болдырам деп жүгірген ниетім ақ болар, төртінші барған сапарымда Махмұтқа жолығып, осылай болса деп сызған жобамды көрсетіп, көмектесем деген уағдасын алдым. Көңіл шіркін басылды деген аты ғана.

Одан бері екі ай өтіп, қазан айы туғанда Қарқаралыдан Бағдат аға

хабарласып, ертең сағат 11-де Биатам басында кездесейік, Махмұт та келеді деген соң алып-ұшып таңертеңгілік сонда болдым. Қызыларайдан бауырым Болат бабасына арнап бір қой алып келген екен, соны сойып келер қонақты тосып алуға дайындалдық. Ақыры түс әлетінде сонша күткен Махмұт та келіп жетті. Хакім ағам, Төлеутай ағам, Бағдат, Аманжол ағаларым, тағы басқа аузында сөзі, қалтасында мөрі бар ағайындар өзара ақылдаса келіп келер жылы көктем туа іс бастамақ болып келісімге келді. Ортада сөз алған Махмұт бауырым, мазарға керекті бар қаражатты өзі мойнына алып, тек соны ұқсатуымды сұрады. Жат десең жатам, тұр десең тұрам деген менің жауабымды естіген соң, ағаларым да менің иелік етуіме қарсылық жасамады.

Аруағыңнан айналайын жан бабамның артында кешегі Құнанбай мырза, Мұса мырзадай қолы ашық, Атымтай жомарттай сақы ұрпағы бар екен. Жүгірген жетер мұратқа дегендей, бабамның салған аманатын орындар күн жақын деп жаратқан Аллама шүкіршілік айттым. Мен пендеме тек ниетін қалдырдым, басқаның бәрі менен деген Құран сөзін ішімнен кайталап айта беріппін. Күні кеше

қалтамда түк жоқ болып жүріп, бабама мазарды қалай салам деп жүгірсем, бүгінгі күні менен бай, менен бар адам жоқтай көңілім шалқып Қарағандыға қайттым.

Асыға күткен көктем де келді. Махмұттың тапсыруымен Мұрат деген сәулетшінің сызған жобасын да алдым. Тура өзім сызғандай батырдың дуылғасы болыпты да шығыпты. Жадырап жаз келді, көңілге тағы алаң кірді.

Сағынтып, сарғайтып барып көптен күткен күнде жетті-ау.

10 шілде кешкі сағат 23-те Қарқаралыдан Бағдат ағам телефон соғып, ертең ерте Биатам басына баруымды, кірпіш тиелген екі Камаздың Талды ауылынан өте бере көпір үстінде мені тосатынын ескертті.

1 шілде таңертеңгі сағат 9-да екі «бус» көлігімен жиырма шақты адам алып, Биатам басына бардым. Кірпіш тиелген екі Камаз тосып тұр екен. Кірпіш ақ «силикат», Балқаш қаласынан бауырым Махмұттың тапсыруымен жолдасы, Ақтоғайдың аяулы азаматтарының бірі Сарым-Қожағұл руынан Кәкітай деген ағам екі көлікке кірпіш тиіп жіберген екен. Бұл азаматтың бабам мазарына жасаған

көмегі ұшан-теңіз деуге болады. Мазар құрылысына кеткен елу мың ақ кірпіш, он жеті мың Тараз қаласынан әкелінген сыртқы кірпіші, күмбезі, мазардың өзіне сай айшығы осы азаматтың арқасы. Кірпіш түсіріліп, болысымен, Жаңажұрттағы Вовка ағамнан алып келген аттай нән ісекті Алланың ризалығы үшін бауыздап, қанының сауабын әулие бабам Сеңкібай биге бағыштап дұға оқыдым. Түс ауа Талды ауылына барып, ауыл ағасы Мақсұт ағаның ұйымдастыруымен он шақты ақсақалды батасын алуға алып келдім. Ақсақалдар әуелі баба басына барып дұға оқыды. Баба басындағы Талды азаматтарының көмегімен салынған тас үйге келіп дастарқан басына жайғасқан соң, өзімнің бастағалы отырған шаруамды айтып, ақсақалдардан бата сұрадым. Әңгіме бұрынғы салынған бейітті бұзуға келгенде, ақсақалдар бір ауыздан қарсы шықты. Ақсақалдардың бабамның басын қызғыштай қорыған бұл әрекетіне ризалығымды айтып, бұзбаса болмайтынын, бұрынғы қаланған қызыл кірпіштің борып бара жатқанын айтып түсіндіріп бердім. Дәм үстінде өзімді барлық жағымнан таныстырып, мұндай шешімге келгеніміз барша ұрпақтарының

ұйғарымы екенін айтып, әрі өзімнің мойнымдағы аманатты, әрі көпшіліктің ұйғарымы бойынша осы шаруаға түгелдей иелік ететінімді жеткіздім. Ас соңынан ауыл имамы Рақымжан молда дұға бағыштап, бастаған ісіме ризашылығын білдіріп батасын берді.

Жиналған көпшілік тарап жатқанда Қарқаралыдан Бағдат ағам да келіп жетті. Ас артынан өзінің Қарағанды қаласында кейінге қалдыруға болмас шаруасы барын айтып, Хакім ағаның ауруханаға түскенін, Төлеутай ағамның демалуға кеткенін айтып, ертең келермін деп рұқсат сұрап қалаға жүріп кетті.

Баба басында жалданған төрт құрылысшымен Қуат бауырым скеуміз ғана қалдық.

Әншейінде бабам басына қанша түнеп жүрсем де, осы бір шілденің 11-інен 12-не қараған түн мен үшін ең ұзақ, ең ауыр, әрі ең бақытты түнім болып, мәңгі есімде қалды. Күндіз қуаныштан көпшілікпен абыр-сабыр жүріп, ештеңе ойламай, ел кеткен соң бар ауыртпалықтың өзімде қалғанын сезінгенде жанымды қоярға жер таппадым. Көңіл шіркін көк дөнен ала қашып, ойым сан

– саққа жүгіріп, осы бастаған ісім дұрыс па, әлде күнәға белден батып, бабамның назасына қалсам, артымдағы жаңа жетіліп келе жатқан бала-шағама кесірім тиіп, бүкіл әулеттің сүйегіне таңба болам ба деп мазам кетті. Жанымда қалың Қожас бабамның ұрпағынан ешкім жоқ, ағаларым үлкен болған соң бірдеңені білген ғой. Бастаған өзі, не көрсе де өзі көрсін деп мені жалғыз қалдырған екен деп орнымда жата алмай бабамның басына барып кешірім сұрай жыладым.

«Бастаған ісім қисық болса бабамнан мен үшін кешірім сұрай көріндер» деп кешегі көзім көрген марқұм әкем Нұртай мен ағам Төреге жалбарындым. Содан жылап дұға оқып жатып таңға жақын көзім ілініп кеткен екен. Өткен жылғы түсімде көрген бейнеде келген Биатам «Тұр, балам, аманатыма қиянат жасама. Қалың Қожас аруағы сенім артқанда, сыннан сүрінбей өт. Әрқашанда өзім қасында болармын. Кәне тұр» деп орнымнан тұрғызып жіберді.

Ояна сала орнымнан тұра сыртқа шықсам сіркіреп жаңбыр жауып тұр екен. Бұл – 2006 жылдың 12-ші жұлдызы. Өзен жағасына барып шайынып, дәрет алып

жаратқан жалғыз Алланың осы күнге аман-есен жеткізгеніне шүкіршілік қылып, бабам басына келіп дұға оқыдым. Құрылысшылар да тұрып үлгерген екен, таңғы шайымызды ішіп, Қуат екеуіміз баба басына бардық. Алдымен дұға бағыштап, арнайы тігіп алып келген көлемі 64 шаршы метр ақ матаны бұрынғы қам кірпіштен қаланған бейіт үстіне жаптық. Бұл мата бір жағынан бабаға жапқан ақтық болса, екінші жағынан бабамның топырағына басқа топырақ араласпасын деген ой. Сонсоң Қуатты да қайтарып жіберіп, бас жағына барып бабамнан кешірім сұрап «әулие баба, бастаған ісім қате болса, басқаны емес мені жазала, дұрыс болып мақсатыма жетсем сауалқа жаздырып, көмек көрсеткен барша ұрпағыңа батаңды бер» деп бордай езіле, екі көзімнен жас ағып жүріп, арт жағындағы екі кірпішті бисмилла деп алып тастадым. Содан соң құрылысшыларды шақырып, олар бұзуға кірісті. Осы күннен бастап мазар салынып толығынан аяқталғанша, яғни жүз отыз жеті күн бойына құрылысшылар таңертең әуелі дәрет алып, дұға оқып барып жұмысқа кірісетін.

Түс ауа Бағдат ағам келгенде біз аумағы 64 шаршы метр бейітті бұзып болып едік.

Әу баста бабам басына қам кірпіштен салынған бейіттің сыртын ала цемент блоктар қойылып, үстіне күйдірілген қызыл кірпіштен қаланыпты.

Бұл бейітті қаларда прораб болып істеген Тілеуқор бауырымның айтуынша 1984 жылдың 18 қыркүйегінен қазан айына дейін үш рет Қазақ ССР министрлігінен жеделхат келіпті. Қалайда Сеңкібай бидің басына мазар салынсын деп. Бұған кім мұрындық болғаны белгісіз, келешекте анықтала жатар. Содан Сеңкібай бабаның мазарын көтеру жөнінде комиссия құрылған.

1.Смайылов Дулат, төраға, директор.

2.Мусин Тілеуқор, орынбасар, прораб.

3.Ермекбаев Тілеуқор, мүше, басбух.

4.Линф Виктор, мүше, инженер.

5. Байленов Аман, мүше, завгар.

6.Жаппаров Айбат, мүше, управ. 2.

7.Шешенов Сағат, мүше, завсклад.

Жүргізушілер;

1.Ахметов Сәрсен Зил-130

2.Алпысбаев Мергенбай Газ-53

3. Қыздарбеков Шырынбай

/кран жүргізуші/.

Және 1104 ПМК құрылысшылары.

Мазар 1984 жылдың қазан айының 26 күні қаланып біткен.

Мазар қаланғанда цемент блоктарды іргетасқа қойғанда әлде қалай кірпішпен блок арасына төсеніш төселмепті. Мүмкін, Алланың қалауы солай болар. Блоктардан өткен ылғал тікелей кірпішке өтіп, бори бастаған. Қанша дегенмен арада өткен 22 жыл өз дегенін істеген. Шамамен алты мың кірпіштен бір жарым мыңы ғана сау шықты. Кейін бұл кірпіштер Сәду ақсақалдың қолқа салуымен Дайыр деген азаматтың бейітіне жұмсалды. Мазардың маңдайшасы доға тәріздеп қаланып оған ақ түсті кірпішпен СЕҢКІБАЙ деп жазылған. Осы доғаны бұзғанда үшбұрыштап бүктелген қағаз шықты. Жазуы түрік халқының бірінің тілінде жазылған, түсініксіз. Сірә, құрылысшылардың бірі өз тілегін айтып жазған болар. Қазір менде ескеркіш ретінде сақтауда.

1958 жылы баба басына ертеректе тұрғызылған шикі кірпіштен қаланған бейіт құлап қалған соң, баба ұрпағы Құдыш ақсақал сол маңдағы үлкендерді ұйымдастырып, темір шарбақпен қоршаған екен. Ақбауыр ауылынан арбаға салып жеткізілген көктасын қойған. Тасты Құдыш атам өз қолымен құйып, атын жазыпты. Құдыш ақсақалмен бірге ауыл

үлкендері Балқожа, Әлжан, Бейсенбек, Нашарбек, Байсары, Қали, тағы басқа ақсақалдар екі арба мен келген екен. Кейінде бұл тасты құрметпен өз орнына орнаттық. Ертеректе Әлімхан Әбеуұлы Ермаков қызғылт мәрмәр тастан белгі қойыпты. Әлдекімдер алып кетті ме, бұл күнде көрінбейді. 1997 жылы тамыздың 8 жұлдызында ұрпақтары атынан гранит тастан ескерткіш белгі қойылған. Мазар құрылысы бітер кезде, баба басына зират етушілердің өтінішімен, Биатамның қысқаша өмірбаяны қашалған тасбелгі қойылды.

13-14 шілдеде бұзылған кірпіштер тазаланып іргетасын құраға дайындалды.

15 шілдеден 21 шілдеге дейінгі күндер түгелдей іргетасты дайындауға кетті. Тереңдетіп қазылды, ірі тас қиыршықтары салынды, битум құйылды берік болуы үшін арматура тартылды. Жалпақтығы бір құлаш монолит болып шықты.

21 шілде күні алдын-ала хабарланған баба ұрпақтары Түшкенұлы Тұяқхан, Қойшыбайұлы Аманкелді балалары мен жұмыскерлерін ала келіп, іргетасты құраға атсалысты. Сонымен қатар өз інім Манас та жолдастарымен келіп көмек жасады. Қарағандыдан бұл күні көмекке

келген адамдарды қоса есептегенде слу алты адам іргетасты құюға қатысты. Бұл тамақ жағында жүрген әйелдер мен үлкен ағаларымды есептемегенде. Іргетасқа керекті тасты, ніс сіңген тас болмас деп таудан бұзып, өзімнің «бусигіммен» тасыдым. Себебі іргетас бір күнде құйылып, жіксіз болсын деп ұйғардық. Жалпы құрылыс барысында келіп-кетіп көмек көрсеткен бауырларымның аттарын тізе кетсем артық болмас. Асқар, інісі Айдар, шешесі Катайн, Ескен, Абзал, шешесі Гуля, Бағдат, Аян, Салтанат, Саламат, Жанат бауырым, Оралбек, Ойрат, ағайындылар Жанат-Манат Шолпан, Ғалия, Тиышбала тәте, ақтоғайлықтар Абзал, күйеу балам Қайыр, қарындасым Саягүл, Жүнісов Серік, Өмірбаев Дәулет, Абдолла-Бақтыбала, балдыздарым Ермек, Еркебұлан, бауырларым Медет, Алмас, Қуан, талдылық Түркен жездемнің баласы Данияр, Талды ауылынан көмек көрсеткен ағайынды Мақсұт, Мағауия ағаларым, Ерғазы ағам інілерімен, Базарбай, Қайырбек, Аманкелді, Алпысбай, сол кезде ауыл әкімі болып сайланған Боранбай, Мұхтар молда, тағы басқа аттарын ұмытқан жігіттер, рухани

көмек көрсеткен Рақымжан молда, Сәду ата, Сақып, Ермек шешелерім мен Құдыш атамның қызы Қымбат апам. Жаңажұрттық Вовка, інісі Коля, байбалалық Бекіш ақсақал, ақбауырлық Алтынмұрат қажы ағам, ақшоқылық азаматтар мен жиендер. Баба басына келіп малын сойып, құрмет көрсеткен, ақшалай көмек жасаған туыстар аз емес, бәріне де Аллаһ жар болып, Биатамның аруағы қолдасын.

Екі-үш күннен соң іргетастың сырты бұзылып алынып тасталды.

29 шілде, қасиетті жұма күні бауырларымның ұйғарымымен баба мазарының алғашқы тасын өзім қойдым. Бұл күні де бабаға арнап қой сойып, жақын ауылдардан кісі шақырып, құдайы тамақ бердік. Сол күні өзен жағасына шомылуға барған жігіттер байқаған бір құбылысты айта кетейін. Мен өзім алғаш бабам басына 1986 жылы нағашым Алпысбаймен бірге келіп едім. Содан 1998 жылы Қарағанды қаласына көшіп келгелі жыл сайын үзбей келіп тұрдым. Сол кезде өзен суы ішуге келмей, жолдағы Аққияқ ауылынан ауыз су ала келіп жүрдік. 2005 жылдың жаз айынан бастап өзен суын татып көрсек, тамаша, әншейінде кермек тартып тұратын су Арқаның қасқа

бұлақтарының суынан еш кемдігі жоқ, кәдімгі тұщы су. Баба басына мазар салуға келгелі ағыстың бас жағынан ауыз су алып, төмендеу жағына шомылып жүр едік. Сол күні су алатын жер мен шомылатын жер аралығын бөліп тұрар қыл пайда болыпты. Бұл кереметке сенбей қылды қозғап көргенде, су толқыны басылысымен қайта пайда болып таң қалдырған. Біз өзіміз қашан мазар біткенше, яғни қарашаның 27-не дейін баба басындағы суга шомылып жүрдік. Күн қандай суық болса да салқындығы қашанда бір қалыпта болып тұрды. Өзен суына сеніммен түскен адам жарқабаққа баспалдақпен көтерілген сәтте, қарсы алдынан жылы леп соғып, тұла бойыңыз эп-сәтте құрғап шыға келетін. Бұл құбылыс та баба қасиетінің бірі болар. Айтпақшы, кейде бабаның құрылысшылар жатқан вагонды, немесе менің көлігімді тербеткен кездері бар. Таң ата құрылысшылар, оншақтысы жабылып орнынан қозғай алмай бас шайқасатын. Бабамның бұл әрекеті алдағы болар оқиғаға ескерпесі екенін соңынан барып түсінетінбіз. Басы басталған соң баба басында көрген басқа да құбылыстарды айта кетейін. Ораза

басталар алдындағы жұма күні болатын. Мен Қожай ағаммен ақылдаса келе, сол күнге жақын ауылдардан ақсақалдарды шақырып, өзіміз ораза ұстай алмайтын болған соң, құдайы тамақ бердік. Байлаулы тұрған бір қойды Жидебай батырдың аруағына арнап, дұға бағыштағтым. Жиналған ақсақалдар «қарағым, бұның қалай, біз Сеңкең басында отыр емеспіз бе» дегенде «ағалар, Жидебай баба, менің бабамның үзеңгілес, қанды көйлек серігі, қатарлас інісі, бабам басына күніне төрт-бес қой сойылып жатыр. Биатамның ұрпағы бола тұра, оның бауырына бір қой соя алмасам менің кім болғаным» деп жауап бердім. Сол күні кешкі сағат 23 шамасында сыртқа шықсам, бабам басына аппақ жарық түсіп тұр. Арғы-бергі жағына шығып қарасам да , келе

жатқан көлік немесе басқа жарық берер ештеңе байқалмайды. Дауыстап, үйдегілерді сыртқа шығарып алып, бірге тамашаладық. Ол кезде мазар қабырғасы іргетастан бір құлаштай көтерілген болатын. Анықтап қарасақ мазар үстінен қазіргі мазар бейнесіндей болып аппақ сәуле төбеден құйылып тұр. Ойлана келе бұл баба мазарына құйылған жаратқан Алланың нұры болар деп шештік.

Ораза басталғалы біраз күн өткен. Күнде таңғы сағат алтыда оятатын Қожай ағам бұл күні тіпті ерте оятты. Сөйтсем қона жатқан қонақтардың бірінің ауызы берік екен. Сол кісіге сәресі бермек болған Қожекең, сауапқа ортақ болсын деп мені де оятыпты. Жуынып-шайынып шайға отырғанымыз сол еді сырттан бала мысықтың мияулаған үні естілді. Айдалада жүрген не мысық деп қарасақ ештеңе жоқ. Аң-таң болып қойдық. Таңертеңгілік есік алдында екі қарлығаш қонақтап отыр.

Орталарында бір шымшық. Өзен жағасына бара жатқанымда бір түлкі көлбеңдеп өте шықты. Сол кезде барып өзімше жобаладым. Маған көрінген бала мысық Бегімысық әулиенің, қарлығаштар Сана бидің, шымшық Ағыбай батырдың, түлкі боса болмаса Жидебай батырдың алмажайы. Алғашқы көрінген нұр оразаға құдайы бергеніміз үшін, Алланың ризашылығы, кейінгісінде сәресі беріп жол көрсеткенге бабалардың қолдауы болар деп ойладым. Жалпы баба басында өткізген жүз отыз жеті күн ішінде ата-баба салтымен алты рет қонағасы бердік. Тіпті баба мазарының іргесіне егінге орақ салған диханға

арнап, ерулік ұйымдастырдым. Би атам басында отыру, ата-баба салт-дәстүріне берік болып, бабаң атына сай қызмет қылу оңай шаруа емес. Осының бәрін жалғыз істедім десем артық болар. Жанымда Ақтоғайдан сауап үшін, балашағама бабаның батасы тисін деп ақысыз көмекке келген Жарқынбеков Қожай ағам болды. Керней ата баласы Қанат, Мәшһүр Жүсіп елінен Дәулет бауырым. Қожекен арқа сүйер ағам, Дәулет пен Қанат қорған болған панам еді. Қожекеннің қай жақсылығын айтайын, маған ғана емес сол жерде жүрген бәрімізге әке орнына әке, шеше орнына шеше бола білді. Ашулансам ашуымды басып, әрқашан сабырға шақырған Ардақтың орны бір бөлек. Қожекен ақылын айтар Абылайым болса, Қанат, Дәулет, Ардақ – үш бауырым қорған болған Наурызбайым. Баба басына қаланған алпыс жеті мың кірпіш Дәулет бауырымның қолынан өтіп, Қанат соның бәрін қалап шықты десем артық болмас. Бұлардың бабама жасаған құрметі, атымды атамай Жүке деген ізетін жер басып жүргенде ұмыта қоймаспын. Ылайым Алла тағалам бұлардың от басына амандық берсін, ата-бабаларының аруағы қолдасын

деп тілеймін. Жалпы, баба басына қызмет көрсеткен адамдар әр атаның баласынан Қаракесек, Үйсін, Қаржас, Қырғыз, Қалмақ, Алшын, Тобықты.

Әулие бабалар Сеңкібай бидің мазарын салсын деп әдейі жібергендей.

30 тамыздан бастап көмекке келген Ермекбай ағам, Қарқаралының Қарагаш ауылынан келген Мамыр мен Мерей. Қалжыңбас Аспандияр. Бұлардың әрқайсының да өз орыны бар азаматтар. Бәрінен бұрын бұл азаматтардың жай ғана құрылыс емес, тарихи маңызы бар, әулие бабаның мазарын салысып жатқанын жүректерімен сезіне білгендігінде. Әрбір қаланған кірпіш солардың әуенімен, ыстық ықыласымен қаланған. Осы күні де бабам басына барғанда жанымда болмаса да, сол жігіттердің күлкісін, әзіл-қалжыңдарын естіп тұрғандай әсер алам.

27 қыркүйек күні Бағдат ағам ертең Балқаштан күмбезді әкелетінін, алдын ала орын дайындап, түсіріп алуымды ескертті. 28 қыркүйек Балқаш қаласынан екі Камазға тіркемесімен төртке бөлінген күмбез әкелінді. Күмбезді қайта құрастыруда Ерекеннің (Ерғазы) көмегі өте көп болды. Күмбезбен қоса есік те әкелінген. Үйдің жақсы-жаманы

сыртқы есігіне қарай болса, мазардың да айнасы есік болар. Қазанына қақпағы сай келмегендей ойға келіп жүр едім. Бұл шаруаны қос бауырым Ақкісі батырдың ұрпағы Бегайдар мен Данияр шешіп берді. Теміртау қаласына апарып есікті қайта жасатып алып келді. Есіктің орта тұсынан жоғары, менің қалауыммен Қазауысты Қазыбек би бабамның балдағында болған, біз мәңгілікпіз деген белгі мөрі таңбаланды. Қалған ою-өрнегі екі бауырымның қиял жемісі. Әрбір келгенінде Камазға құм арта келген бұл бауырларымның бабасына көрсеткен еңбегі аз емес. Баба ұрпағы Кәшібай ақсақалдың әулетін Ерғазы ағам бастап әкеп, бір көтеріп тастады. Ақшалай берген көмегіне қоса, күйеу баламыз Саят бір көлік цемент те жеткізіп берді. Сонымен қатар Сұңғат бауырым да екі көлік құм жеткізді. Әдепбаев Кеңесбай ағам әулеті де цемент, құм тасып көмектесті. Інім Нұрлан бір көлік тас пен бір көлік ағаш жеткізген. Бұл тасы мазар айналасы мен іргетасын қаптауға молынан жетті.

Ендігі кезек осы мазарды тұрғызуға қатысқан аға-бауырларымдікі. Жасы кіші болса да үлкен азаматтық танытқан Әліпбергенов Махмұт бауырым

болмаса бұл мазар салынбай қалғандай. Әрине, ұрпағы бар болған соң береді ғой деушілер табылар. Кімге кім бергендей, біреудің қазанына біреу ас салмас. Бірақ Махмұт кешегі қалың елге аға болған, жоқ-жетікке пана болған мейірбан Оразгүл бабаның ұрпағы екенін тағы бір танытып өтті. Алла жанына жамандық бермей, бабасының ырзығын берсін деп тілеймін. Әулие бабаның басына мазар салу мен үшін арман еді. Мені сол қиял-арманыма жеткізген, демеу берген Әдепбеков Бағдат ағам. Күнделікті жұмыс соңынан, әр жұмада Қанағатын ерте келіп шешуін таппас небір шаруаны шешіп беретін. Баба басында менің мұңдасым да, сырласым да осы ағам еді.

Бәкеңнің әр келген сайын айтар әңгімесін, жігіттер де асыға күтетін. Хакім аға, Кәкең сырқаттанып жүргеніне қарамай үлкен шаруа жүріп жатқанда қалай ауырып жатам деп анда-санда келіп тексеріп кететін. Кәкең келеді дегенде айналаны тазартып, жігіттерге бейсауат сөйлемендер деп ескертіп, Биатамның өзі келіп тексерердей дайындалатынынмын. Қай жерімнен мін тауып кетер екен деп қыпылдап тұрушы едім. Обалы не керек, Кәкең ағам маған, сенікі қисық деп айтқан

емес. Қайта мен боқтаған адамды қоса боқтап, айызымды қандырушы еді, марқұм. Үлкен аға – Төлеутай ағам қисығымды да, дұрысымды да, өзімді де, сөзімді де көтере білген Нар ағам. Күн сайын десем болғандай, кейде екі, кейде үш аяқпен, таяғын ұстап, құрылыста күнделікті керек болып жататын ұсақ-түйекке дейін әкеліп шапқылап еді. Мәшей атамнан тараған әулеттің басы, таудай Төкең бабасының құрметіне жас баладай жүгіріп, қызмет қылды. Осындай нар ағаларым, бар ағаларым болмаса мен кім едім? Иә, мен кім едім, күні кеше ғана көптің бірі едім. Аруақты бабамның арқасында ел танитын адам болдым.

Әулие Зеңгі бабаның әйелі, Әнбар бибі атақты Қарабура әулиенің қызы екен. Бір күні тамақ дайындап жатса, бір қара дақ түсіп кетіпті. Әрі-бері қарап таба алмай, осы тұста болар деп екі-үш ожауын алып тастап, ашығып отырған отағасына алып келеді. Тамағын беріп отырып отағасынан «осы сіздің әулиелігіңізге менің қатысым бар ма» деп сұраған екен. Зеңгі баба әрі-бері ойланып «қатысың жоқ» деп жауап беріпті. Сонда Әнбар бибі тугалы тұрған қызыл сиырға бабаны ертіп әкеп, «мына

сиырдың туар бұзауының түсі қандай» деп сұраған екен. Зеңгі баба «маңдайында ағы бар, қызыл қасқа бұзау» деп жауап беріпті. Әнбар бибі «құйрығының ұшы ақ қызыл бұзау» депті. Біраз күн өткен соң қызыл сиыр бұзаулап одан құйрығының ұшы ақ, қызыл бұзау туады. Бұған таң қалған Зеңгі бабаға Әнбар бибі, сол күнгі тамаққа түскен қара дақ туралы айтып беріпті. Сол қара дақ көзіңізге көлеңке болып, құйрығының қайырылып, маңдайда жатқанын байқамағансыз деген екен. Сонда барып Зеңгі баба өзінің әулиелігіне әйелі Әнбар бибінің де қатысы барын мойындаған екен.

Сол аңызда айтылғандай бұл күнде мен кім болсам да, бұған менің жан жарым Баянның да қатысы бар. Қиналып қысыла қалсам, түс көріп шошына қалсам шақырып алып, ақылға салып шешуші едік. Менің бар-жоғымды білгізбей, әкеміз Биатамның аманатын орындауда деп барға да, жоққа да шыдаған екі қызым, Ақнұрым мен Мөлдірім. Науаным мен Олжасым болса өзіммен бірге, Биатам басында болып, ыстық-суығын бірге көтерісті.

Қараша айы да туды. Мазардың кіре беріс баспалдағын жеті саты қылып Қарқаралыдан көмекке келген Сәкен, Ра-

шид, Бауыржандеген азаматтар қалапшықты. Жеті саты қылу себебіміз, бабамның саны жеті. Оған 1993 жылы ас бергенде жетпіс жеті үй тігіліп, жетпіс жеті ат бәйгеге қосылғанын, әрі бабамның жетпіс жеті жыл өмір сүргенін айтсақ та жеткілікті. Есік алдына жайылған тас ішінен, қалдырған гүлзардың да жеті санын бейнелеуі осыған саяды. Келіп жатқан баба аруағына тағзым етушілерге арнап ақтық байлауға бақан керек болар деп бір қайынды кесіп әкеліп едім. Бас-аяғын кесіп, аршып орнатқан соң қарасам, құдая тоба, кескен бұтақтан анықтап қараған кісіге арапша Алла деген жазу шығып тұр. Бұл да Жаратқанның қалауы болар.

11 қараша күні Махмұт бауырымыздың жұмыс ыңғайына қарай мазардың ашылу салтанатын өткізбекші болдық. Алдын ала ағайын-туғанға хабарлап, сол күнге даярлық жасадық. Асқа келушілерге арнап үш ағам үш үй тікті. Баба ұрпағы Разақ аға, әрі құдам Қарқаралының беделді азаматы үлкен шаруашылық басшысы, асқа келген адамдарды күтуге бар жабдығымен үйін тігіп, қарсы алды. Биатам атындағы шаруашылық басшысы Бағдат ағам, менің рухани қолдаушым, бүкіл жаз бойы басымызға үйін тігіп,

көлігімен де көмектескен еді. Бұл күні де ауыл азаматтарын ала келіп, асқа келіп-кеткен, қабыл болсын айтушыларға дейін құр жібермей күтті. Баба ұрпағы сөзді де, жөнді де білер Тұяқ ағам бұл жолы да өзін көрсете білді. Бабасына арнап жіберген ақ бозын шалып, отбасы мүшелерімен алыстан келген сыйлы адамдарды қарсы алды. Кешегі Мыңғыш атамның ұрпағы Аманжол ағам да ас беруге керек-жарақты тасып, өз үлесін қосты. Асқа бір жарым мың адамдай қатысты. Не айтылды, не қойды онда менің шаруам болмай төбем көкке жетіп, аяғым жерге тимей ұшып жүрдім. Бар бітіргенім 1958 жылы, 1984 жылы баба басына еңбегі сіңген, бұл күнде марқұм болған адамдарға арнап, аттарын атап дұға бағыштаттым. Бұл менің осы өмірімдегі ең бақытты күнім болар. Ас артынан сөз алған Бағдат ағам мені Биатамның шырақшысы етіп тағайындады. Ас та тарады бірақ алда әлі де жұмыс бар еді. Ендігі қалған төртеуіміз Қожай ағам, Дәулет, Қанат және мен тағы да он алты күн жұмыс істеп, баба басын толығымен бітіріп, жүз отыз жеті күн дегенде алтын босағама оралдым. Санап отырсам Биатамның берген бір жыл алты айының бітуіне тура үш күн қалған

екен. Мазар бабамның өзі қалағандай дулыға тәрізді болып, Арқа өңірінде бұрын болмаған бейнеде қаланып шықты. Биіктігі ұшар басына дейін он үш метр, көлденеңі ішінен сегіз метр. Атына заты сай мазар болып дер уағында қаланды. Өз ойымша бабамның берген аманатын толығымен, уақытында орындап шықтым.

Арада екі жыл өтті. Биатам басына өз каражатыма тілеухана салып бітірдім. Бұл шаруаның бітуіне жақын інім Қанат, Жолдыбай сияқты азаматтармен қатар, Катайн, Шолпан, Ғалия, Баян және балам Науанның жолдастары Шыңғыс, Тұрар, Қайыржан,

Жақсылық, Дәулет қатысты.

Ішілдеден 27 қараша аралығында Биатам мазарын салуға қатысқан: Жарқынбеков Қожай, Лапиев Аспандияр, Қарабаев Дәулет, Әміров Қанат, Рысбеков Дәулет, баласы Олжас, Бесбаев Ермекбай, Сабленов Мамыр, Абаев Мерей, Ардақ, Дамир, өзімнің балаларым Науан, Олжас және мен Жұмажан Нұртайұлы. Алла жар болып, Биатамның аруағы қолдасын.

Жалайыр Ескелді би баба былай деп айтып кеткен екен:

Ескергенді ескерермін,
Ескермегенді дес көрермін.

Өзін ескерген, өзгені де ескерсін,
Кімде кім мені ескерсе,
Мен де оған ес берермін!
Ылайым, солай болсын.

Нұржан ақсақалдың әңгімесі

Нұржан ақсақал біздің елге күйеу болады. Ол үйдегі апамыз Бану Биатам ұрпағынан. Сол жездеміздің айтып берген бір әңгімесі.

1970 жылдың шамасында балам Ермек скеуміз жолаушылап кетіп бара жатып, баба басына соғып, құран бағыштай кетейік деп, Комсомол колхозына соқтық. Сол ауылдан бір молданы ертіп, баба жатқан жерге бет алдық. Жол үстінде молдадан баба жайында не білесіз, әңгіме айтыңыз деп қолқа салдым.

Естігенімді айтайын ба, көргенімді айтайын ба деп молда баба жөнінен көп білетінін аңғартты. Естігенім ертегі болар көргенімді айтайын деп мына бір әңгімені айтып беріп еді. Жас жігіт кезімде Қоянды жәрмеңкесінен мал сатып алған бір сарттың малын айдауға жалданып едім деп бастады әңгімесін моллекең. Байдың өзі артта пәуескеде, мал айдағандармен жас мырзасы ере жүрді. Күн ыстық,

байдың сатып алған тайыншалары күндіз шыбындап, жүріске көнбей көбіне түс ауа кешкі салқынмен үдіре жүріске салып келе жаттық. Бір күні кешқұрым осы баба жатқан тұсқа жеттік. Арамыздағы үлкен кісілер жас мырзаға «мына бейіт Сеңкібай деген әулие кісінікі, тоқтап еру болайық» деп айтып көріп еді, онымыз тіпті көтеріліп кетті. «Оңбаған қазақтар, күні бойы жаттыңдар, кешкі салқынмен жүріс өндірейік, сендер көрінген төмпешікті әулие көріп, соқса кәні» деп бабаның мазарын камшымен тартып-тартып жіберді. Аузы қисық болса да бай баласы сөйлеген заман, қарсылық жасай алмай жүре бердік. Содан бейіттен сәл ұзай бере бай баласы аттан өкіре құлап түсті. Жүгіре жетіп көтеріп алсақ, екі көзі ағып алдына түскен екен. Арттағы байға хабар жібердік, ол келіп, көзі болмаса да жаны қалсын деп, жан-жаққа ат шаптырып, тәуіп іздеді. Күн шыға жас мырза қайтыс болып осы араға жерледік. Келер жылы басына бейіт соқтырды. Міне, сол сарттың баласының бейіті деп баба мазарынан әудем жердегі кішкене шошақ бейітті көрсетіп еді деп Нұржекең әңгімесін аяқтады. Кейінгі кездері бұл бейітті Қаракесек Кәрсөн

Сақау байдың қызының бейіті еді деп те айтып жүрді. Біреулер қыздың өзі сақау еді деседі. Бір шабыншылықта қарсы жақтың батыры Кәрсөн жігіттерін шетінен соққыға жығыпты. Сонда Сақау қыз ерлерше киініп, қарсы шықса керек. Батыр қыздың сол нығынан найзасын қадағанда басындағы дуылғасы түсіп, бұрымы тарқатылып кетсе керек. Батыр мен ер деп қызды өлтірдім деп күйініп, мал-жанға қарамай кетсе керек. Осы ғасырдың бас кезін де әлде кімдердің көрсетуімен Кіші жүз Тама руының адамдары келіп, біздің бабамыз Малғара жатыр деп көктас қойып кетіпті. Анықканығын Алла білер, дегенмен сол сарт баласына салынып, оған Сақау анамыздың жерленуі мүмкін.

Биатам аты Молдавияда

Биатам мазарынан жолмен барғанда жеті шақырымдай жерде Жаңажұрт елдімекені орналасқан. Екі ортаны Талды өзені бөліп жатыр. 2006 жылдың сәуір айында баба басына мазар тұрғызам деп шапқылап жүріп сол Жаңажұртқа соқтым. Ойымда мазар салғанда керек болып жатса, жұмыскерге

соятын малды бөгетсіз алып тұру үшін, алдын ала малшымен келісіп қою. Елдің айтуы бойынша Азаматұлы Владимир деген мал шаруашылығымен айналысатын жеке шаруаның үйіне түстім. Шаңыраққа сәлем бере табалдырықтан аттағанымда, алдымнан келбеті тау халқына келетін бәденді келген келіншек шығып, сәлем алды. Қысқа ғана амандықтан соң, төрге дастарқанға шақырып, шайды да қойып жіберді. Дастарқан басына жайғасқан соң, отағасының бар-жоғын сұрап келген шаруамды айттым. Өзін Лилия деп таныстырған жеңгеміз молдаван қызы екен. Менің бұйымтайымды естіген соң мына бір әңгімені айтып берді. Былтыр, яғни 2005 жылы бауырым қайтыс болып, алыс Молдавияға Вовка екеуміз бата оқи барып едік. Қайтарда қан қысымым көтеріліп жүрген соң, немерелес ағайымның көріпкелдік қасиеті бар еді, не ем айтар екен деп кіріп шықтық. Есіктен кіре бере, амандықтан бұрын «Ей, сенің ауылыңнан бес шақырым жерде әулие адам жатыр ғой. Біздің білуімізше Қазақстанда 36 әулие бар. Соның бірі сол кісі, бұрын соңды өткен адамдарда мұндай әулие болған емес. Сен басына мал шалам деп әлі бармапсың ғой.

Қолыңдағы сумкада сол кісінің басынан алған шүберек бар, соны маған тастап кет » деп айғай салды деп жеңеміз әңгімесін аяқтады. Сол мал әлі мойнымызда, реті келмей жүр. Отағасы Қарағандыда ауруханада жатыр еді деді. Біздің бабадан аярымыз жоқ деп барған шаруамды отағасынсыз-ақ шешіп тастады. Вовканың інісі Коля бауырымыз да аңқылдаған ақкөңіл жігіт екен. Екі сөзге келмей қалаған малымызды табаққа толымдысы осы болар деп ұстап берді. Кейіннен Вовка ағамызбен де танысудың сәті түсті. Ағамыз да ақкөңіл, аптал азамат екен. Төрт жарым ай Биатам басында болғанымда жақын танысып, туыстай араласып кеттік. Қолынан келер көмегін, техникасын еш ақысыз-ақ қалаған уақытта алып отырдым.

Кейінгі әңгіме

1930 жылдың аяғына қарай Қарағанды қаласында шахтада жұмыс істеп кезекті демалысқа шыққан Қайдар деген азамат еліне бармақшы болып жолға шығады. Соғыстың алды, елдің жағдайы әлі төмен кез. Алған ақшасына базардан бір байтал мен екі

қоржын басы азық-түлік алып, осы күнгі Бейбітшілік кеңшары орналасқан тұстағы ауылына бармақ болып жолға шығады. Жолай Комсомол колхозына түнеп, ертесіне Биатам басына соқпақ болып ниет қылады. Жолда байталдан түсіп дәрет алса керек. Сол сәтте әлденеден үріккен тоқ байтал, шылбырды жұлқа тартып, босап кетеді. Байталмен бірге қоржын басы азығы да кеткен Қайдар Биатамдап жылап байталдың соңынан жүгіреді. Әбден шаршап біткен кезде, көз алдында кетіп бара жатқан байтал бір орнында шыр айналып тұра қалыпты. Ендіге басып жетсе, байталдың сүйретілген қыл шылбыры бір түп тобылғыға оралып қалған екен. Сонда барып жүгіріп келе жатып, бір суық желдің жанынан өткені есіне түседі. Бұрынғы өткен үлкендердің айтуынша Биатам кейде суық, кейде ыстық жел болып келеді. Аруағыннан айналайын, жан бабам, деп басына келіп, Аллаға шүкіршілік қылып, бабасына дұға бағыштайды. Содан Талды өзенінің қазіргіден суы мол кезі, әлі басылмаған. Толқындана ағып жатқан суға түсуге бата алмай тұрғанда арт жағынан біреу «түс аттан» деп нығынан сойылмен соғып жібереді. Сол кезде «я, Биатам қолдай

гөр» деп суға қойып кетіп ар жағына бірақ шығады. Артына қараса екі атты адам судан өтуге батпай тұрып қалған екен. Содан Жаңажұртқа дейін тоқтамадым депті. Қайдар ағамыз руы Шекшек, өзінің өсиетімен Биатам мазарының сол жағына жұбайы мен екеуі жерленген. Басында көктасы бар.

Құдыш ақсақалдың қызы Қымбат апамның қосағы Рымбек жездем де өз өсиетімен осы жерге мәңгілікке қоныстанған.

Шор Әжібай бақсы

1920 жылдары Шор Әжібай деген бақсы іш жақта емшілік жасап, бір қалаға келеді. Сол қаланың басшыларының бірінің делқұлы қызын емдеп жазса керек. Бірақ мұны көре алмаған қала әкімдерінің бірі мұны шайтанмен шатысы бар деп кінәләп, түрмеге жапқызады. Ертең дарға асып, өртеп жібереміз деп үкімін шығарып та қойса керек. Түрмеде отырған Әжекең Аллаға құлшылық қылып, Биатама сыйынып жылап жатып, түс көреді. Түсінде әулие Сеңкібай би, бір қолына жылан, бір қолына қоян ұстап, таразыға тартқандай салмақтап отырып,

балам қорықпа, бәрі жақсы болады дейді. Ояна келсе таң атқан. Әлден соң бақауылдар келіп, сақал-мұртын қырып, дарға асатын алаңға алып шығады. Аяғын байлап, басына қап кигізген кезде, ап-ашық, тал түсте аспанға кара бұлт үйіріліп, найзағай ойнаған дыбысын естиді. Айғай-шу шығып, өкіріп жылаған дауыстар естіледі.

Басындағы қапты шешіп қараса, сот үкімін шығарған әкімдер отырған тұсқа, жай түсіп, жайрап қалыпты. Сол сәтте өзі емдеп жазған орыс қызы, жанындағы өлген жасауылдың қылышын ал да, маған карай каш деп айқайлайды. Екеуі бірлесіп қашып келе жатқанда, есін жиып оқ атқан солдаттардың бірінің оғы қызға тиеді. Қыз маған ешкім тимес, сен қашып құтыл деген соң, алды-артына карамай зығады. Арада отыз жыл өткенде сол баяғы қалаға қайта соқса керек. Қыздың өлгенін естіген еді, соның қабірін тауып, жылап отырса, қазақтар кез болып үйлеріне апарады. Сен не қылған жансың, орыс қызының басына жылауыңа не себеп деп сұрасады. Бұл басынан өткен уақиғасын баяндап отырғанда босағадағы бір би-шара шал атып тұрып тұра қашады. Бұл баяғы сот мүшелерінің бірі екен.

Кейінгі әңгіме

1960 жылдардың басында Қарқаралы жақтан Қарағанды қаласына қыдырып келген бір топ жігіттер есік алдына самалдауға шыкса керек. Әлден уақта қарсы тұрған үйдің терезесі ашылып, «Сеңкібай, Сеңкібай» деп айқайлаған орта жастан асқан орыс жігітін көреді. Бұл орыс ит атамыздың атын ойын қылып тұрғаны қалай деп жігіттер орысқа айбат шексе керек. Ол болса жігіттерді жоғарыға, өз үйіне шақырыпты. Келсе төрге дөңгелек дастарқан жайған, тамағы жасаулы тұр. «Менің әйелім екеумізден он бес жылдай баламыз болмай, көрші қазақтардың айтуымен Сеңкібай бабаның басына барып түнеп едік. Содан келер жылы балалы болдық. Атын Сеңкібай деп қойып едім. Қолымнан келгенше қазақ жолымен дастарқан жаямын. Жаңа сол бауырларыңды тамаққа шақырып жатқам депті орыс жігіті. Қазіргі кезде сол Сеңкібай Сергей ме, Савелий ме, бауырымыз алпысқа келген шал болып, Қарағандының бір жерінде жүрген шығар.

Кейінгі әңгіме

1970 жылдары Қарағанды қаласындағы ауруханалардың бірінде дәреті жүрмей бір орыс жігіті жатады. Неше түрлі жасанды әрекеттер жасаса да дәреті жүрмеген. Екі-үш күнде дәреті бойына жайылып, күп болып, ісіп кетеді. Жанында жатқан қазақтар жаны ашып, не болғанын сұраса керек. Сонда орыс жолда келе жатқанда, көлігімізді тоқтатып, елдің бәрі түсіп Сеңке, Сеңке деп жатқанда, мен ішкенім бар, тыңдамай дәрет сындырып едім, содан бері жүрмей тұр» деп шынын айтады. Тыңдағандардың ішінде бір ақсақал «ендеше сен, сол кісінің басына бар, қой сойып, кешірім сұра» деп ақылын айтады. Сол орыс келіп қойын сойып, молдаға құран бағыштатқан соң, дәреті жүрген екен. Талды ауылының көрген адамдары ол орыс екі күн түнеді деп те айтады.

Кейінгі әңгіме

1920 жылдың шамасында Ақбайдың Жақыбы қасында атқосшысы тама

Өскенбай бар, кешке таман Биатам бейітінің тұсынан өтіп бара жатады. Өскенбай «Сеңкең басына соғып, құран оқи кетейік» десе, Жакып «қонатын ауылға күн батпай жетіп алайық» деп көнбепті. Бейіттен өте бере арбаның доңға лагының шабагы кирап, жүре алмай қалады. Өскенбай «ай, Жакып-ай, айттым ғой, Сеңкең ойынды көтермейді деп, далаға түнеттің-ау» десе, Жакып үндемей арбаны айнала беріпті. Ақыры, Өскенбай жайдақ атпен барып, арба әкеліп, ертеңін де Сеңкең басына соғып, құран оқып, ақтық байлап, кешірім сұрай аттанған екен.

Кейінгі әңгіме

1928 жылы Шет ауданының райком секретары Досмақов Сейілхан, қасында тоғыз адам активі бар, ел аралап келе жатады. Сеңкең бейітіне таяған кезде, еріккен жігіттер жарысайық деп дүрлігіп шаба жөнеледі. Секретарь Досмақов Сеңкеңе жиен болып келетін, әрі жасынан құлағына сіңген аңыз әңгімелерді білетін, шаппай қалып қояды. Әлден уақта аяңдап келсе, жолдастары бірінің үстіне бірі құлаған,

апыр-топыр болып жатқандарының үстінен шығады.

Сот Бағдат ағам айтқан әңгіме

Қызыметім ауысып Шет ауданына келген кезім. Бір күні көктемгі науқанға байланысты шаруашылықты аралай шықтық. Кеңшар бөлімшесінде өткен қиылыстан соң, бір топ адам есік алдында әңгімелесіп тұр едік, бір ақсақалды адам жақындап келіп сәлем берді. Сосын маған таяп келіп « карағым, сен Сеңке ұрпағы боласың ба, олай балса менің шаңырағымнан бір малдың басын жеуің керек» деп қолқа салды. Әлде қандай жағдаймен айтып тұр деп, уақыттың тығыздығын айтып көріп едім, болмады. Сонымен бір топ болып ақсақалдың отбасына бардық. Дәм келгенше оны-мұныны әңгіме қылып отырдық. Үлкен ас келгенде ақсақал қойдың басын алдыма қойып, әңгімесін айтты. Бірер жыл бұрын бір үйір жылқым жоғалып, іздеп бармаған жерім қалмады. Бір күні Талды бойын сүзе қарап келе жатып, Сеңке басына соқтым. Білген дұғамды оқып, бабадан тілегімді тілей қисайып жатып ұйықтап кетіппін. Түсімде ақсақалды

қария келіп, «тұр, балам, оң жағыңа жүре берсең жылқыңды табасың» деді. Ояна салып атқа міне, оң-солымды ұмытып қалыппын. Орныма қайта жата қалып, ойыма түсіріп, желе жортып келе жатсам, бір сай арасында жылқым жатыр. Ұрылар бір жабағыны сойып жеуге жайғасқан екен. Мені көре орындарынан атып тұрып «әй, шал, адам таппас жерден сен қалай таптың» деп дүрсе қоя берді. Қорыққанымнан баба басынан түс көріп тапқанымды айтып бердім. Ұрылардың басшысы « олай болса жаның аманат, жылқыңды ал да жөніңді тап, бізді сен көрген жоқсың, жабағың мойнымда» деп шығарып салды. Содан бері неше жыл өтсе де Сеңкең ұрпағына бір мал беру мойынымда жүр еді, соның реті бүгін келді» деп әңгімесін аяқтады.

Тағы бірде ел аралап келе жатып бабам басына соқтым. Көліктен түсіп жаяулап келе жатсақ алдымыздан бір әйел адам жүгіре шығып, бейіт басына бармауымызды өтінді. Себебін сұрағанымызда. Күйеуі үш жыл бойы түн баласына көз іліп ұйықтамайтын дертке шалдығыпты. Бір тәуіпке барып жолықса керек. Тәуіп Сарыарқада Сеңкібай деген әулие бар. Сол кісінің

басына барып түнесен, жазыласың депті. Содан кеше кешкісін ұйықтаған күйеуі әлі ұйықтап жатқанын айтып, оятпауымызды өтінді. Әйел дайындап берген шәйді ішіп бола бергенімізде, күйеуі де оянып, жуынып жанымызға келді. Батыс Қазақстан обылысында жоғары оқу орынының бірінде сабақ береді екен.

Өткен ғасырлардың бірінде көршілес Найман елінде бір үлкен ас беріліп, оған Қарашордан да адамдар шақырылыпты. Асқа бәйге атын жетелеп, Шекшек Боранбай деген атбегі де барады. Бәйгеге қатысуға бес жүз ат тізіліпті. Аты жүйрік болса да бөтен ел, және аттың көптігінен қауіптенген Боранбай, атшабар балаға «көмбеге жақындағанда Сеңкібай, Сеңкібай» деп ұрандатуын тапсырыпты. Сонымен сол жолы бес жүз аттың алдында Боранбайдың жүйрігі келеді. Осыдан бері ісі Қарашор елінің ұраны «Сеңкібай» болып, ат қосқан, күреске түскен адамдар сыналар кезде Сеңкібай бидің аруағына сыйнатын болыпты.

Би бабамның аруағына сыйынған ұрпақтарының, қатарлас замандастарының ішінде кезінде тәуір болған, артында сөзі қалған аталарымыз туралы сөз

қозғай кеткенді жөн көрдім.

Тілеуберлі – Бөргөз

Бекбастың екінші әйелінен Тілеуберлі, Тілеуімбет, Сырымбет, Бапан туады. Осы төртеуінің ұрпағын ел Бөргөз деп атайды және шежіреде Бекбастан Мойнақ, Бөргөз, Оразгүл туған деп қысқартып жаза салады.

Аңыз айтады

Төрт баланың үлкені Тілеуберлі Найман Қасабай батырдың қарындасын алыпты. Қайнына барып, қалыңдық ойнап жатқан кезде, ішінде қайынатасы бар бір топ адам аң қарай шығады. Көпке дейін аң кездеспей шаршаған аңшыларға бір киік кез болыпты. Тілеуберлінің астындағы аты әлдемді болса керек, киікті қайыра қуып аңшыларға әкеледі. Өзінің сілесі құрып келген киікті төтеден қосылған аңшылар соғып алып, жасы үлкен Қасабайға байласа керек. Түтігіп келген Тілеуберлі, қанжығадағы киікті көріп, ашумен жұлып алады. Аңтаң болған атасына «мен күйсеу болсам, қызыңа күйеумін. Менің атамның жолы

күйеу емес» деген екен. Сонда атасына түтіккен күйеудің көзі, қасқырдың көзіндей жайнап көрінеді. Сасып қалған атасы мұның қимылына риза болып, «мынаның көзі бөрінің көзі ғой» депті. Осыдан бері Тілеуберлі лақап атпен Бөргөз аталған. Тілеуберлі батыр қол бастап, Тянь-Шань тауының бір асуынан асып бара жатқанда, қар көшкінінде қалып өлген екен. Тілеуберлі ұрпағы ықпалы зор, әрі өскен ата. Сондығы болуы керек, қалған үш інілерінің ұрпағы «біз де Бөргөзбіз» деп кеткен.

Бөргөз Сүйгенбай

Бөргөз Нұрабайдың бір ұрпағы Сүйгенбай тілді, тапқыр, алған бетінен қайтпайтын қайсар, жанжалқой, сотқар адам болыпты. Бұл кісі туралы неше қилы әңгімелер бар.

Бірде жапсар жатқан Киікбай ауылының бір жүйрік аты жоғалады. Сұрастырып көрсе із Абай ауылына барған. Абай алдына баруға ешкім беттемей, ақыры Сүйгенбайға тіреліп, Сүйекең жолға шығады.

Абай Сүйгенбайды жақсылап қарсы алып, екі-үш күн күтеді. Кетерінде

шаруасын айтса Абай «әй, Сүйгенбай-ай, іші боқты, сырты түкті бір мал үшін, сонша жерден келгеніңбе» деп не айтар екен дегендей, сынап қарапты. Сүйекең жұлып алғандай, «е, мал ыстық болмаса, әкең Құнанбай қой шетінде неге өлді» деген екен. Мұның не сөз екенін

түсінбедім. Абай айтқан сонша жерден деген сөз «Қарашор қаңып жүреді» деген сөз бар. Барған жерге топ болып жүрсе керек. Соған айтқан мысқыл. Аттанарда Абай жоғын тауып беріп, астына ат, нығына шапан жапқан екен. Сөйтіп тұрып Сүйгенбай, Абайға «әй, Абайжан, мен де саған оңған сөз айтқан жоқпын, мына атыңды өзің алып қалшы» деген екен. Сүйекең, Құсбек төренің сәлем орнына ұсынған таяғын алмай, қағып жіберіпті деген де сөз бар.

Бөргөздің немересі Наймантайдың Тезекбайы да қасиетті адам болыпты. Жамантай «Тұрсын» ханның билерінің бірі болған. Бірде ханға сыйға келген бір атқа қызығып, сұраса төре қимапты. Соған өкпелеп, көшіп кеткен.

Бейіті Кешубайда. Бөргөз баласы Төлеген де би болған. Бейіті Қызыларай жерінде, «водоемда» су стында қалған.

Ақкісі батыр ұрпақтары

Сеңкібай бидің тетелес інісі Ақкісі батырдың бейіті Милыбұлақта деседі. Басында құлпытасының бар-жоғы белгісіз. Тұқымы өскен, байы да, батыры да бар ата. Кешегі өткен Ақбайдың Жақыбының палуаны болған Жалдас палуан осы Ақкісі ұрпағы. Бірде тасқа асылып қозғалыссыз қалған орыстың «полуторкасын» тік көтеріп алып шығарып жібереді. Көлігі шығып мәз болған орыс, «молодец» деп арқасынан қақса керек. Үш күннен кейін, Жалдас палуан қайтыс болған. Сірә, орыстың көзі өтіп кетсе керек. Жалдас палуанның қазасына қайғырған, Жақып Жалдас өлгенше, Жүніс неге өлмеген депті. Жүніс ағамыз жуас, момын кісі болған.

Тоқбайдың Әбені

Ақкісі ұрпағы Тоқбайдың Әбені болыс та, би де болған адам. Бір жылдары Қоянды жәрменкесінде төбе би болып та сайланыпты.

Бірде жолаушылап жүріп, жанында бір топ адамы бар, төлеңгіт Өмірзақ

байдың үйіне түседі. Өмірзақ бай топты кісіні ұнатпай, «осы Қарашор қаңғығанын қашан қояды» депті. Сонда Әбен би «е, төлеңгіт боқ жегенін қойса, Қарашор қаңғығанын қояр» деп жауап қайырады. Өмірзақ бай тері-терсек, жүн-жұрқа жиып, байып, Кешубай төлеңгіттері соның маңына жиналса керек. Соны ел арасында боққа жиналған төлеңгіт деп келеке етеді.

Жаназардың туына, Өмірзақтың құтына жиналған ел деп те айтады.

Найза – Наршөкен – Мәшей ұрпақтары

Оразгұлдың үшінші баласы Найза ұзақ жасап, ел Көзжаман-Кешубайға келгенде, шө-бересі Мәшейдің қолында дүние салған. Бейіті Дән-Бұлан өзенінің күншығыс қабағында, тау ішінде. Жанында інісі Ақжолдың бейіті бар.

Найзаның үлкені Наршөкен бабам аса ірі сүйекті кісі болыпты. Атан өгіздің терісінен аяғына саптама шықпаған деп аңыз қылады. Және ерекше бір қасиеті, айсыз қараңғы түнде де жауын-шашынға қарамай жол тауып жүре береді екен. Бірде жортуылдан келе жатып, «әй,

біреуің түсіп қараңдаршы, ана жылы осы маңға кездігім түсіп қалып еді» деп найзасын жерге шаншиды. Шаншылған найза шақ етіп тайып кетеді. Сөйтсе, найзасы кездіктің жүзіне тиіп тайған екен. Бабам жас жігіт кезінде бір таудың бауырындағы соғыста каза табады. Тау аты бабам атымен Наршөкен аталған. Артында Бегәлі, Тілеулі деген екі ұлы қалған. Мен осы Бегәлі атаның ұрпағымын. Бегәліден Мәшей атам. Мәшей атам бай кісі болған екен. Атақты ағамыз Әлімхан Ермеков бір әңгімесінде, Қарқаралыға орыс оқуына барар кезде әкесі Әбеудің «атам ауылына барамыз» деп осы Мәшекең ауылына апарғанын әңгімелейді. Атам ауылы дейтін себебі, Найзекең осында Мәшей қолында болған. Сонда менің орыс оқуына барам дегенімді естіген Мәшей атам, әкеме баланы жастай жат бауыр қыласың деп ұрысты. Әкем мен емес, балаңыздың өзі құмартып жүрген деп құтылды. Қанша жерден оқу-білімге құмартып тұрсамда, атамның бауырмалдығына ішім жылып, көзіме жас алып едім деп әңгімелейді. Мәшей атам бір анадан тоғыз ұл, тоғыз қыз көрген екен. Әжем біремшегің емізіп отырғанда екіншісінің сүті ақпасын деп

нығына асып қояды екен. Балалары атын атамай Мама деп кетіпті. Мәшекең де Дән-Бұлан өзені бойына үлкен қорымға жерленген. Өзінің жақсы көретін бақташысын да, осы қорымға жерлетіпті. Қорым «Мәшей қорымы» деп аталады.

2005 жылы ұрпақтары қорымды темірмен қоршап, жаңадан құлпытас қойды. Дән-Бұлан өзенінің төменгі ағысында «Мәшейдің ақ даласы» деген шабындық жер бар.

Мәшейдің Ниқанбайы

Мәшей атамның үлкені Ниқанбай әкеміз ақын болған екен. Ол кісінің өлеңдері бізге жетпеген. Бір жылы шешек шығып ауырыпты. Ол кезде емі жоқ аурумен ауырған адамдарды қазақтар жеке күткен. Жеке киіз үйде жатқан, Нықаң көңілін сұрап келген, келмеген туыстарына арнап, тоғыз атаға өлең шығарса керек. Есте қалған жолдары:

Ұшқан торғай құтылмас тұрымтайдан
Дәмем бар келе ме деп Ұрынқайдан.
Ауырғанда көңілімді сұрамаған,
Ұрынқай, садаға кет, Шегенбайдан

Келмегеннің біреуі Саңырық- Шабан
Қайтейін құр жаралған өңшең жаман
Келмесең келмей-ақ қой, ағайындар,
Әйтеуір тірі болып жүрші аман.

Келмегеннің біреуі Есей қалмақ,
Солтыбай түскен жерге болған салмақ.
Қаласа Алла бұдан да жазылармын
Жоқ қой ажалсызды шешек алмақ.

Берек жоқ өзінде,
Бәтуа жоқ сөзінде.
Қырық шайтанның қиқуы,
Тұрған жоқ па көзінде.

Найза Жиенбай ұрпағы

Найзаның кенжесі Жиенбайдың
мекені Айдартас екен. Осы жерде
жүт болып, малының жартысынан
көбін қырып алады. Содан бұл қоныс
жақпады деп Сарым жері Бөріктасқа
қора салып, орнығады. Жаңа қоныс
жағып, тоқтысы қысыр қалмай, дәулеті
өсіп, байиды. Жиенбай атамыздың бала-
сы болмай, тоқал алайын десе бәйбішесі
рұқсат бермей, жүріп қалады. Содан
Сарымда бір құрдасы бар екен, соған

барып, пәлен күні маған келіп, ат үстінен шығып кет де, мен кешігермін, сонда айтатыныңды айтып қал деп келіседі. Айтылған күні құрдасы келіп, жолық дегенде Жиенбай шыға қоймайды. Сонда құрдасы келіскендей «неменеңе кергіп жатырсың, кубас неме» деп жер-жебіріне жетіп, атын борбайға бір салып жөнөп береді. Жиенбай үн-түнсіз теріс қарап жатып алады. Бұны көзімен көріп, құлағымен естіген бәйбішеге де оңай тимеген. Сонымен ойға түскен бәйбіше, төркініне барып туған сіңілісін алып келіп, Жиенбайға қосады. Осы екінші шешемізден төрт ұл туған. Ең үлкенін басшы болсын деп Басшығұл атапты. Екі шешенің ортасында тел өскен Басшығұлды еркелетіп, Ермек деп кеткен. Ермек атамыз өз заманында Қарқаралы округі бойынша қоғамдық мәселелерді шешуге белсене араласқан, белді адамдардың бірі. Қазақ хандығы ыдырап, жаңа мизам бойынша аға сұлтан, болыс сайланатын болған кезде, Темірші болысында сайланған тұңғыш болыс. Қартайған шағында Меккеге барып, мәңгілік орынын содан тапқан. Ермек ұрпағы ерте оянған, оқыған тұқым. Ғалым да, ақыл несі болған адамдар шықты.

Ермек баласы Әбеуде болыс болған.
Әбеу баласы Әлімхан қазақ арасынан
шыққан тұңғыш математика профессоры.
Алаш партиясының белді басшысы,
алты тілде сөйлеп, жаза білген ғалым
адам. Қазақтың бір туар перзенттерінің
бірі Сұлтанмахмұт Торайғыров 1917 жылы,
Әлекеңмен кездесіп, мынадай өлең жолда-
рын жазған екен:

...Әлімхан Ермекұлы жас жігітпен,
Келеді екінші боп бұл реттен.
Қазақта мұндай адам көрмедім деп,
Ардақты қарт Потанин лепес еткен.

Ақжүрек, алғыр ойлы, адал жан деп,
Тумай жатып жастарға даңқы жеткен.
Томдағы инженерлік сабағында
Жетеді бір жылдан соң тамамына.

Өткізбекші өмірін ілім үстінде,
Бір түрлі биіктік бар талабында.
Сөйлеп кетсе қозғалар бойда жаның,
Тас та болса ерітер жүрек қаның.
Шындығы, тереңдігі, әділдігі,
Тусаң ту дегізер жанның бәрі

Ел арасында Найза ұрпағына оқу
қонған депайтады. Қазақ қойының тұқымын
асылдандыруға еңбегі сіңген Мүсілім
аға, Т. Жүргеновтың жұбайы дәрігер

Дәмеш апа, Қазақстан комсомолының басшысы болған Тәңірберген аға. С. П. Королевпен бірге жұмыс жасаған, Қазақ ядролық физикасының атасы Совет ағам да осы Найза ұрпағы.

Желтау Жақыпбек

Оразгүлдың төртінші баласы Желтау. Бейіті белгісіз. Бұлатадан да ел ұстаған, ел сыйлайтын адамдар шыққан. Солардың бірі Бейсенбайдың Жақыпбегі суырып салма ақын болған. Кетеуі кеткен кер заманда оқымаған сауатсыз ақын, ауыл қотанынан ұзап шыға алмаған. Демеушісі болса қазақтың Жамбылымен таласар есіл дарынның өлең жолдары, құмға төгілген судай халық арасына сіңіп жоғалған. Жақаң айтысқа түскен, тіпті бірде, аудандық бюро мәжілісін өлеңмен ашқан деп аңыз қылады. Жақаңның құрдастарына шығарған қалжың өлең жолдары сақталыпты. Ауыл дүкенін ұстаған құрдасына шығарғаны:

Базарсың ауылдағы сары Әрің,
Байқалды мінез-құлық ішкі нәрің
Жаныңнан бөліп берер ештеңең жоқ
Бірдей ұста алаламай жұрттың бәрін.
Асығып, олай-бұлай шот қағасың,
Кетсін деп, тас ауысып, доп қағасың,

Жымқырып көпшіліктен жеуің аздай,
Әркімге қосып берме жоқ бағасын.

* * *

Көкпар ма десем тойда жоқ,
65 жас ойда жоқ.
Жынды ма десем, дені сау,
Алдында жоқ қашқан жау.

Мінген аты қарала-ай,
Ызғытып кетіп барады-ай
Қарағанды, камыс ішінде
Он алтыға шыққан баладай.

«Чека» тракторын жүргізген құрдастарына
шығарған:

Техника жүрер білсең білімменен
Мастері Қасен жолдас Ілім менен
Шіркінге оқымаған дауа бар ма
Қалмады бір бенті бүлінбеген.

Жақаң бірде жолаушылап келе жатып,
Аққияқ жайлауында отырған қойшының
үйіне түседі. Бұл үйдегі шешемізде ақын
кісі, не айтар екен деп «қымызды таңертең
кісілер ішіп кеткен» дейді.

Сонда Жақаң:

Аққияқ Нағайбұлдың жайлауы екен,
Сараңға жері лайық сайлаулы екен.
Жұртына түнегенге жұғады деп,
Үй тігіп жатыр жайлап, Ләшекең.

Күн ыстық түсе қалдым шөлдеген соң,
Ағайын көптен бері көрмеген соң.
Таңертең кісілер ішіп кеткен деді,
Атыма зорға міндім өлмеген соң.
Шешемізде кара жаяу кісі емес, содан ай-
тыс ұзаққа созылып, үлкендердің араласуы-
мен насырға шаптырмай қойғызған екен

Қасым аға Аманжолов

Оразғұдың бесінші баласы Ақжолдың бейіті Дән-Бұлан өзені бойында. Қазақтың біртуар ақыны Қасым Рақымжанұлы осы Ақжол ұрпағы. Ата қонысы, яғни Аманжол қорасы Көшен тауының бауырындағы Қызылкөшен деген бұйрат арасында. Қораның қалдығы бар. Сол қалдықтың өзінен бұрынғы сән-салтанаты көрініп тұрады. Қораның ық жақ қабырғасында ықтасынға әдейі ат байлау үшін қоса қаланған, иір-иір құлжа мүйізі сақталған. Аманжолдың күзеуі етектегі тал бойында. Қыстау маңын да Қасымның әжесі Жақыпбала қаздырған терең құдық әлі де талайды тамсандырады. Рақымжан үш әйел алыпты. Бәйібшеден – Ахметжан, Нығметжан. Екінші әйелден – Тайжан. Үшінші әйелі Айғаншадан –

Қасым мен бір қыз туады. Айғанша Нақып қожаның қызы екен. Нақып қожа еңгезердей ірі сүйекті кісі болыпты. Ат үстінен жабағы-тайды тік көтеріп, өңгеріп алып кете береді екен. Бұрынғы ата тегін жасырған заманда айтылмай келген бір сыр, Қасымның әкелері бай болған. Рақымжан үйіндегі тайжүзгендегі қымызды пісуге жігіттер таласып тұратын еді дейді. Өйткені сол үшін бір күлдәрі көйлек сыйға алған. Рақымжан жүйрік атты таңдап мініп, серілік те құрыпты. Жиын-топқа барғанда атының аяғын жібек белбеумен байлап, қайта мінгенде сол жерге тастап кетеді екен. Мұндай сакилық, анадай қора салғызу, тіпті үш әйел алу кедей адамға қол емес. Рақымжан оқыста қаза болады.

Бұл әңгімені айтып беруші Нарқызы Жұмабикенің шешесі Шәрия, Қасымның кіндігін кескен екен. Тайжанның шешесі ертерек өліпті. Бар малды бір өзі басып қалған бәйбіше, әлді төркін жұртымен бірігіп, Айғаншаны Әлтөбет руының бір байына сатып жібереді. Бұл атақты аласапыран 1917 жылы болған оқиға. Бір үйде Тайжан, Қасым қарындасы мен үшеуі ғана

қалады. Ұзамай қарындасы қайтыс болып, ағайындылар далада қалғандай күй кешеді. Әкелері қайтыс болғанда, Тайжан 11-де, Қасым 6 жаста екен. 1922 жылға дейін ағайын-туыстарын паналап, әбден жетімдік көрген, Қасым Семейге кетіп, балалар үйіне қабылданады.

Бұл туралы ақын өз өлеңінде:
Ол онбір, мен алтыда қалдық жетім,
Айта алмай әке кетті өсиетін.
Дәриға, ең соңғы рет не ойлады екен,
Біздер жоқ қабіріне бас иетін.

Пәле-қу із аңдыған қызыл тұмсық,
Басында жетімдердің барлық қырсық.
Жаулығын теріс байлай ана кетті,
Сыртта жел, үйде біздер қалдық сыңсып.

Қасқырдай үйге түскен аштық жетті,
Арадан қарындасты алып кетті.
Бездіріп құсты ұядан, жасты үйінен,
Елсізде ебелектей тентіретті.

Оразгүлдың екінші әйелінен Шой,
Қойсары, Тайсары деген үш ұл туады.
Шой бабамыз да әулие болған, бейіті
Қызыларайдағы Мәдениет деген жерде.

Шойдың немересі Дәнбай атамыз бір
уақта Тәшкенде базар бастығы бо-

лып тұрыпты. Астында кара қасқа аты бар базарды аралап жүреді екен. Інілері « аға-ау, есек неге мінбейсіз, атқа қарағанда шығыны аз ғой» десе, Дәнбай атамыз « Оразғұлдың Дәнбайы есекке мінді дегенше, өлді десеңдерші» деген екен.

Сәдігұл – Сарман

Қожас бабамыздан – Асан, Жауман, Бекбас, Құлбас, Жанай деген бес ұл туады.

Бекбас, Құлбас бабаларды әңгіме қылдық. Қожас батырдың кенжесі Жанайдан – Адай Одан – Сәдігұл, Сарман, Құдайкұл.

Адай үш әйел алыпты. Бәйбішеден бала болмаған. Екінші әйелі өзбектің Бегдербегінің қызы екен. Одан - Сәдігұл Сәдігұл 3-4 жасқа келгенде шешесі Адайдың бәйгі атына мініп төркініне қашады. Сәдігұлдың төбесінде бар қазақ баласына тән айдары бар екен. Әйел атқа мініп, Сәдігұлды алдына алып, бетінен сүйіп тұрып, айдарын кесіп алып, қоя береді де, еліне бірақ тартады.

Адайдың үшінші әйелінен Құдайкұл туады. Адай өлгенде осы шешемізді

Жақсыбай алып, одан Жарас жалғыз туған. Сарман Адайдың қызына күйеу. Жақсы қызметімен Адайға бала болып кеткен. Сәдіғұл-Сарман ұрпағы құдай бөлмесе, бөлінбестей тату араласып кеткен.

Қара Шерін

Сәдіғұлдың Кейкісінен Шерубай, Жүрімбай туады.

Шерубайды ел Қара Шерін деп атаған. 60 жылдай ел басқарып, 105 жасқа келіп өліпті. Осы кісінің жаназасына жапсарлас Бошаннан көп адамдар келеді. Бертiстiң ұрпағы Әлімбай көңіл айтып болып, былай дейді.

105-ке келіп өлді Қара Шерін,

Жинапты қара құрттай туған елін.

105 ке келгенінше сәждәға басы бір тимеген,

Кәпірдің өртер ме еді жатқан жерін.

Сонда жылап отырған жерінен Шеріннің немере қарындасы Байғанақызы Балақай атып тұрып;

105-ке келгені рас Қара Шерін,

Қаптатты мал мен басқа туған жерін.

60 жыл ырық бермей билік құрды,

Бір Алла өзі білер артық кемін.

Сен өзің атаң Бертiс Әлімбайсың,

Әркімге тіл жалдаған сұмырайсың,
Туыпты Ақша-Түйте бір атадан,
Солардан ақымақ боп тудың жаман.
Найманнан біреу естіп, сауал қойса,
Не деп жауап бересің ей, хайуан, —
деп жауап қайырады.

Тыңдап отырған ел Шеріннің артында
жауап беретін ұрпағы бар екен деп, сөз та-
ластырмай тоқтатады.

Мыңғыш Қарасы

Сәдігұлдың немересі Байдәулеттің
Мыңғышы, түпкі атасынан бері дәулеті
үзілмей келе жатқан тектілердің бірі. Осы
Мыңғыш атамыз, кезінде Берікқара болы-
сынан бөлініп, Ақсары болысын құрады.
Бұл болыстыққа қараған Қараларды
Мыңғыш Қарасы деп атап кеткен.
Мыңғыш атамыз 12 сайлау, яғни 36 жыл
үзбей болыс сайланған. Атамыз халықтан
сойыс сойдырып, ат мінбеген, бар азық-
түлігін өзімен бірге ала жүріп, ешкім-
ге салмағын салмаған. Салық төлеуге
шамасы келмеген, шаруаның салығын
келесі жәрменкеде төлерсің деп өзі
төлейді екен. Осындай қайырымдылығы
арқасында халық арасында өте сыйлы
болып, болыстыққа таласуға ешкімнің

күдіреті жетпеген.

Қартайған шағында халқын жинап, «мен енді қартайдым, басқа адамды болыс қойындар» деп жағдайын айтады. Халқы «балаларыңыздың бірі болсын, өзіңіз атаңыз» дейді. Мыңғыш сайлауға дейін жауап бермей ойланумен болады. Баланың үлкені Сәнеке ойлайды –маған берер деп. Қарашаңырақта отырған Сәду ойлайды менің жолым деп. Ертең тас саламыз деген күні Мыңғыш атамыз Сәдуді атайды. Бұған наразы болған Сәнеке келесі сайлауда партияны құрып жіберіп, болыстықты тартып алады. Екі жағы кезек болыс болып, кейде басқа адам да алып кеткен. Екі сұңқар таласса, бір қарғаға жем болар деген осы да.

Мыңғыш атамыз 1917 жылы дүние салған.

Жайлау, Марал, Есен батырлар

Андас баласы Жайлау батыр өзбек ханына қызмет қылыпты. Ерлігіне риза болған хан өзінің қызын беріп, жақын адамы еткен. Өмірінің оншақты жылын осында өткізген батыр, туған елін сағынып қару-жарағын асынып, аңға шығуды жиілетеді. Соңына кісі салып,

батырдың ниетін сезген хан «бұны жіберуге болмас, ертең жау болып шыға келеді» деп у беріп өлтіреді. Туыстарының өзбек қолында жүргеніне намыстанған ағасы Марал батыр мен Сапар баласы Есен батыр іздеуге шығады. Бұлар келсе, хан туыстарының өз ажалынан өлгенін естіртеді. Оған Есен батыр «өз ажалынан өлсе, ажалға ешкім ара тұрмас, бізге жесірімізді» бер дейді. Хан бұлтаққа салса керек. Ашуланған Есен батыр жесірін қайтсе алатынын айтып «өлтірсең бізді өлтірерсің, қазақ елі батырын іздеусіз қалдырмас, өзіңе қиын тимесін» деп сес көрсетеді. Батырлардың артындағы қалың қазақ елінің жоқтауынан қорыққан хан, қызын тарту-таралғысымен қосып аттандырады. Әйелдің аяғы ауыр болса керек, елге келген соң босанып ұл бала табады. Атын Мұрат деп қойыпты.

Тоқан – Жарас

Әңгіменің басында Адай өлгенде үшінші әйелін Құдайқұлдың шешесін Жақсыбайдың алғанын айтқанбыз. Бұдан Жарас жалғыз туады. Құдайқұл мен Жарастың шешелері бір. Ел арасын да

ауыз екі аңгімеде Тоқан-Жарас деп қосақтап айтады. Шындығында Тоқан кім еді? Ол туралы аңыз былай дейді.

Ертеректе, жаугершілік заманда бір себептермен Жарас Өзбек ханының тұтқыны болып, зынданында жатады. Сол зынданда Жараспен бірге Бекболат деген адам болып біраз уақыт мұңдас, сырлас болыпты. Күндердің күні айласын тауып, екеуі қашып шығады. Кең дүниеге шыққан соң, Бекболат «осы маңда менің әйелім бар, соны алып сенің еліңе кетейік» депті. Сонымен әйелді алып, айлап-аптапалап жол жүріп аман-есен елге жетіпті. Бір жылдан соң Бекболат ауырып өледі. Ол өлгенде әйелі екіқабат екен, кешікпей босанып, «марту» басып өзі де өледі. Жетім қалған жас баланы сол кезде емшекте баласы бар Маралдың әйелі бауырына салады. Бұл анамыз бір емшегін өз ұлы Жігітке, екіншісін жетім бала Тоқанға берсе керек. Сол анамыздың мына бір сөзі аңыз болып қалыпты. «Жігіт емген кезде емшегім сарабдал иіді, Тоқан емген кезде тасып иіді. Сірә, осы Тоқаным ырысты болар, Жігіт кедей болар». Ана балаға сыншы емес пе, айтқанындай болды деседі айтушылар. Сол Тоқаннан көпке

белгілі Кешубай би, Байқотан би шықты.
Сонымен бірге бұл өзі өскен ата.

Жиенбай – Киікбай

Жарас бабамыз Ұлы жүздегі Үйсін Төлебидің қарындасы Қанымға үйленіпті. Біраз жыл Үйсін ішінде болып Жиенбай, Жиенше деген екі ұлды болады. Жарас бабамның елін сағынып, жүргенін сезген Қаным «неге көңілсіз жүрсің. Мүмкін еліңді сағынған шығарсың, онда бидің рұқсатын алып еліңе барайық» депті. Сонымен бидің батасын алып, елге көшіп, екі бала нағашысында қалады. Біраз уақыттан соң Жарас барып балаларын алып қайтыпты. Жол алыс шаршап келе жатып, ас беріп жатқан ауылға кез болады. Танымасын сыйламас деген, көлденең жолаушыларды ешкім елемей, тартқан табакқа мүшелі ас салмапты. Бұған намыстанған Жиенбай бір даяшының санына кездік тығып алады. Шу көтеріліп ас несі бұларды би алдына апарды. «Асты неге бүлдірдің» дегенде Жиенбай «біз Арғынбыз, жаман болсақ өзіміз, киіміміз жаман шығар. Атам жаман ба еді. Бізге неге сүйек береді. Бізді құдай кез қылды,

атамның сыбағасы кайда» деген екен. Осылай түсініскен би бұларға құрмет көрсете отырып «балам, Жиенбай, кигенің киік жарғақ, өзің де киіктің асығындай шымыр екенсің. Бұдан былай сенің атың Киікбай болсын» деп бата беріпті. Сол Жиенбай-Киікбай Жаманқара ішінде өскені де, біліктісі де. Әсіресе Жандерке қажының ұрпағы. Жандерке Меккеге қажылыққа барып сонда қалған.

Жандеркенің Қызылбайы

Жандеркеден Ақбай, Қызылбай, Сырлыбай, Нұралы деген төрт ұл туады.

Ақбай мен Қызылбай егіз туған. Ақбай бай да, болыс та болған әлуетті адам. Қазақтың тұңғыш заң магистрі Жақып осы Ақбай баласы. Қызылбайды Құсбек төре у беріп өлтірткен екен. Құсбек аға сұлтан болған соң астына тақ жасатып, өзін-өзі хан жариялаған. Келген адамға таяғының ұшын беріп амандасады екен. Бірде ақсақалдармен бірге Қызылбай да төре отырған үйге кіреді. Кірген ел таяқ ұшымен амандасып төрге озса, Қызылбай Құсбектің таяғын

қамшымен қағып жіберіп, «немене, от көсегелі отырмысың» деп үлкендерден төменірек барып жайғасады. Құсбек зілденіп «мынауың кім» десе отырғандар «бұл Жандеркенің Қызылбайы» деседі. Құсбек «е, Жандеркенің қызыл жүйрігі де» дейді де қояды. Қызыл жүйрік деп алмасты айтқан. Ел арасында небір бетті азаматтар болған. Құсбектің ұсынған таяғын алмай қағып жібергендердің бірі Бөргөз Сүйгенбай қажы. Тегінадам тірідей көрге түсер ме? Бұл кісі туралы айтып кеттік. Осындай өрескел қылықтары үшін, елдің наразылығы күшейіп, Құсбекті түсіру үшін Омбыға кісі жібермекші болады. Оған «мен барамын» деп Қызылбай жолға шығыпты. Мұны ұзынқұлақтан естіген Құсбек Қызылбайды қуа атқа мінеді. Қызылбай жолда ұйқы-тамаққа қарамай, Омбыға жетіп, киімін ауыстырып губернаторға келсе есігі жабық екен. Қызылбай күзетшіге айқайлап «Қарқаралыдан Жандеркен Қызылбай келіп тұр деп хабарла» дейді. Шығып келе жатқан губернатор естіп, өзі кіргізіп алыпты. Қызылбайдың шаруасын тыңдап болып, «Құсбек орнынан алынады, еліңе жүре бер» дейді. Қызылбай кеңседен шықса, Құсбек те келіп

үлгерген екен, оны кабылдамапты. Қызылбай Омбыда оқып жүргенде губернатордың ерке баласымен сабақтас болып, үйіне де барған, ертеден таныс екен. Бұлар елге жетпей «Қызылбай аға сұлтан болыпты» деген лақап тарап жатады. Мұны естіген Құсбектің туыстары Қызылбайдың үзеңгісіне у жағып жібереді. Үш күннен кейін есіл ер жиырма бес жасында қайтыс болыпты. Сарым Жақсы Жанғұтты би Қарқаралыдан келе жатып, жылқышылардан елдің амандығын сұраса, «кеше Қызылбайдың жаназасына барып келгендер аман деген» депті. Сонда Жақсы Жәкең «әй, сен деп былжырап тұрсың. Майқы-Танастың арысы сынып, доңғалағы бос қалды десеңші онан да» деп ат басын Жандерке қажының ауылына бұрған екен.

Тәңірберген – Әлтөбет

Тымырысқадан – Жансүйер, Қырғызбай, Бөтей туады. Жансүйерден – Әлтөбет, Өтегүл, Байыр.

Туыстарына өкпелеген Өтегүл балашағасын алып, қазіргі Тараз өңіріне көшіп кеткен. Ұрпақтары сол жақта болуы керек.

Әлтөбеттің азан шақырып қойған

аты Тәңірберген екен. Бір жылдары жаугершілікте Тәңірберген қалмақ қолына түсіп, бір байдың қозысын бағып жүреді. Ел бас-аяғын жинаған кезде Жансүйердің інісі Қырғызбай батыр іздеп барып, босатып алып қайтады. Тәңірберген қалмақ қолында жүрген кезінде бір күшік асырап, онысы үлкен төбет болған екен. Төбет Тәңірбергеннен қалмай ере жүреді. Жол бойындағы ауылдардың үре шыққан иттерін әлді төбет беттетпей жеңе берсе керек. Ел «мынау бір әлді төбет екен» деп, осы сөзден шығарып Әлтөбет аталған деседі. Әлтөбеттен – Әйкелді, Ескелді, Есберлі, Бекберлі, Аңдамас.

Әйтiмбет Жанақ

Әйтiмбет баласы Жанақ асқан қырағы адам болыпты. Бірде жанында бір топ кісі бар Құсмұрын тауына шығады. Жан-жаққа көз салып тұрғанда Жанақ «қараңдаршы, Көзжаманнан өтіп бара жатқан көштен бір қызыл, бір сары зат түсіп қалды депті. Бұған сенбей бәстескен жігіттер барып көрсе қызылы – қыздың сәукелесі, сарысы – жез леген екен. Құсмұрын тауы мен Көзжаман арасы 25-30 шақырым.

Қырғызбайдан – Нәуетей

Нәуетейден – Айтқұл, Майлық, Шеру, Байсары.

1926 жылы Қарқаралы округтік атқару комитетінің председателі болған, Лена қырғынына қатысқан атақты революционер Уғар /Мұқатай/ Жәнібеков осы Байсары ұрпағы. 1930 жылға қарай қазіргі Қырғыз шаруашылығы жанынан әкесінің атына Жәнібек деген поселке салдыра бастаған. 1932 жылы қайтыс болды. Мұқатай жауына қатал, досына адал, халық арасында сыйлы, беделді болған. Мұқанның ел азаматтарына көрсеткен жақсылығы әлі де аңыз болып айтылады. Қазақтың айтулы ақындарының бірі Ғ. Игенсартов Майлық ішінде Көрпе болады.

Қожамберлі батыр

Айтқұлдан – Қожамберлі, одан тоғыз ұл туган.

Қожамберлі батырдың қонысы Кенттегі Қойтас екен. Бірде жайлауға шыққан батыр Бөкей ханның баласы Тәуке төренің ауылынның тұсына қонышты. Тәуке Қожамберліні кедейсініп, қазақтың салтымен ерулік бермейді. Бұған

намыстанған батыр орайы келгенде көрермін деп жүре береді. Күзде қырбық қар түскенде Тәукенің жылқысына барып, төренің қыста мінетін құр атын ұстап алып, тік көтеріп әкетеді. Біраз жүрген соң, атқа мініп демін алған соң қайта көтеріп үйіне әкеледі. Атты сойып алып, жон терісін илеп қайыс жасапты. Таң ата жылқышылар із кессе, біресе жаяу, біресе атты із Қожамберлінің ауылына апарады. Батырдан қорыққан жылқышылар төреге келіп айтыпты. Бір күні Тәуке келіп «атымды сен алдың, құнын төле» дейді. Сонда Қожамберлі илеген қайысты, Тәукенің алдына тастап, қайтадан жұлып алып, уқалап-уқалап қолына беріп, атыңды танысаң ал дейді. Қайысты қолына алған төре ойланып «қайысты қолыма бергені – атың менде дегені, уқалап қайта бергені – қоймасаң осы қайыстай иленесің дегені болар. Жарайды енді бізді аттың етіне тойғыз деп кешірім жасапты. Ішіне кек сақтап, әрі батырды өзіне тәуелді еткісі келген Тәуке орайын күтеді. Өзінің бір жақын туысының қыз таңдап жүргенін естіген Тәуке, сәті келді деп Қожамберлінің ауылына барып қызына құда түседі. Қожекең келісіп «қызым жақсы қыз, өзі

жақсылап піскен қыз » деп қызының мақтауын жеткізіп, құдай дескен құда болады. Қалың малын да жақсылап алып, жағдайын түзесе керек. Кейінде қалындық ойнай келген күйеу қызды көріп айнады. Құдалар жағы малымды қайтар десе «мен сендерге айттым ғой, қызымның күйгенін жасырдым ба. Алсаң жесірінді ал, алмасаң аулақ жүр» деп Қожекеңараға салған кісілерді қуып жіберіпті. Құдалар жағы сөзден жығылып қызды алса керек. Тегі осы сөзден шығарып айтқан болар, «Қожекең балаларына ұрлық, өтірік малы жақпайды. Қыздың қалың малымен сауда жасау майдай жағады » деген сөз бар.

Болтай атбегі

Қожамберлінің немересі Болтай да кезінде тәуір болған адамдардың бірі. Өңгімеде кейде Құсбек, кейде Жамантай еді деп те айтады, сәлемдесе келген адамға таяқ ұшынан амандасады деп. Бір күні Майлық Онбай қасына ертіп ханға сәлем бере кірсе керек. Онбай Майлық ішінде білікті аты шыққан бай адам. Болтай Онбайдың бәйге аттарын баптаушы бапкері, өзі пысық ширақ адам. Келгендер үйреншікті дағдымен

амандасып, төрге озады. Кезек Болтайға келгенде ұсынған таяқты жұлып алып « Қызыларайда мұндай ырғай толып жатыр. Мен таяқпен емес, адаммен амандасуға келдім» деп шаңырақтан лақтырып жібереді. Хан «көп жүрмегір» деп қарғапты деседі.

Жамантай хан қайтыс болған шешесіне ас беріпті. Аста ат бәйгесіне бес жүз ат қосылады. Онбай « Мұзбел » деген жүйрігін қосыпты. Аттар шауып келе жатқанда Болтай, дөң үстінде тұрып, «е, Құдай Мұзбелді келтір, келтірмесең мені өлтір » деп өз-өзін қамшылап тұрады. Ақыры Мұзбел бес жүз аттың алдында келіп, бас бәйгіге тіккен елу алабас тайлақты тіркемелерімен жеңіп алады. Онбай елді өзіне қарату үшін Майлыққа бір тайлақ та қалдырмай, Қарашорға таратып беріпті. Бәйгеге тігілген заттар салынған әбдіренің үстінде хан отырса керек. Болтай әбдірені де қалдырмаймын деп ала жөнелгенде, Жамантай таяғымен салып қалады. Жамантай әдетінде кісіні өзі ұруға арланып, уәзіріне ұрғызады екен. Жамантай төре Болтайды өз қолымен ұрыпты, ханның ұрған кісісін көреміз деген ел Қарқаралыдағы бәйге төбеге симай кетті деседі.

1848 жылы Ұлы жүз бен Орта жүз арасындағы мал ұрлығын тоқтатуға арналған үлкен съезд болады. Аягөз жерінде өтсе керек. Съезге Онбаймен бірге Болтайда барады. Жамантай да Болтай да насыбай атса керек. Хан Болтайды шақырып алып «сені, түнеу күні ұрып қалдым, көңіліңе алма, кел насыбай ат» деп екеуі татуласқан екен. Кезінде Ақбайдың Қызылбайына қосылып, Әлке төреден Дүйсекелдінің атақты Кержорғасын да қайтарып әперген осы Болтай.

Болтай туралы әңгіме деректер Шынарбек Төлеубайұлының жазбаларынан алынды.

1930 жылы Қаршығалы ауылсоветі Қарқаралыдан бөлініп Қоңыратқа қарады. Кейіннен Ақтоғайға берілген. Қарқаралыға үйреніп бауыр басып қалған Жіңішке, Қаршығалы өзендерінің бойында «Қаршығалы» ауылсоветіне қараған екі колхоз болып отырған Майлық атаның балалары 1936 жылдары екіге бөлініп, Мәдениет колхозы Қызыларайға, Талап колхозына қараған майлықтар Қарқаралыны көктей өтіп Көктасқа, «Жаңажолға» келеді. Қаршығалы ауылсоветінің мөрі осыларда кеткен. Артында Қызыларайдан

Қоңыржал арқылы Қарқаралыға созылған «Майлық ауған» жолы қалды. Халық арасында

Қожамберлі майлық, Байсары майлық деп барлығын Майлыққа жатқызады. Анығында олар бірге туысқан. Осы арада атамыздың не себеппен Майлық аталғаны жөнінде айта кетсем артық болмас.

Ел өмірі аттың жалы, түйенің қомында өтіп, үдіре көшіп жүрген заманда болған оқиға деседі. Түнемелікте жолым үйдің мүліктері жеке артылады екен. Жаппада үй жиһаздары болмайды. Онда ас істеп ішуге, дастарқанға қажетті заттар салынады. Міне, осындай жол үстіндегі дүрбелең кезінде бабамыз дүниеге келіпті. Мұндайда баланы орап алатын жөргек оңайшылықпен табыла қоя ма? Тендерді шешіп жөргек табылғанша баланы майлыққа орай тұрыпты. Майлық деп ет жеп болған соң, қол сұртетін май сіңген орамалды атаған. Содан майлық тоқшылық белгісі, бай болсын деп баланың атын Майлық деп қойған екен. Айтқанындай Майлық атамыз бай болып, ұрпағы өскен, беделді елге танымал болған азаматтары бар.

Шәшті

Бәтшордан – Дүйсенбай, Шекшек,
Құрманбай,

Тұрсынбай, Намаз туады. Кейінгі
үш ұлдың шешелері Дәмелі Үйсін
Шөмек бидің қызы екен. Шашы ұзын,
бұрымдап өргенде тірсегіне түсетін
дейді айтушылар. Дәмеліні ел Шәшті
деп атап, одан туған үш ұлдың
ұрпағы өздерін Шәштіміз деп кеткен.
Атамекені Темірші, Бесшоқы, Қусак
өзенінің бойы.

Қожан батыр

Дүйсенбайдан – Ер, Тоғалак, Қожан
батыр.

Дүйсенбайдың үшінші баласы Қожан
батыр аса ірі денелі, сүйекті кісі болса
керек. Тоқты терісі басына елтірілікке
жарамаған деседі. Көші-қонда қазықты
жерге бармағымен басып кіргізе
салады екен. Адуын қимылды батыр
сөзге сараң, тіпті бата беруді білмесе
керек. Бірде көршілес ауылға бара
жатса қоңсы отырған бір шал, мен де
ет жеп қайтайын деп ере шығады.
Қожан келген соң үй иесі бір малды

алып келіп бата сұрайды. Бата беруді білмейтін батыр шалға «батаны сен бер» десе, ерегісіп бермеугі. Қайтар жолда Серек тастың қайқаңына шыға «сен ит ет жеуді білгенде бата беруді неге білмейсің» деп шалды алып ұрып, бір енін сылып алып тастап, кете береді. Кешке қарай шалды жоқтағандар келсе, «ол ит Серек таста серейіп жатқан шығар» депті. Барса шал қансырап өліп қалған.

Батыр бір күні төлеңгіт Бөрібай дегеннің ауылына соғады. Балалары болмай жүрген отағасы қуанып, батырдан бата алмаққа мүйізі қарағайдай бір серкені алып келіпті. Қожекең не айтарын білмей, серкеге қарап отырып, «Жансерке, Байсерке. Аллауакпар» деп бетін сипай салады. Батыр бізге екі бала берді деп Бөрібай қуанады. Айтқанындай екі ұлы болып, аттарын Байсерке, Жансерке деп атаған. Бұлар нағашы жұртының атымен Шәшті атанып кеткен. Қожан батыр Бөкейдің Тәукесімен қатарлас, өзара бақас қалжыңдары да бар. Батырдың он жеті әйелінен жиырма баласы бар.

Бертiс би

Ердiң немересi Бертiс би Шордың кeрeуыз билерiнiң бiрi, айналасына тентек, содырадамдарды жиып, кeпшiлiк жағдайда күшке салатын сотқар би екен. Әлтеке-Сарымда бiр ас болып, оған Қарашор да шақырылыпты. Белгiленген уақытта Қарадан баратын адамдарды Сеңкiбай би, Шордан баратын адамдарды Бертiс би бастап жолға шығады. Бертiстiң жанына ерткен кiсiлерiн көрген Сеңкең орта жолдан керi қайтады. Онысын «Бертiс осы сапар бiреудiң асын бүлдiредi, оған мен де жауап беруiм керек, аш құлактан тиыпш құлақ, бармағанымыз дұрыс болар» дептi. Сонымен Бертiс би бастаған топ, асқа да келiп жетедi. Арнаулы үйге түсiрiп, амандасуға Сарым Қамбай би келiптi. Бертiстiң бiр адамы Қамбай бiмен келiспей қалып, қамшымен тартып жiберсе керек. Бұған намыстанған Қамбайдың баласы Оразай намаз оқып отырған Бертiс бидiң басын айбалтамен шауып түсiредi. Шу көтерiлiп, астың сәнi кетедi. Күн ыстық, бидiң сүйегiн елге жеткiзуге мүмкiндiк болмай, сол жерге жерлеген. Содан берi ол жер бабамыз атымен

Бертіс аталған екен. Бертіңгі уақытқа дейін Балқаш қаласындағы шойын жол бекеті «Бірінші Балқаш станциясы» Бертіс станциясы аталып келді.

Шор Кенже би

Тоғалақтан – Ұлытау, Матақ, Қылыш, Жанту, Алтай туады. Жанту мен Алтай ұрпағы Ұлы жүзде қалған.

Матақ батырдың ұрпақтарынан атақты екі би шыққан. Олар ағайынды Ақберген мен Кенже би. Ақберген діндар, сөзге шебер, адал, шыншыл тура би. Кенже Ақбергеннің кенже інісі, соңында жүріп, жас кезінен тәрбиесінде болған. Ақбергеннің үйіне қандай қонақ келмесін, мал союға бата сұрағанда, босағада тұрып «Алланың ризалығы үшін. Аллау-акпар» деп қонақтан бұрын бата береді екен. Сонда Ақберген «ана күнәһар бата жасады ғой, соя беріңдер» дейді екен. Ақбергеннің алдына билікке келген екі жағын кезек тыңдап, сөз үйретіп, ағасын шатыстырып қояды. Кенженің алғаш сөзге араласуына мына бір жағдай себеп болыпты. Тама Сағындық би Жамантай төреге өкпелеп еліне кетіп қалады. Арада біраз жыл өткенде,

«Қарқаралының жерін, суын сағындым, Ақбергеннің сөзін сағындым» деп ел аралай Ақбергендікіне келеді. Аунап-қунап жатып еліне қайтарда, Ақберген ақ боз атын, қалы кілем жапқан түйесін беріп, Сағындықты күндік жерге шығарып салады. Сол жерде Сағындық «Ақберген сенде бір құс бар деуші еді, көрінбейді ғой» депті. Ақберген атақты қыраны «Қарашолақ» деген бүркітін, көзге түссе қалап алып кетер деп жасырып қойған екен. Көңілі бүркітте болған екен деп Кенжені жіберіп алғызады. Қоштасарда Сағындық «Ақберген-ай, мен саған әбден істедім білем, астыңнан аударып атыңды алдым, көшкенде шаңырақ артар түйенді алдым, төріңе салар кілемінді алдым. Ол аз болғандай зеріккенде көңіліңді котерер қыраныңды алдым» депті. Ақберген бөгеліп қалса керек. Кенже кимелеп келіп, «сіз елге келген кәрі аруақ емессіз бе? Кәрі аруақты жақсы аттың жалында, атан түйенің қомында, қалы кілемнің үстінде, кара құстың канатымен қағып шығарып салмаса, бола ма депті. Інісінің қысылғанда сөз тапқанына риза болған Ақберген осыдан былай ақылға, сөзге араластыра бастаған екен.

Ақберген ауырып, өлер алдын-

да Кенжені шақырыпты. Оған Кенже бармапты. «Мұның қалай, ағаң өлейін деп жатқанда бармағанын» дегендерге, «мені шақырғанда, отірігіңді қой деп айтады. Ол менің күн көргішім. Оны қоямын деп уағда беріп, бүгін Ақбергеннің жүзін, ертең Алланың жүзін қалай көрем» деген екен.

Сармантай Ешмағанбет қажы Меккеге үш барып келгенде, ел ішінде ақсақалдар пірге қол тапсырамыз деп ағылса керек. Бір күні Кенже би де барып, «Ешеке, сізге сәлем берейін деп, сосын бір сауалым бар» дейді. Қажы сұраңыз дегенде «ел сасып, етек басқанда сізден қандай көмек болар» депті. Қажы «оны құдай біледі, бір Алланың ісі ғой» десе, Кенже би етегін қағып түрегеп, «олай болса, сол Алланың өзімен болайын» деп шығып кете беріпті.

Шорманның Мұсасы Қарқаралыға келіп, түсіпті. Үстіне Кенже барса, қаперсіз жата берсе керек. Сонда Кенже би;

Түлкі жүйрік, дыбысы жоқ,
Қатын шешен, ақылы жоқ.
Атасызға бақ бітсе,
Амандықпен ісі жоқ, —

деп шығып кетеді. Бұл екі арыстың алғашқы

кездесулері екен.

Мұсаның әкесі Шорман би қайтыс болған соң, жолы түсіп Кенже би барады. Ағам орнына құран оқимын деп Шорманның сүйегі шыққан үйге түсіпті. Ертеңісін, жылқы келгенше жатып, кеш тұрады. Шорманның бәйбішесіне «жеңге, түнде гұсыл болып қалыппын, шомылуым керек» деп су құйғызып, түске дейін шықпай қояды. Амандасамыз деп есік алдына жиылған жұрт, «мұнысы ұят болды, шешесінің абұйырын төкті. Мұса мырза бір қаһар қылатын шығар» деп жыбырласады. Сөз Мұсаға да жетеді, бірақ ештеме демей, «ағаңыздың жолы» деп үстіне шапан жауып, астына ат мінгізеді. Кенженің бұл қылығының мәнісі – Мұсаның аузынан аңдаусызда «Қаракесектің бір атақты адамының келініне бардым» деген сөз оқыс шығып кетеді. Кенженің істеп отырғаны, «сен келінге барсаң, мен сенің шешеңе бардым» деген ишараты екен.

Кенже би жолаушылап келе жатып, Қамбардың бір ауылына келсе, жиылған топ екен дейді. Кенжені таныған ел жақсылары «жақсы келдіңіз, төрелігін өзіңіз айтыңыз» дейді. «Бір жігіт осында сыйлы

аксақалымыздың қызын оятып, қолға түсті. Аруаққа шет болды, өзі байлауда» дейді. Кенже би «құнажын күйлемесе, бұқаның несі бар, жігітті босатып қоя беріңдер» деп билік айтады.

Кенже би аз сөйлейтін, сөзінің көбін ишаратпен, қимылмен білдіретін адам. «Шешен шешен емес, Кенженің жұмбағын шешкен шешен» деген сөз бар. Ағын суға бір тосу бар демекші сол Кенженің де сөзге тоқтап, жеңілген кезі болған екен.

Бірде Алтай Жұманың Азынасы Кенже бидің үйіне түседі. Кенжекең амандықтан соң баласына «мына кісілерді күт» деп өзі жолынан қалмай жүріп кетеді. Кенже кетіп қалған соң, дәмге карамай бұлар да кетеді.

Келер жылы Қаракесек-Алтай арасында дау болып, бас билікке Кенже би сайланады. Алтайдың бас биі Азына екі күн бойына келмеугі. Үйінде жатып, Мәңке батырды шақырып алып, «Кенже алапатты адам, мен сөйлесе алмаймын, сен бар» деп жұмсапты. Мәңке батыр «бұларда тілге тиек не бар» десе өткен жылғысын айтады. Содан Мәңке батыр келіп:

Қымызын қызындай көретін,
Шайын ұлындай көретін.
Бір тоқты сойып қонағасы берсе,

Әкесінің құнындай көретін, –

Кенжемен мен сөйлеспеймін,
Жанғұттыларыңды әкеліңдер деп отырып
алыпты. Осы жолы Кенжені жеңіп билік
айтқан екен.

Кенжекең орта жастан асқан шағында,
тоқалдыққа алмақ болып сөйлескен әрі сұлу,
әрі сөзге шешен Алуа деген келіншекті
сөзге тартып, «әй, келіншек келе кет»
десе, Алуа акын:

Сен өзі жаман атты жалбағайсың,
Лузыңа жаман сөзді алмағайсың.
Жанып тұрған шоқты ұстай алып,
Өшіре алмай бір пәлеге қалмағайсың, –
дегенде Кенжекең үндей алмай қалған
екен. Кейін де бәйібшесі рұқсат бермей
созыңқырап жүріп алғанда, бір кездесіп,
«әй, келіншек келе кет» десе, Алуа:

Кел дейсің келгің келсе, сен келе кет,
Кел дағы жігіт болсаң сертіңе жет.
Кел деген ауыз байлық неге керек,
Келмесең келгендерден садаға кет, –
деген екен. Кенже би осы өзі екі рет
жеңілген келіншекке Қарқаралыдан үй
әперіп, бір үйі қылған екен. Бұл Алуадан
Жүніс деген ұлы болған деген де дерек
бар.

Темірші болысында сайлау партиясының
бір жағын Секербай, бір жағын Кенже би

басқарыпты. Секербай жеңсе өзі болады, Кенже жеңсе қалаған адамы болыс болады.

Бір сайлауда Секербай жеңіп, Кенже оны түсіремін деп Қарқаралыға келеді. Секербай да келіп, екеуі Қарсыбек деген кісінің үйіне түседі. Жайшылықта екеуі тату екен, бұрынғыша қалжыңдасып жата береді. Сырт ел Кенже Секербайды түсірем деп қуып келіпті деп гуілдеседі. Тас базардың алдында қалың көпшілік ішінде тұрған Кенже, уезд бастығының тарантасы өтіп бара жатса, тоқтатып мініп кетеді. Кеңсеге келген соң түсіп қалып, Қарсыбектікіне келеді. Мұны естіген ел ақсақалдары «орысқа баруына қарағанда, бұлардың аралары жақсы болмайын деген екен, татуластырайық» деп жиналып барады. Қорытындылай келе, Секербай Кенжеге сый берсін дейді. Кенже «ақ кекіл атты ертоқымымен берсін» деп ишараттайды. Сонда Секербайдың әкесі Қанқожа би «іші боқты, сырты түкті бір қара үшін, топқа салардай не көрінді» депті. Кенже би «бір қара емес, одан да зоры» дейді. «Азар болса ат жүйрік шығар, басқа не бар» десе Қарқаралы уезіне қарасты қара халық жиналған қан базарда, Секербай болыстың тақымына

басқан атын, ертоқымымен Кенже би тартып мініпті деген сөз зорырақ қой деген екен.

Тағы бір кезекті сайлауда Кенже би Қара Ермектің Әбеуіне «осы жолы сені болыс қоям, дастарқаның жиналмасын, елді өзіңе тарт» деп еркіне қоймай көндіреді. Мен Секербайға барам, сол жақтан елді саған ауыстыратын амал жасаймын дейді. Содан Секербайға келіп, «Секержан, мен саған біржола келдім. Қаралар аяқ астынан көтеріліп партия құрып жатыр. Олармен не сөйлесем, одан да сені мен бірге болайын деп келдім» дейді. Секербай іштей қуанып, «Кенже аға, онда сізге жеке үй тіктірейін» десе «маған ас үйіңнің төрін бер, сонда болам» деп көнбепті. Секербай енді жеңетініне еш күманданбай, Кенжеге ерекше құрмет көрсетіп, күтеді. Кенже би ас үйден ет жеймін, қымыз ішем деп келгендерге, «немене сендердің қайсына жетеді, Секержанның бір саба қымызы, бар ана ағызып жатқан Қараға барыңдар, тамақ керек болса» деп қуып шығады. Қазақ кедейінің ерекше құрметке ие болар, аз ғана уақыты осы сайлау алдындағы кез. Одан кейін оларға ауыз жарытар ас тие бермеген. Елдің ықыласы Қараларға ауып

кетсе керек. Ертең тас саламыз деген күні Кенже Секербай үйінің сыртынан келіп, «Секержан, мен кеттім» деп дауыстапты. Сонда Секербай «қараңдаршы атқа қалай отырып бара жатыр» депті. Шығып қараса тымағының артын түре киіп, қамшысын екі бүктеп ұстап бара жатыр екен. Онысы артыңды жалаңаштадым, екі бүктелдің деген ишараты екен. Айтқанындай ел сол жолы қарсы жаққа ауып, Ермектің Әбеуі болыс болып сайланған екен. Әбеу бұдан кейін де болыс болған.

Секербай қажылыққа жол жүрмек болғанда қоштасуға Кенже де келеді. Шығарып салмақшы болып, пәуескеге қоса мініпті. Екі-үш күндік жерге келген соң Секербай «Кенже аға, осы арадан қайтыңыз, шығарып салғанның жолдастыққа сәні жоқ деген, сізге рахмет» дейді. Сонда Кенже «маған қайда бар дейсін, елге барғанда кіммен сөйлесем, онан да сен барған жерге мен де барам» дейді. «Елде неге айтпадыңыз, қаражатты жеткілікті қылып алар едік» десе «өзіңе алғаның екеумізге жетпейді деп ойладым ба» депті. Содан жолдағы елден қаражат алып, Меккеге де жетеді. Меккеде Кенженің іші ауырып, ауруханаға түседі. Өлтіріп тастар деп қорыққан Секербай

дәрігерге алтын ақша беріп, шығарып алуға келсе, Кенже «әй, Секержан-ай, бекер әуре болғансың, бұлар өздері де менен құтыла алмай отыр емес пе» депті. Онысы елге барғанда ақшаға сатып алдым демесін дегені. Шығып келе жатса, жолда бір арық бар екен, Секербайдың арқасында келе жатқан, Кенженің іші су ортасына келгенде ауырып, бүркіп жібереді. Судан өткен соң Секербай кісі жалдап, киімін жугызып отырып, «елде жүрсем де, түзде жүрсем де маған көрсеткен рахатың осы болды-ау» деп ренжиді. Сонда Кенже «әй, Секержан, бәрі өзің үшін ғой» депті. Онысы Кенжені Секербай Меккеге апарып өлтірді деп ел бетіңе салық қылады дегені екен. Сөйтіп отырып аман-есен елге жетсек, көкала түтінді бұрқыратып, партия құрса» деп айтады екен. Сол Секербай қайтыс болғанда Кенже үйге еңбектеп кіріпті. Онысы арысым едің, белім сынды дегені. Секербайдың екі ұлына «ал, арбаның арысы сынды, екі доңғалағы қайда барсаң онда бар» деп шығып кетеді. Сол айтқанында тұрып, балаларымен тату өтті.

Бірде Абай Шұбыртпалы Ағыбай батырдың асына бармақ болып жолға шығады. Ас беретін ауылға жақындағанда,

ат шалдырып «біреуің барып біліп келіңдер» депті. Барған жігіт қайтып келіп «Абай аға, сізді келеді деп, жеке үй тіктіріп, күтіп отыр» депті. Абай «өй, найсап, мен саған оны емес, ел мен туралы не дейді. Соны біл деп жібердім» десе керек. Сонда жігіт, «елдің бәрі сізді күтуде, тек бір жаман шал, Абай бұл асқа келмес деп жүр» дейді. Сонда Абай «қап, алдымды ораған екен, болмас» деп ауылына қайтады. Сондағы жаман шал Кенже би екен. Абай әкесі Құнанбайға ас бермеген, соны алдымнан келтіреді деп кейін қайтқан екен. Ағыбай батыр 1793 жылы туып 1880 жылы қайтыс болған. Ас 1881 жылы берілген болуы керек. Кенже би 1820 жылы туып, 1908 жылы қайтыс болған.

Шұбартау төлеңгіттері екі түйе жоғалтып, оны Кенженің немересі Толай көріпті деп естіп, жөн сұрауға Кенжеге келеді. Кенже Толайды шақырып алып, сұраса ол «Қусақ өзенінің бойымен Балқашқа қарай айдап бара жатты, кім екенін білмеймін» дейді. «Жарайды, онда саған екі түйе кестім, түйені бер де, кісілерді қайыр» депті. Жоқ іздеушілер сасып, «Кенже аға-ау, сіздің балаңыз түйе ұрлады деп отырғамыз жоқ.

Балаңыздан түйені алмаймыз» деседі.
«Жоқ алыңдар, бұдан былай, баламның
мұндайды көрмеуіне жақсы болады»
деген екен.

Нұралы батыр

Бәтшордың екінші баласы – Шекшек.

Шекшектен – Нұралы, Жангелді, Жанақ,
Бигелді деген төрт ұл туады.

Шекшектің үлкен ұлы Нұралы батыр көп
сөйлемейтін, аузына түскен сөзі қабыл
болған қасиетті кісі. Түсі суық, қабағы
түксиген, қасы көзін жауып тұратын еді
деседі. Денесіне оқөтпеген, ілініп жүрген
жебелерді алып тастап жүре береді екен.
Нұралы бабамыздың Сырбойынан келген
кездегі қонысы Кент тауы болса керек.
Мазары Талды өзені бойында. Кітаптың
бас жағында айтып кеткендей Қарашор
балалары атақоныс Сарыарқаға қоныс
аударуға шешім қабылдаған кезде,
Сеңкібай батыр шөбере інісі Нұралы
батырды алып Қаратауға аттанады.

Нұралы баба Барақ төренің ауылына
барып, өздерінің шешімдерін айтып,
бір баласын хан қоюға беруін сұрайды.
Барақ төре ойлана келе «Бөкейімді
берейін өзіңдей көр, ол да сені

өзіндей көрсін, саған балам аманат, Алланың алдында сұрармын» деп он төрт жасар Бөкей деген баласын Нұралы батырға қосып береді. Бұл уақытта Қаратаудан Мәнқожа деген, қожа баласын алып Сеңкібай батыр да келсе керек. Сонымен көшкен елге ілескен екі ақсүйек тұқымы Қарқаралыға келіп, қалың Қарашор еліне сіңіп кеткен. Бөкейдің Нұралы балаларына сіңіскені сондай ел арасында даушар болғанда Бөтей-Бөкей болып біріге қалатын. Бөкейдің хандығын патша үкіметі бекітпес бұрын да Қарашор елі Бөкейді хан деп таныған. 1824 жылғы

6-8 сәуірдегі Қарқаралы уезінің бірінші аға сұлтаны сайлауында Бөкейдің немересі Тұрсын /Жамантай/ аға сұлтан болып сайланады. Оның екі ақылшысының бірі болып Нұралы баласы Жаманбай қазы болады. Екіншісі Үлдебай Ортауов. Бұл сайлаудың қалай өткенін «Орталық Қазақстан» газетінің 2002 жылғы 20 ақпан күнгі номеріне шыққан, «Қаралар мен Төрелер» атты мақаламда толығынан баяндап өткем.

Кезінде Шекшек атаның балалары Кенесары ханның көтерілісін қолдағаны үшін патша үкіметінен көп

куғындау көреді. Бір жылы қазақтан солдатқа адам алатын болыпты, әне келіп қалды, әне алып жатыр деген өсек сөз жайылады.

Бұрыннан куғын көрген Шекшек ата балалары бізді енді аямас деп қоныс аударуға шешім қабылдайды.

Жамантай хан «бос сөз отыра беріңдер» десе де болмаған. Содан Жамантай хан Жәмекеңе «Жаманбай қазы» келіп, «болса да көнбей кетіп барасыз, мына жеріңізге иелікті маған тастап кетіңіз» деп қағазға мөрін соқтырып алады. Елдің көшуіне түрткі болған кешегі хан Кеенің көтерілісін қолдаушы Құдайменде, Оққа, Жәдек батырлар еді. Күндердің күнінде Қаратау асқан шекшектер қайтып келгенде, төрелер жерін бермей талас болады. Бұл кезде қартайған Жаманбай қазы дүние салады. Өзінің өсиеті бойынша Қызылшілік маңына төбешікке қояды. Жаманбайдың Қызылшілігі атанған бұл жер ерте кезде түйе бойы биік, қалың болыпты. Жәмекеңнің сиыры көп болған. Қыс ішінде сиырлары бұзаулап, күрт қайнатып, шошалада қыстап шығады екен. Бір күні Қарқаралыға кетіп бара жатып Жамантай хан Жәмекеңе аман-дасам деп шошалаға соғады. Басқа

тамаққа қарамай күртқа май салғызып ішіп алған төре, қалаға жеткенше тымағының бауын қайыра түріп ыстықтап барады. Содан бастап арманы Қызылшілікті алу болған.

Байдалы бидің жиырмадан асқан кезі болса керек, Жамантай ханның алдына жерін даулап барыпты. Кеше елауғанда саған иелікке тастаған қағазды қайтар, болмаса алты ауыл төре шаңырағыңды ортасына түсірер Қарашордың ортасында отырғаныңды ұмытпа депті. Жамантай хан Қарашордың бірігуінен қорқып, қағазын қайтарып берген. Тек Жәмекең Қызылшілігі төреде қалған. Оны екі қыз алып киітке берген. Бұрынғы Жаманбай Қызылшілігі кейін Солтыбай Қызылшілігі аталған.

Жапалақ батыр

Қарқаралы уезіне қарасты жиырма екі болыс елдің ішінде Қарашор елі төрт болыс ел болған. Берікқара, Темірші, Ақсары, Кент немесе Қарауыл-Қамбар болысы. Басқа қаракесектерге қарағанда Қарауыл-Қамбар болысын кірмелеу, кедей, момын санаған Құсбек бастаған әкімдер

салықты баса салып, халықты езеді.
Болысы Арысбек төре болған.

1845 жылы күзде, Қарқаралы өңірінде мал-жан санағы жүргізіледі. Оны патшаның жіберген өкілі ұлты поляк Виктор Иванов деген халықшыл адам басқарса керек. Сол адамға Қарауыл-Қамбар болысының атынан сексен жастағы Жапалақ батыр келіпті. Жанында Құлтабар, Күлдейтін батырлар бар. Бұл ұлықтың төбесінің тесігі барын естіп келген батыр:

Мен батыр Жапалақ,
Үлкен аш, бала жалаңаш,
Келіп тұрмын қапалап.
Халықты сорып жеп,
Құсбегің жүр жасапалап.
Қарауыл-Қамбар емес,
Бар қазақты қорғаймын.
Құсбектің төбесінде ойнаймын.
Ер болып тудым, халық үшін өлемін,
Бүгін кешке көремін,
Артық салықты алмаса,
Жүрек-бауырын суырып алып
Өз қолына беремін,
Халықтың соңына еремін.
Құсбек өлді, мені ат деп,
Сосын саған келемін, —

деп тақпақтайды.

Ұлық хатшыны шақырып алып, тексертіп, артық салықты алып, төленбегендеріне кешірім жасатыпты. Жапалақ батырдың сауығы Балқаш қаласында мұражайда болуы керек.

Құлтабар батыр

Бірде қыс қатты болып, ағайындарына барып келмекші болған Құлтабар батыр мінетін аты болмай, жаяу кетеді. Ауылдан ұзап шыққанда екі аш бөрі батырды қоршап алады. Қолындағы қайың таяғымен, екі бөрімен ұзақ айқасқан Құлтабар, өзін жеймін деген жауын соғып алады. Мұны естіген Құсбек төре шабарманы Қожамсүтірді жұмсап, екі қасқырдың терісін сұратады. Құлтабар «теріні Жапалақ ағама сыйлағам» деп бермейді. Арада үш ай өткен соң Құсбек төре Құлтабарды шақырып алдырыпты. Жанына Құлтай батырды еріткен Құлтабар үйге кірсе, Құсбек сәлем орнына таяғын ұсынады. Батыр таяқты қағып жіберіп, сапысын суырып алып «құдай адамға басты ойласын, көзді көрсін, аяқты жүрсін, қолды сәлем алсын деп берді. Сен құдайдан күштімісің, жақсы хан болсаң да, жаман хан болсаң да халықпен

атың шығады. Жарып өлтірейін деп» тұра ұмтылғанда төре төргі бөлмеге кіріп кетіпті.

Құсбек төре өлерінде «бір арманым Қарауыл-Қамбардың тоз-тоз болғанын көре алмадым» деп кеткен екен.

Нұралы батыр ұрпақтары

Нұралы батырдың кей уақытта бар дүниені ұмытқандай күй кешетіні болса керек. Бірде бір жас әйел от алуға келіп, шығып бара жатқанда, бәйібшесінен «алгі кім» деп сұрапты. Бәйібшесі «батыр-ау соңғы жорықта олжаға әкелген өз әйелің емеспе» депті. «Қап, бәтшағарды ұмытып кетіппін ғой. Обал болған екен» деп сол күннен бастап осы төртінші әйелімен бірге болған. Бұдан алты ұл көрген. Алты ұлдың үлкені Қабанбайдан – Баубек, одан – Жүзжан, Жүзжасар, Мыңжан, Наурызбай, Жауқашар туады. Бұл бесеуін «бес бақсы» деп атаған. Кезінде Кенесары көтерілісіне қатысып, шекшектердің Қаратауға аууына себепші болған. Жауғашар жауды қуып тастаған да туып, атын Жауқашар қойған.

Шекшек Жанкелді

Нұралының ортаншы інісі Жанкелді жоләушылап келе жатып, шөл далада қапшық арқалаған жаяуға кез болып, «нең бар көрсет» деп қысады. Жаяу «сізге керекті ештеңе жоқ» деп көрсетпейді. Күш көрсетуге айналған соң, жаяу шынын айтады. «Қапшығымда әбжылан бар. Дұға оқып, жеңіп әкеле жатырмын, босатуға болмайды. Жазым қылады» дейді.

Оған Жанкелді «босат, екеуің оқысындар. Біз де көрелік» деп қысас қылады.

Содан жаяу адам «мен оқып отырғанда, көзді айыруға болмайды. Шөлдесем ымдаймын, сонда ерініме су жағындар» деп жыланды босатып, оқысуға кіріседі.

Қызыққа қараған есер топ, қанша ымдаса да су бермей, қалжыраған жаяуды көз алдарында әбжылан жұтып қояды.

Мұны естіген ел Жанкелдіге лагнет айтыпты. Содан сескеніп, бата алмаққа Нұралыға барғанда жанында отырған адам қағып жіберсе де, үш қайталағанда қолы терісінен жайылып, аузына ештеңе түспей бетін сипай салыпты. Содан болар ұрпағы жөнді өспеді деседі.

Нұралының Мырзасы

Бір күні далаға шыққан батыр қарап тұрса, құрық сүйретіп, жылқы қайырып жүрген адамды көріп, бәйбішесінен «анау кім» деп сұрапты. Бәйбішесі «ол өзіңіздің үлкен балаңыз Мырза» дейді. Батыр сонда «ол патшағардың ат ұстайтын баласы жоқ па еді» деп сұрайды. Жоқ екенін білген соң «ана жылы қатты ренжіп едім, сол бөгет болған ғой, кешке келін екеуі келсін батамды берейін» депті. Мырза әйелі мен екеуі бата алмаққа келгенде «шындап бердім Шындаулет, және бердім Жандәулет, байлап бердім Байдәулет, кенжелеп бердім Кендәулет, аллауакпар» деген екен.

Мырза егделеп қалған шағында төрт ұлды болып, ұрпағы өскен екен.

Алдияр батыр

Нұралының қарындасы Бике жаугершілікте қолға түсіп қалыпты. Күйеуі соғыста өлген, өзі жау қолында, жалшылықта жүріп қалады. Бірде елін сағынып жылап жүрген Бикеге, түсінде ағасы Нұралы «сен қаш» дейді. «Қалай

кашам, жолды білмеймін» десе, «бетіңмен жүре бер, жолбасшың болады, елді табасың» депті. Содан Бике өзі сауып жүрген інгенге мініп қашады. Алдында бір сұр қасқыр жортты да отырды дейді. Кешке жоқ болып кетіп, таң ата жүрсе алдында отырған. Сонымен түйенің сүті азық болып, сұр қасқыр басшы болып аман-есен елге жетіпті. Талдының бойына келгенде қасқыр ғайып болған. Сірә, Нұралы бабаның киесі «қасқыр» болса керек.

Осы Бикенің баласы Алдияр батыр 16-17 жасынан жауынгер атанған. Бір жорықта қатты ұрыс үстінде, аты оққа ұшып, жаяу қалады. Содан сай-саланы паналап тығыла басып келе жатса, алдынан жаулары шыға келеді. Қарсыласу пайдасыз болған соң, Алдияр өтірік өлген кісі болып жата қалады. Ат үстінен қаумалаған жаудың біреуі секіріп түсіп, өлі-тірісін тексермекші болып, оң құлағын кесіп алғанда тырп етпейті. Жаулары кеткен соң, аман-есен ауылына келеді. Кейіннен батырдың ауылын келіндері «Шұнақ атам ауылы» деп кеткен. Алдияр батыр көбінесе шұбыртпалы Ағыбай батырдың тобында шайқасыпты. Ағыбай қатты сыйлап, жақсы көрген

екен. Кенесары хан қырғызды шабуға қол жинаған кезде Ағыбай Алдиярға кісі жібереді, жігіттерімен келсін деп. Оған «ел шетіне жау келсе, барармын, төренің қошеметіне жиналған қолға бармаймын. Төреге ерген ерін арқалайды деуші еді, өзіне де берер кеңесім сол» деп келген кісіден сәлем айтады.

Байдалы би

Атақты Алтай Байдалы би жолы түсіп, Нұралының немересі Байназардың үйіне қоныпты. Сол күні түнде, Байназардың бәйішесі босанып, ұл табады. Мұны ырым еткен Байназар, «нәрестеге атты өзіңіз қойыңыз» деп қолқа салады. Сонда Байдалы би «қуанышың қайырлы болсын, өмір жасы ұзақ болсын. Қарашорға әйгілі би болсын, менің атымды қой» деген екен. Айтқаны айдай келіп, Байдалы атақты би болды. 1905 жылы тоқсаннан асып қайтыс болған.

Қара Тақабай мен Дүзеннің жылқысына тиген, Қаржастың бір ұрысы қолға түсіп, қалғаны құтылып кетіпті. Қолға түскен ұрыны Қаралар өлтіріп тастаса керек. Қаржас жағы жансыздап кісі жіберіп, ойнап жүрген балалардан кісісінің өлгенін

біліп алады. Содан Шорманның Мұсасы Қарадан екі жүз жылқыны айдатып алыпты. Жыл өткен соң Мұсаның ауылына Байдалы би барады. Дау үстінде Мұса мырза «сен, не бетіңмен келдің, кісімізді ұрыс үстінде емес, көгендеп қойып өлтірдіңдер» дейді. Сонда Байдалы би, «Рас, бет жоқ, бірақ мені мұнда әкелген әкеңнің бір сөзі еді» депті. Мұса «әкем не деп еді» десе керек. Шорман заманында Қаракесектің жеті ұрысын өлтіріп, құдыққа көмгені жайында болған дауда, Шорман би «Жібекте күл жоқ, ұрыда құн жоқ, ұрыда құн болса момынға күн жоқ» деп билік айтқан. Сол билігін халық мақұлдаған. Мұса мырза біраз ойланып «Байдалының бізде әлі алты кісісінің құны бар екен. Жылқысының бір тайын қалдырмай алдына салып беріңдер» деген екен.

Дүйсеке мырза

Жанкісінің немересі Дүйсеке мырза жасында кедейліктен Қарқаралыдағы Халиолла көпестің үйінде қолбала болып, жалда жүреді. Қара Мыңғыштың әкесі Байдаулет көпестің үйіне келіп

жүргенде пысық бала ұнап, ағасы Нысаннан сұрап алады. Дүйсеке он алты жасқа келгенде өзіне рұқсат беруін сұрайды. Дүйсеке алғаш келгенде мініп келген құнаны сақа айғыр болып, үйірінде жиырмаға тарта жылқы бар екен. Байдәулет сол жылқыны түгелімен беріп, рұқсат деп батасын береді. Сол жылқының тұқымы тоғыз жүзге жеткен деседі. Дүйсеке мырза Берікқарада үш сайлау болыс болған. Кейіннен Берікқарадан Мыңғыш балалары Ақсары болысы болып бөлінгенде, Дүйсеке мырза атсалысыпты. Байдәулеттің өзіне істеген жақсылығын сөйтіп қайтарған екен деседі.

Нұралының Қармысы

Нұралы бабаның кенжесі Қармыс аздап сақаулау, кесірленіп сөйлейтін кісі болса керек. Атағы жүйрік аттарымен шыққан. Оның Аманбол, Көкбесті деген бәйге аттары болыпты. Аманбол күй талғамайтын жүйрік жирен ат, Көкбесті аруақты, бәйге тек жүз болса, алдын бермейтін көк ат екен. Сармантай Жұмаға ас бергенде, бәйге жүз сныр екен. Атының сыры өзіне мәлім, Қармыс «атымды терлетпей, бәйгені шаппай бер»

деп отырып алыпты. Оған басқалар «біз сиыр әкелгеніміз жоқ, кесірленбей жеңіп ал» десіпті. Сол аста Көкбесті бірінші, Аманбол екінші келген екен. Бәйгеге тігілген жүз сиырды, ауылымның маңын боқ қылмаймын, сиырды қалыңмалға алып орнына қыз беріңдер деп отырып алады. Содан ағасы Жаманбайдың баласы күйші Тамтыққа Алшағыр батырдың немере қызын алып беріпті.

Шекшектер Қаратауға ауып барып, қайта Арқаға көшкенде, өзбектер шабуыл жасаған. Содан Кенесарының інісі атақты Наурызбай батыр өткізіп салып, еңбегіне Аманболды қалап алыпты. Көкбесті жануар әбден қартайып, ел жайлауға шыққанда, осы күнгі Қарағанды қаласының маңындағы, өзеннің бойында өлген деседі. Өзен тұлпардың атымен Көкбесті аталған.

Шекшек ата балаларының әңгіме-деректері шекшек Зейнелгабиден ақсақалдың шежіресінен алынған үзінді.

Майқы би балалары

Танас бабамнан біраз сыр айтылды, енді әруаққа шет болмас үшін Майқы бабамнан да бірер сөз қозғай кетейін.

Майқыдан – Айтуған, Сарым дедік. Көпшілік шежіреде Майқыдан Әлтеке, Сарым деп жазылады. Мұның себебі Айтуғаннан Әлтеке жалғыз туған. Кейінгі ұрпағы Әлтеке баласымыз. Әлтекеміз деп естір құлаққа осылай сіңіп қалғандықтан Айтуған өзінен өзі сығылып түсіп қалған. Ел арасы өсек-аяңсыз болмайды, сондай өсекке Әлтекені де таңатындар бар. Оның мәнісі былай екен. Тобықты Төленқожа деген саудагер сауда жасап жүріп, қалмақ арасында болыпты. Бірде той болып болып жатқан ауылға кез болады. Тойдың ойын – сауығында бала жарыстыру да бар екен. Сонда алдында озып келген бала «Майқы-Майқы» деп ұран салады. Төленқожа той тараған соң, баланы тауып алып жөнін сұраса, бала «Майқы деген кісінің + қалмақ шапқанда шешем қалмақ қолында кеткен көрінеді» дейді. Шешесі «Мен Майқының әйелі едім, екіқабат күнімде қалмақ қолына түстім. Бұл балама босанғанда, ай жаңа туып келе жатыр еді. Бізге де жарық күн болар ма екен, деп атын Айтуған қойдым» дейді. Содан Төленқожа әйел сауыншы болып жүрген баймен келісіп, баласымен бірге босатып еліне әкеледі. Мұны аса жария қылмаса керек. Бірде

жапсар елде ас беріліп, оған Майқыда барыпты. Бәйгеге шапқан аттар көмбеден өткенде, бір бала «Майқы – Майқы» лап ұран салады. Сұрастырса өз баласы, әрі әйелінің екіқабат кеткенін ауылдастары да бекітеді. Бала әкесін табады. Мұны әркім әр саққа жүгіртіп, Айтуған Майқы баласы емес деп осекке таңады. Майқы би Түйте баласы кең пейілді, сөзі далада қалмаған, қысылып-қымтырылғанға пана болған, халықты бауы-рына тарта білген, білікті адам деседі.

Әлтеке баласы Дос батыр жетпіс сегіз жасында жалғыз ұлы Қожаназар екеуі жау қолына түседі. Қалмақ ханы «біреуін босатайық» деп таңдауды өздеріне береді. Дос батыр баласына «мен елге барғанда не болам, екінің бірі көзіме түртпей ме. Сен барсаң, Дос батыр өлген жоқ, міні көзі тірі деп қуанады. Сенен туған бала күндердің күнінде менің кегімді алады» деп баласын қайтарады. Қожаназардан Жидебай батыр туады. Атасының айтқаны келіп, қалмаққа талай ойран салған, Жидекең әрі би, дуалы ауыз аруақты адам болған. Ел ауызында талай шешендік сөздері мен ерліктері сақталыпты. Жидебай батыр айсыз қараңғы түнде де, боран

- шашында да күндізгідей жол табады екен. Адам таба алмайтын елеусіз жерге тығылған, бір ауылды шауыпты. Сол ауылда Сарықожа деген қасиетті қожа болса керек. Сол қожа «дәуде болса, мұны көзің ағарғыр Жидебай тапқан шығар» деп қарғапты. Жидекең көзі содан көрмей қалған. Қожаның аяғына жығылса да болмаған екен. Жидекең жүз жасаған адам. /1713-1813/. Мұны өзінің бір ауыз өлеңімен бекітелік:

Жасымның жүзге жеткені,
Алты Алаштың алғысы.
Екі көзімнің кеткені,
Сарықожаның қарғысы.

Майқыдан – Айтуған, Сарым дедік.
Сарымнан – Токсан, Өтеміс. Үлкені
Токсан ел басқарған, бай болып, інісі
Өтемісті кемдікте ұстап, әйел де әпермесе
керек. Бірде жорыққа кетіп бара
жатқан бір батыр (Бөгенбай деп те
айтады) Токсандікінде қонақта болады.
Өтеміс сырт отырып қалса керек. Батыр
оның саптыаяғына етті молырақ салғызып
беріпті. Етті жеп алған Өтеміс «жортқанда
жолың болсын, жолдасың Қызыр болсын.
Жақсымен жанас, жаманнан адас. Менің
батам емес, әкем Майқының батасы.
Аллауакпар» деп бата береді. Сол

жорықта олжаға келген қыз Қантбикені батыр Өтеміске қосады. Қантбикеден үш ұл туып, аттарын Ақарыс, Бекарыс, Тоқарыс деп қойыпты. Бірде Өтемістікіне келген Тоқсанбай балалардың аттарын естіп, «бұл жаманның балаларына мұндай аттың керегі не, мынау – Боқсары, мынау – Тоқсары, анау – Құлық болсын. Осы ат жарайды деген екен.

Шабанбай би

Боқсарыдан – Қалқаман батыр, одан – Шабанбай би туса керек. Бұл бабамызды Жидебай батыр қатты сыйлапты. Бірде Жидекең отырған үйге сәлем бере Шабанбай келсе, Жидекем «шапай – жүйрік, сөйлемей – шешенім, кел мына оң тіземнен отыр» деп төрге шақырады. Сонда Тоқсанның ұрпағы Шуақ отырып, «Жидекем қартайғанда қыдырып, құрт ішіп жүр ме» деп кекетті. Жидекең «кәрі бураның басы піскенше, жас бураның басы түсіп қалар» деп жауап қатады. Көп кешікпей Шуақ қайтыс болады. Шабекең атты жаратпай-ақ бәйгеден келтіреді екен. Атты шаптырмай бәйге алған кезі де болыпты. Бала жігіт кезінде билікке барған үлкендерге атшы

болып барыпты. Жиналған билер, билік айтар алдында, үлкен-кіші, басшы-атшы демей пікір айтқызыпты. Билер алдына барған Шабанбай «арғымаққа – тай төлеу деген бар емес пе» депті. Сол сөзі билік болып, Шабанбайдың аты шығады.

Бірде Шабанбай би кештетіп бір ауылға келіп, байдың үйіне қонады. Ертеңгілік дәм үстінде бай қойшысына ұрсып, зекіп отырады. Сөйтсе, қойшысы ұйықтап қалып, қотанға түскен бөрі екі-үш саулықты тартып кетіпті. Сонда қойшысы отырып, «үйге әулие адам қонған соң қасқыр қотанға түспес деп, ұйықтап қалғаным рас еді» дейді. Сонда Шабекен «е, қарағым маған сенсең, оған да бір зауал келген шығар. Маңайды қараңдар» дейді. Айтқанындай қарай шыққан адамдар бір бел астынан өліп жатқан қасқырды тауып алады.

Жалаңтөс батыр

Құлық баласы Жалаңтөс батыр бір соғыста көзіне кірген найзаны сол қолымен ұстап тұрып, оң қолындағы найзаны жауына қарсы оқша атқанда тура өндірішekten қадаған екен. Көзіне кірген найзаны суырып алып, таңғызып

қайта соғысқа кірісіп кетіпті. Содан соқыр Жалаңтөс атанған. Мазары батыр атымен «Соқыр» аталған өзен бойында. Жалаңтөс бабаның бір әйелі Қаздауысты Қазбек би бабаның қызы Манқан.

Жақсы Жанғұтты би

Тоқсанның ұрпағы Ботантай биден Жанғұтты би туады (1810—1873).

Өз заманында Жақсы Жәкең атанған халқына қадірлі би-шешен адам.

Ботантай би ат жалын тартып мінуге жарап қалған баласы Жанғұттыны бір ат беріп, Шабанбай биден бата ал деп жібереді. Жанында өзі қатарлас бір топ жас жігіттер бар, Жанғұтты Шабекен ауылына келіп, бие сауғызып жүрген ақсақалдан бидің үйін сұрайды. Бұлар келіп жайғасқан кезде, жаңағы ақсақал да сырттан кіреді. Сөйтсе, бұл Шабанбай бидің өзі екен. Құлша істеп, бише іш деген осы да. Бұлардың келген шаруасын естіген би, «бата берем деп ат алмаймын, жай қолыңды, балам» депті. Сондағы Шабанбай бидің Жақсы Жанғұттыға берген батасы:

Аллаға жағам десең азанды бол,

Халқыңа жағам десең қазанды бол.

Судай таза, жердей көтерімді бол.

Ауылына келген соң, батасын естіген Ботантай би қатты риза болып, «Алла қабыл қылсын. Әумин» депті. Ертесіне атты өзі апарып беріп, ризашылығын білдірген екен. Шабанбай бидің (1753-1836) бұл батасы қабыл болып, Жаксы Жәкең аталды. Жалпы бес Мейрамда Жанғұттының алдына шыққан адам болған жоқ деседі. Жанғұтты би Меккеге қажылыққа екі рет барып, мәңгілік орынын содан тапты.

Тобықты Құнанбай Жанғұтты қажылыққа жол жүрейін деп жатса, «биылша тоқтасын, келер жылы бірге барармыз» деп. Оған Жәкең «Құнанбай келер жылға дейін өлмейтініме кепіл болса қалайын» деп бөгелмей жүріп кетеді. Сол жолы Меккеге жетіп, қайтыс болған. Келер жылы Меккеге барған Құнанбай Жанғұттының қабірін құшақтап, «сен менен ақылды екенсің, екі дүниенің абыройын бірдей алдың» деп жылаған екен. Жанғұтты би өзінің басына қойылған құлпытасқа «бұл дүниеге келіп, Байтоланьң жүзін көрмеген адам, бұл дүниеге келмедім десе болғандай» деп жаздырған екен.

Құнанбай мырза әкесі Өскенбай

биге ас бермекші болыпты. Мұны естіген үш Қаракесек – Алшынбай би, Жанғұтты би және Шор Кенже би «бұл шолақ байтал Тобықты неден бүлінді. Бүгінге дейін үш жүздің басын қосып ас берген ешкім жоқ еді. Бұның асын бүлдірейік» деп келіседі. Бұны алдын ала естіген Құнанбай мырза үшеуінің алдынан шығып, түстік жерден тосып алады.

Амандықтан соң «ағаларыңыздың асы қабыл болсын. Біз күтушіміз, үш жүзге арнап үш жүз үй тігілді, өздеріңіз атқарып, басшылық етіңіздер» депті. Бұларға да керегі сол, асты бұзбақ түгіл жақсы өтуіне атсалысыпты. Бұл ас 1851 жылы Қаракесек жері Қамбардың Көкшетауында өткен. Қазіргі «Татан» Еңбек кеңшарының жерінде.

Сонымен Қара-Шор елінің көсемі, әулие бабам Сеңкібай бидің туғанына 300 жыл толуы арқасында Қара мен Шор елінің есінде қалған талай бабаларды аруағы риза болсын деп әңгіме еттік.

Бабамнан кейінгі замандарда Қарашордың сөзін ұстаған ұрпақтары Шекшек Байдалы би, Шор Кенже би, тағы басқалары болып, елдің намысын жықпай,

туын көкке көтеріп келді. Ылайым әрқашанда солай болып, бабаларымыздың бізге аманатқа қалдырған елі мен жерін жатқа таптатпай, сөзі мен тілін ұмытпай, салт-дәстүрін аяққа баспай қадірлей білейік.

Жаратқан жалғыз Ием ғұмыр берсе келешекте исі Қарашор елінің шежіре дастанын да жазармын.

Болмай жатса маған бабаларым қалай аманат салса, келер ұрпаққа да солай аманат болып қалар. Бабаларымыздың аманатына ұрпақтары қиянат жасамас. Сөз соңында артық кеткен, жетпей жатқан, жаңсақ басқан жерлерім болса өлі аруақ, тірі бауырдан басымды не кешірім сұраймын. Ар болыңдар, бар болыңдар, ағайын.

Жұмажан НҰРТАЙҰЛЫ

ҚАРАШОРДЫҢ КӨСЕМІ

Редакторы Әйтгерім БӘЗІЛЖАНҚЫЗЫ
Корректоры Динара ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ
Көрнекідеуші редакторы Баян ДІЛДӘНҚЫЗЫ
Техникалық редакторы Нұркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ

ИБ №435

Теруге 12.04.09 берілді. Басуға 15.05.09 қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₁₆. Қағазы офсеттік.
Өріп түрі «Times Kaz». Офсеттік басылған. Есептік баспа
табағы 7,56. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №241.

«ҚазАқпарат» баспа корпорациясы, 050002,
Алматы қ., Жангелдин-Түрген көшесі, 30/26.
Тел./факс: 8 (727) 230-44-40, 230-42-47
E-mail: Kaz_akparat@mail.ru

«ҚазАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы

**Жұмажан
НҰРТАЙҰЛЫ**
1960 жылы
Қарағанды
облысының
Қарқаралы
ауданының Қасым
Аманжолов атындағы
ауылдың Сарыобалы
бөлімшесінде дүниеге
келген.

**Шежіреші,
өлкетанушы.**

«Қарашормыз» атты шежіре кітабын
шығарған /1999/. Мерзімдік басылымдарда
танымдық материалдары үзбей басылып
келеді.

Бабасы Сеңкібай Оразгүлұлының мазарын
салуды ұйымдастырушылардың бірі /2006/.
Бүгінде аталмыш кесененің шырақшы-
қорықшысы.

